

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

**Казахский язык и литература
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

5/2013 МАМЫР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Сиез сабақтастығында: «мазасыз» мұғалімдер

Нағима ІЛИЯСОВА.	Қазақ тілін оқытуда сөйлесім әрекеті түрлерін қолданудың тиімділігі.....	3
Жанар ӘЗІРБАЕВА, Жанар АҚБИДАЕВА.	Қазақ тілі пәнін оқытуда педагогикалық шеберлік технологиясын қолдану.....	12
Айтжамал ОСПАНОВА.	Модульдік технология арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту.....	16
Қарлығаш БЕЙСЕНОВА.	Оқушылардың сөйлеу, ойлау қабілеттері мен сауаттылығын жаңа технологияларды қолдану арқылы арттыру.....	22
Гүлзада ӘЛМҰРЗИНА.	Өздік жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	29

Шеберлік шеберханасы

Роза БАЛҒАБАЕВА, Ботакөз ОМАРОВА.	Оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тапсырмаларды дайындау жүйесі.....	35
Юлат ЖҰМАДІЛОВ.	Қазақ тілінен тест жұмыстарын орындауда грамматиканы меңгерудің жолдары.....	46

Мұғалім мінбесі

Базаргүл КӨЛБАЕВА.	Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.....	50
--------------------	---	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Майпуза НҰҒМАНОВА.	Көркем сөздің зергері – Ғабит.....	53
Шынар ҚҰНДЫЗБАЕВА.	М.Әуезов әңгімелерінің эстетикалық қуаты.....	61

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Запура ИЗЕНОВА.	Ы.Алтынсарин: ағартушылық қызметі мен көрнекі құрал.....	67
Перизат САПАРБАЕВА.	Қазақ тілінде: тамақтану мәдениеті.....	72
Сәбира МАЙҚАНОВА.	Шылаулы Астанам.....	77
Гүлмира ХАЛИВАЛИПОВА.	Тіл мен төрт түліктің байланысы.....	81
Сәуле СҮЛЕЙМЕНОВА.	Кластер – табиғат аясында.....	86
Жанна БАҚАТАЕВА.	Фонетиканы қайталанған ойын түрлері.....	88
Ләззат ЕРСАРИНА.	Волейболдың грамматикалық жаттығулары.....	93
Роза БЕКЕШОВА.	Грамматика қонағы – Қаныш Сәтбаев.....	97
Жаңылған САЛЫҚОВА.	Ата өнеріне қатысты кезектес салалас.....	104
Мәншүк КЕМБАЕВА.	Құрмалас сөйлем түрлерінің табиғатқа жақындығы.....	109

Білім сынағында

Айша ҚҰДАРБЕКОВА,	Септік атаның кеспе	
Зураш ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ.	қағаздары.....	112
Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА.	ҰБТ-ға дайындық.....	119

Сайыс сабақ

Гүлнәр СМАҒҰЛОВА.	Күш – білімде.....	123
Орынкүл САҒЫНБАЙҚЫЗЫ.	Сөз мергені.....	128

Бір тақырыпқа – екі мақала

Бақтыгүл ҚАЛЫМОВА.	Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні.....	131
Жадыра МАКСИМҚЫЗЫ.	Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні.....	135

Білім негізі – бастауышта

Нұржамал МЕНДІБАЕВА.	Ән-күй сабағы.....	139
----------------------	--------------------	-----

Сыныптан тыс тәлім

Гүлсима КҮРЛЕУІТОВА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....	141
----------------------	---------------------------	-----

Нағима ІЛИЯСОВА,

Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық

университетінің доценті,

филология ғылымдарының

докторы.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Диалектиканың бірінші заңында дүниедегі заттар мен құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысты болса, екінші заңы бойынша, заттар мен құбылыстар саннан сапаға көшіп отырады. Осы заңдылықты педагогика жүйесіне енгізгенде, біріншіден, дәстүрлі әдістер мен жаңа бағыттағы әдістердің бір-бірімен тығыз байланысты екені анықталады; екіншіден, дәстүрлі жүйедегі әдістер ескіріп, ескі сабақ құрылымдары білім беру ісінің заман талабына сай жаңа сапаға көтерілуін талап етеді. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты дәрісінде: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» деген еді [1].

Жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасы білім беру ісіне деген жаңа көзқарастар мен пікірлерден туындап, оқу үрдісіне инновациялық технологияларды енгізуді талап

етті. Инновациялық технологияның негізгі идеясы өздігінен білім құрастыру мен тұлғалық даму үдерісін қалыптастыру болып табылады. Бұл ой оқыту үдерісінде бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Бірлескен іс-әрекеттен оған қатысушылардың тұлғалық қасиеттері, психикалық даму деңгейі, мінез-құлық нормалары, білім қоры сияқты жеке-дара ерекшеліктері анықталады. Оқу үдерісінде бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру американдық педагог Б.С.Блум атап көрсеткен психомоторлы мақсатқа негізделеді. Яғни, әрекет түрлерін қалыптастыруды талап етеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде бірлескен әрекет түрлерін қалыптастыратын әдістің түрін қатысымдық әдіс деп атайды. Бұл әдіс профессор Ф.Ш.Оразбаева атап көрсеткен сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. Сөйлесім әрекетінің түрлері **оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім** болса, қазақ тілін оқытуда оларды қолданудың маңызы зор. Біріншіден, сөйлесім әрекеті теориялық білімнің мазмұнын, ұсынылған тапсырмалардың сипатын іріктеуге арқау болады; екіншіден, субъектілік субъектілік қарым-қатынастағы жұптық, топтық жұмыстың орынын айқындап, интербелсенді тәсілдерді кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, біріншіден, сөйлесім әрекеті «Қазақ тілі» пәні бойынша берілетін теориялық білім мазмұнын іріктеуді талап етеді. Мәселен, **айтылым** әрекеті сөйлемнің ырғақтық ерекшеліктерін көрсететін синтаксистік (логикалық) екпін, ырғақтық кідіріс, тыныс топ, сөйлемнің айтылу сазына байланысты түрлері, т.б. сияқты теориялық білімді игертуде тиімді әрекет болып табылады. «Айтылым – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізу» дейді ғалым Ф.Ш.Оразбаева. [2] Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, таза лингвистикалық талдаулар жасауға болады.

Мәселен, «синтаксистік екпін» деген лингвистикалық ұғымды түсіндірудегі айтылым әрекетінің мәні мынада: *синтаксистік (логикалық) екпін* – сөйлем ішінде ойдың жарыққа шығуына арқау болатын, баяндаудың негізгі тірегі болатын сөзге ырғақтық тұрғыда басымдық беріліп, ерекше бөліп айтуды талап ететін лингвистикалық категория. *Қуанышты Айбарша райкомдағы қызметін бітіріп болып, || Рахметті || Байжанның үйіне шақырды* (С.Мұқанов). *Абай Мағаш жүзіне қадала қарап, || ұзақ || тыңдап отырды* (М.Әуезов). Бірінші сөйлемдегі *Рахметті* деген сөзге ырғақтық жақтан басымдық беріп, ерекше бөліп айтсақ, сөйлеушінің осы сөйлемдерді айтудағы мақсаты *Рахметпен* байланысты екені анықталады. *Рахметті* сөзі сөйлемнің жарыққа шығуына арқау болып тұрған негізгі доминант болып шығады. Екінші сөйлемнің негізгі доминанты – *ұзақ* сөзі. Бұл мәселені тек айтылым әрекетін қолдану арқылы ғана түсіндіре аламыз. Сонымен қатар, *интонациялық кідіріс, тыныс топ* мәселесі де айтылым әрекетін талап етеді. *Абай ағамды әкесінен бетер кәдірлеуші еді* (Әуезов) деген сөйлемдегі бірінші сөзді көтеріңкі дауыспен, тиянақты түрде өзге сөздерден бөліп, кідіріспен айтсақ: мәселен, *\\Абай\\ ағамды әкесінен бетер кәдірлеуші еді*. Мұнда «Абай» сол сөйлемдегі айтылатын ойдың иесі ретінде танылады. Грамматикалық тұрғыдан алғанда бастауыш болады. Егер *Абай* және *ағамды* сөздерінің арасындағы ырғақты ұласпалы түрде айтып, тыныс топ ретінде қолдансақ: мысалы, *\\Абай ағамды\\ әкесінен бетер кәдірлеуші еді*. Мұнда сөйлемдегі айтылатын ойдың иесі басқа адам (ол) болады да, *Абай* сөзі ағаның сындық көрсеткішіне айналады. Грамматикалық тұрғыдан алғанда анықтауыш болып кетеді.

Сөйлемдер айтылу сазына байланысты хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып жіктелетіні баршамызға аян. Мұнда баса мән беретін ұғым – сөйлемдердің айтылу сазы. Сөйлемдердің айтылу сазы неге әр түрлі? Бұл, әрине, сөйлеушінің мақсатына байланысты. Егер сөйлеуші хабарлау мақсатын көздесе, сөйлемнің мағыналық өзегі мен айтылу сазы бірқалыпты ырғаққа тәуелді болады. Мысалы, *Жақып пен Досбол сыйлық алды* деген сөйлемнің құрамындағы сөздер тұтас бірқалыпты ырғақпен айтылып тұр. Егер сөйлеуші сұрау мақсатын көздесе, ойды тиянақтап тұратын баяндауыш (предикат) мүшенің айтылу сазы көтеріңкі болады. Мысалы, *Сіздің атыңызды ұмытып қалыппын?* деген сөйлемнің құрамындағы *ұмытып қалыппын* баяндауышы көтеріңкі ырғақпен айтылады. Егер сөйлеуші бұйыру мақсатын көздесе, сөйлем құрамындағы сөздер жоғары ырғаққа тәуелді болады. Мысалы, *Тарт қолыңды! Мына жерді тазала!* Егер сөйлеуші өзінің көңіл-күйін білдіру мақсатын көздесе, сөйлем құрамындағы сөздер сөйлеушінің көңіл-күйіне байланысты әр түрлі ырғақтық реңкке ие болады. Мысалы, *Табиғат қандай гажан! Бүгін ауа райы тамаша! Сүйінші, біз жеңдік!*, т.б. сияқты сөйлемдердің ырғағын сөйлеуші өз көңіл-күйіне байланысты әр түрлі қолдануы мүмкін. Осыған орай, сөйлемнің эмоционалдық мәні анықталады. Аталған теориялық мәселелерді білім беру ісіне енгізгенде айтылым әрекетіне тән үдерістер өздігінен сұранысқа ие болады.

Ғалым: «Тыңдалым үдерісін тілдік қарым-қатынастағы сөзді қарапайым есту құбылысымен алмастырмау керек. Есту – дыбысты акустикалық жағынан қабылдау, ал тыңдалым тек есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату» деп тұжырымдайды [2,62]. Осыған орай, тыңдалым әрекетінің теориялық біліммен сабақтастығын тыныс белгісі ережелерімен

байланыста қарастыруға болады. Тыныс белгісін қоюда грамматикалық, мағыналық, ырғақтық ұстанымдар басшылыққа алынатыны белгілі. Грамматикалық ұстаным – тыныс белгілерін грамматикалық ережелер негізінде қою; мағыналық ұстаным – сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың мағынасына негіздей қою; ырғақтық ұстаным – сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың сазына, нақышына келтіріп айтылуына және естілуіне қарай қою. Тыныс белгісін қою үшін осы ұстанымдарға сай теориялық білімді айырықша ынта мен есте сақтауға мәжбүр боламыз. Себебі сөйлем айтылған немесе оқылған сәттен бастап, қай жерге қандай тыныс белгісін қою керек екенін тыңдалым әрекеті нәтижесінде бағдарлап отырамыз. Ондай болмаған жағдайда тыныс белгісін қоюда қателіктерге бой алдырамыз. Мәселен, тыныс белгісін мағыналық ұстаным пен грамматикалық ұстанымға сүйеніп қоюда біршама қиындық тудыратын маңызды мәселелер бар. Мысалы, **Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы** немесе **Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы** (Абай). Сөйлем ішінде келетін тыныс белгісі (сызықша) бірінші сөйлемде грамматикалық ұстанымға сай қойылса, екіншісінде мағыналық ұстанымға сай қойылған. Осы тыныс белгіні дұрыс қою үшін тыңдалым әрекетіне сүйенеміз. Сөйлемді оқығанда **өлең** сөзінен кейін кідіріс жасалса, грамматикалық ұстанымға сүйенеміз. Ал, **өлең сөздің патшасы** деген тыныс топтан соң кідіріс жасалса, мағыналық ұстанымға сүйенеміз. Теориялық тұрғыда оның қайсысы дұрыс екені қазақ тіл білімінде толық шешімін таппаған. Біздің ойымызша, сызықша мағыналық ұстанымға сай қойылғаны дұрыс. Себебі **өлең** сөзінен кейін сызықша қойылса, өлең атаулының барлығы сөздің патшасы, сөздің

сарасы деген мағына, түсінік қалыптасады. Ал **өлең сөздің патшасы** дегеннен соң сызықша қойылса кез келген өлең емес, *өлең сөздің патшасы* ғана *сөздің сарасы* болып шығар еді. Біздіңше, Абайдың ойы осылай тәрізді. Тілімізде мұндай заңдылықтар көптеп кездеседі. Сондықтан тыңдалым әрекеті тыныс белгісін қою ережесіне сай теориялық білімді игеруге мол мүмкіндік береді.

«Оқылым – жазу (графика) таңбалары арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» [2,53] деген тұжырым сөздердің мағыналық топтары, лексикалық мағынаның түрлері, лексикалық мағынаның прагматикалық мүмкіндігі (қолдану аясы) туралы білім мазмұнын игеруге мүмкіндік береді. Аталған теориялық білім көзі тек мәтінге, сөйлемге (контексте) тәуелді. Сөздердің қандай мағынада жұмсалып тұрғанын, қолданылу аясына қарай қандай мүмкіндіктерге ие екенін тек мәтінді оқу арқылы ғана анықтай аламыз. Мысалы, *Күн жоқта кісімінер жұлдыз бен Ай, Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай. Таң атқан соң шығарын Күннің біліп, Өңі қашып бола алмас бұрынғыдай* дегенде **Ай** сөзі аспан денесі ретінде зат деректік (денотат) ақпарат білдіріп, **нақты мағынада** жұмсалса, *Болмады көріп қалуға, Есімің біраз сөзіңді. Шыдар ем бір ай жатуға, Ұзақ түн жұмбай көзімді* дегенде **ай** сөзі 30 күндік уақыт өлшемі ретінде ой деректік (сигнификат) ақпарат беріп, мезгіл мәнін анықтап, **абстракт мағынада** жұмсалған. *Біреу жарлы, біреу бай, білмейсіз бе, Айдай болған ақ жүзім, көрмейсіз бе?* (Батырлар жыры) дегенде *ай* сөзі реңдеректік (коннотат) ақпарат беріп, сұлулықтың символы ретінде **келтірінді мағынада** жұмсалса, *Айың тусын оңыңнан* (Қыз Жібек жыры) дегенде **ай** сөзі **ауыспалы мағынада** қолданылған. Сөздің қай

мағынада жұмсалып тұрғанын тек мәнмәтін аясында ғана анықтай аламыз.

Жазылым – тілдік бірліктердің графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет болса, бұл орфографиялық ережелерге сай теориялық білімді игеруге мүмкіндік тудырады. Әсіресе, морфонологиялық, үндестік заңдарына сай дұрыс жазуға икемдейді. Мәселен, *дауыс, ауыз, орын, мойын* деген сөздерге тәуелдік жалғау жалғанғанда түбірдің құрамындағы *ы* дыбысы ықшамдалып *даусы, аузы, орны, мойны* болып жазылады. Себебі түбірдің құрамындағы *ы* дыбысы созылыңқы айтылады. Оның алдында тұрған *у, р, й* дыбыстарында салдырдан гөрі үн басым болғандықтан, олар да созылыңқы айтуға икемді. Сондықтан сөзге тағы созылыңқы айтылатын *ы* дыбысы қосылғанда түбірдің құрамындағы *ы* дыбысының фонемалық күші жойылады да, функционалдық қызметінен айырылып, ықшамдалу үдерісіне түседі. Физиологиялық тұрғыдан алғанда да, сөйлеу аппаратына күш түсірмейді. Ендеше, жазылым әрекеті дұрыс жазу ережелерін игертуде тиімді тәсіл болып табылады.

Айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым қазақ тілінен берілетін теориялық білім мазмұнында сұранысқа ие. Пән мұғалімі теориялық білімді сөйлесім әрекеттеріне сай іріктей білсе, білім беру ісі жаңа сапаға көтерілері сөзсіз. Ол үшін сөйлесім әрекетін интербелсенді тәсілдерді қолданудың жолы ретінде де саралағанмыз жөн. Оған тілдесім әрекеті арқау болмақ. Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да,

қазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы болса, оқу үдерісінде бұл білім мазмұнын «ұстаз – шәкірт», шәкірт – шәкірт», «шәкірт – өзімен-өзі» қалыбындағы (форматындағы) бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруға арқау болып, баланың интеллектілік және тұлғалық дамуына септігін тигізеді. Оқушының білімді өз білігі мен дағдысы арқылы игеруіне мүмкіндік береді. Оған қол жеткізу үшін *айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым, тілдесім* әрекетінің оқу әдісі ретінде алатын орынын анықтап алғанымыз жөн. **Оқу әдісі** – білім игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Білім игеру үдерісінде ұстаз оқыту жұмысымен, ал шәкірт үйрену әрекетімен айналысады. Ұстаз бен шәкірттің мақсаты бір мәселеге арналады. Сондықтан олардың әрекеті өзара байланысты болып, алдына қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір әдісті қолданады. **Әдіс** – педагогикалық нормаға негізделген оқу ережелерінің жиынтығы. Педагогикалық норма оқушының білім алуына жағдай туғызу, бағыт беру, жол көрсетуден көрініс тауып, оқушының сол бағытта іс-әрекеттер жасап білім алуына жөн сілтейтін педагогикалық көрсеткіштерден тұрады. Ал **оқу ережелері** – оқу үдерісі барысында қандай және қалай әрекет жасау қажеттігін көрсететін нақты ұсыныстар. Сонымен, оқу әдісі білім беру жүйесінің нормативті моделі болып табылады. Бұл модель педагогикалық міндетті шешудің дербес жолы. Оны былайша сипаттауға болады: *әдіс → педагогикалық норма → оқу ережелері → қолданылатын тәсілдер → нәтиже*. Нәтижеге қол жеткізу үшін сөйлесім әрекеті түрлерінің әрқайсысына тән дидактикалық тәсілі болуы керек. Мәселен, айтылым әрекетіне тән дидактикалық тәсілдердің бірі – *белгіліден белгісізге қарай әңгімелесу* тәсілі. Бұл тәсіл бойынша нақты затты немесе құбылысты көрсетіп, соған қатысты сұрақ қойып, әңгімелесу арқылы білім беріледі. Мысалы, сабақтың

тақырыбы – «Көмекші есімдер». Айтылым әрекетін қолдану үшін мұғалім, *кітапты* (қаламсап, орындық сияқты заттарды) көрсетіп, былайша әңгімелеседі. Мұғалім «Мынау зат. Бұл заттың аты не?» деп сұраса, оқушылар, әрине, «кітап» деп жауап береді. Мұғалім *кітап* деген сөз *не* деген сұраққа жауап беріп, толық мағынаға ие болып тұрғанын айтады. Кітаптың *бетін, қырын, ішін* көрсетіп сұрақ қойса, оған да оқушылар кітаптың беті, кітаптың қыры, кітаптың іші деп толық жауап береді. Сонда мұғалім «мұндағы беті, қыры, іші» деген сөздер заттардың қосымша бөлшектерін білдіретін сөздер екенін, олардың көмекші сөздер деп аталатынын айтады. Көмекші сөздер заттар мен құбылыстың атауы болып тұрған толық мағыналы сөздермен байланысты жұмсалатынын, сондықтан оларды бірінен-бірін бөліп қарауға болмайтынын, алдыңғы сөз негізгі сөз, екіншісі көмекші сөз болатынын, көмекші сөздер алдыңғы зат есімдермен тіркесіп, үнемі ілік септік жалғауы арқылы байланысатынын, көмекші сөздер үнемі тәуелдік жалғауының III жақ формасында тұратынын нақты мысалдар арқылы әңгімелеп берсе, оқушылар оны саналы түрде түсінеді. Себебі мұнда оқушыларды ойландыру, іздендіру мақсатында сұрақтар қойылады. Бұл оқушылардың сабаққа белсенді түрде қатысуына септігін тигізеді. Сол сияқты сөйлесім әрекетінің басқа түрлері де дидактикалық тәсілдерге негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. «Егемен Қазақстан», 2006, 27 мамыр.
2. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. А., «Print-S», 2005, 147-б.

Жанар ӘЗІРБАЕВА,
Жанар АҚБИДАЕВА,
Өскемен қаласындағы
№34 дарынды балалар үшін
мамандандырылған мектеп-лицейдің
қазақ тілі пәнінің мұғалімдері.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Қазақ тілі пәнін оқытуды терең білім, құзыреттілік, толеранттылық, сын тұрғысынан ойлау қабілеттеріне бейімделе отырып, жүзеге асырамыз. Бұл қабілеттерді жетілдіру – жұмысымыздың міндеті. Оған педагогикалық шеберлік технологиясын қолдана отырып кірісеміз.

Шеберхана – бұл оқытудың, дамытудың және тәрбиелеудің негізгі түрі болып табылады.

Шеберлік технологиясының көптеген анықтамалары бар. Бірақ біз В.М.Монаховтың анықтамасымен толық келісеміз: «Педагогикалық шеберхана – бұл мұғалім мен оқушылар үшін оқу үрдісін қамтамасыз ету, жобалаудың бірлескен педагогикалық әрекетінің үлгі түріндегі бөлігі».

Шеберлік технологиясы мынадай ұстанымдармен мінезделеді:

Мұғалімнің оқушыны өзімен бірдей қарым-қатынаста ұстауы;

Шеберлік технологиясы – қарапайым емес, білім құрылымындағы оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды сын тұрғысынан өз бетімен шешуі;

Басқа біреудің пікіріне деген сыйластық қарым-қатынас;

Командада жұмыс жасай алуы;

Кез келген тапсырмаға сын тұрғысынан қарау;

Көшбасшы рөліне ену.

Жеке түрде, ұжыммен атқарылған жұмыс, әріптестік түсіністік жағдайды тудырады және құзыреттілік мәдениеттің жоғары дәрежесін көрсетеді, сұхбаттасу әдісінің жоғарғы түрде ақиқатын көрсетеді.

Шеберлік технологиясы бойынша оқу сабақтарын жоспарлай отырып, оқу деңгейлерінің мүмкіндігін талдаймыз және жетістіктерін үнемі бақылауда ұстаймыз. Оқушылардың шеберханадан алған білім-білік дағдыларын мектепшілік және облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысуына, жоғарғы оқу орындарындағы «тіл» факультеттеріне түсіп кетуге көмегімізді тигіземіз. «Шеберхана» – шебер мен оқушының өмірлік оқиғасы, олар ұйымдастыру кезеңінде және уақыт кеңістігінде дайындалады, құрастырады, өз білімін шындайды. Білім – күш, бірақ ол – бір уақытта ашылмайтын кісен, ал күш – танымда. Сондай-ақ ол күш өте үлкен, өйткені таным – жеке басты дамытудың негізгі аспабы болып табылады. Бұл, міне – «Шеберхана мектебі». Сонымен, шеберлікті жүргізудің педагогикалық технологиясы дегеніміз ақпарат тарату емес, оқушылармен таным үрдісін жүргізу.

Шеберхана заңы – өз қабілетің, қызығушылығың және жеке бас тәжірибең. Сондықтан да, шеберхананы басқарудың «нақты әдістемесі» жоқ. Әр мұғалім өз шеберлігін өзі құрастыра біледі. Шеберлік технологиясының мені қызықтырғаны соншалық, осы мәселе бойынша әдебиеттерді қарастыра бастадық. Бізді қазақ тілі пәні бойынша зерттемелер қызықтырды.

Өзіміздің педагогикалық іс-әрекетімізге сай мынадай

педагогикалық шеберханаларды тандап алдық:

СИНКВЕЙН әдісін қолдану. Бұл бес жолдан тұратын ерекше өлең жолдары. Мектептегі тәжірибемізден түсінгеніміз – ең маңызды дағды: түйінді қабілет, күрделі еңбектер, сезімді бірнеше сөзбен өрнектеу. Ол терең ойлау рефлексиясын, өте терең ой қорын талап етеді.

Бұл әдіс – оқушылардың бір затты суреттей білу қабілетін, немесе олардың қысқаша ойын білдіре алуы. «Синквейн» сөзі француз тілінен аударғанда «бес» деген сөзді білдіреді. Басқаша айтқанда, бес жолдан тұратын өлең дегенді білдіреді.

Оқушыларды синквейнмен таныстыру өлең жолдарының қалай жазылуынан басталады.

1-жол - синквейн аты;

2-жол – екі сын есім;

3-жол – үш етістік;

4-жол – синквейн тақырыбына сөз (фраза);

5-жол – зат есім.

Сосын бірнеше мысал келтіреді. Мысалдар келтіргеннен кейін, сыныпты топқа бөліп, бірнеше синквейн ұсынамыз.

Синквейн жазу үшін әр оқушыға 5-7 минут уақыт беріледі. Көршілер келісе отырып, екі синквейннен бір синквейн шығарады.

Бұл әдістерді қолданған оқушылар екеуара жасалатын жұмыс тәсілін меңгереді, білім үрдісіндегі екеуара және топтық жұмыс формасының әрекетін кеңейте түседі.

Одан басқа ол сыныптастардың бірін-бірі тыңдап, өз достары құраған шығарманы өздерінікімен салыстыра алады.

ӨЛЕҢ ҚҰРАСТЫРУ (стихосложение). Грамматикалық құрылым мен лексикалық бірліктерді құрастыра отырып, күлкілі өлеңдер шығару. Бұл балалардың шығармашылық,

ойлау және тілге деген сезімталдығын оятады. Әдістемелік міндеттердің шешімі шығарылады. Бұл – фонетикалық дыбыс сияқты құбылыстың тұсаукесер рәсімі:

1. Алынған ақпарат негізінде өз еркімен қорытынды жасау;
2. Жаңа лексикалық материал кіргізу;
3. Оқушыларға өткен тақырыпқа және оны бекітуге арналған сөздердің ұйқасын түсіндірсе болғаны, өз беттерімен аяқтайды.

Суырып салма шешендігі (импровизированная речь). Бұл – 3-5 минут уақыт алатын аталған тақырыпқа арналған оқу.

КОЛЛАЖ – сурет пен мәтінді біріктіру. (5-8 сыныптар үшін). Жұмыс жеке және екеуара орындалады.

ЖАРНАМА ЖАСАУ – кез келген затты немесе орынды жарнамалау.

МИ ШАБУЫЛЫ – сын тұрғысынан ойлау негізінде ауызша жоба жасау.

Шеберлік технологиясы бойынша оқу сабақтарын жоспарлай отырып, оқу деңгейлерінің мүмкіндігін талдаймыз және жетістіктерін бақылап отырамыз. Оқушылардың шеберханадан алған білім-білік дағдыларын мектепішілік және облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысуына, жоғары оқу орындарындағы «тіл» факультеттеріне түсіп кетуге көмегін тигізу. «Шеберхана» – шебер мен оқушының өмірлік оқиғасы. Ұйымдастыру және уақыт кеңістігінде олар шеберленеді, құрастырады, өз білімін шыңдайды. Білім – күш, бірақ ол – бір уақытта ашылмайтын кісен, ал күш – тани білуде. Сондай-ақ ол күш өте үлкен, өйткені таным-жеке басты дамытудың негізгі аспабы болып табылады. Бұл – «Шеберхана мектебі». Сонымен шеберлікті жүргізудің педагогикалық технологиясы – білмеушілерге

білетіндердің апараты таратуы емес, оқушыларда таным үрдісін жүргізу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогические мастерские по литературе. СПб., 2000; Т.Я.Ерёмина. Мастерские по литературе. 10 класс. СПб., 2004; Т.Я.Ерёмина. Мастерские по литературе. 11 класс. СПб., 2004.

2. И.А.Мухина. Что такое педагогическая мастерская? // И.А.Мухина, Т.Я.Ерёмина. Мастерские по литературе: интеграция инновационного и традиционного опыта: Книга для учителя. СПб.: СПб ГУПМ, 2002. С. 4.

3. И.А.Мухина. Что такое педагогическая мастерская?



Айтжамал ОСПАНОВА,
Павлодар қаласының
№34 инновациялық үлгідегі
жалпы орта білім
беру мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Әрбір уақыт кезеңінде адамдардың ақыл-ойы мен көзқарасы өзгеріп отыратыны – заңды құбылыс.

Қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің дамуы педагог қызметінің мазмұндық сипатына да тікелей ықпал етеді.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың азық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл талап мұғалімдер қауымына да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті біздер де әркез үлкен ізденісте жүріп, әр сабаққа жан-жақты дайындалуымыз қажет.

Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» деп өткен ғасырда айтқан сөздері ойға оралады. Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді жөнімен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Оқу орыс тілдерінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің мақсаты – оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру және дамыту, яғни, тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген. Қазақ тілін оқытып, үйрету – көптеген ізденістерді, жаңа технологияны қолдануды керек етеді. «Педагогикалық технология – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы», - деген педагог, ғалым В.П.Беспалько.

Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және қабілет деңгейлерін дамытуда М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының» маңызы ерекше екені мәлім. Себебі аталмыш технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, сөйлеу қабілеттерін дамытады, өзін-өзі, өзгені де бағалай білуге үйретеді.

Модульдік технологиялардың ерекшелігі: тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін және танымдық үдерістерді, жадының алуан түрлерін: есту, көру, қимыл, ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру.

М.Жанпейісованың технологиясында модуль 3 құрамды бөліктен тұрады:

1. Кіріспе;
2. Сөйлесу;
3. Қорытынды.

Әр оқу модулінің сағаты әр түрлі болады. Осы оқу модулінің ерекшелігі жалпы сағат санына қарамастан кіріспе және қорытынды бөліміне 1 немесе 2 сабақ саны бөлінеді, қалған сағаты сөйлесу сағаты болады.

1. Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды жалпы модульдің мақсат-міндеттерімен таныстырады. Менде өзім сабақ беретін сыныптарда оқушыларды сызба, кеспе үлгілеріне сүйене отырып, лексикалық және грамматикалық тапсырмалармен таныстырып отырамын.

2. Сөйлесу бөлімінде әр оқушымен, оқу материалдарымен жұмыс істей отырып, оқушылардың өз қабілетін, ынтасын, есін (қабылдауын), ауызша, жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік беремін. Оқушылардың танымдық

үдерісін арттыру үшін оларды 5-6 адамнан шағын топтарға бөліп, әрбір оқушыға әр сабақта 3 күрделілеу деңгейдегі берілген оқу материалын тыңдау, жазу және айту мүмкіндігі болатындай етіп құралған оқытуды ойын түрінде және әр түрлі жеке, топтық, жұптық жұмыстардың белсенді түрлерін ұйымдастырамын.

Сөйлесу бөлімінің екінші сабағынан бастап оқушыларға стандарт талабына сай сараланған деңгейлік тапсырмаларды дайындап, оқушылар сол тапсырмалар бойынша жұмыс істейді.

Мысалы: 3-деңгей төменгі, 2-деңгей орташа, 1-деңгей білімі жоғары білімді оқушыларға арналады. Сөйлесу бөліміндегі білім дәрежесін бағалауда өзін-өзі бағалау, топтық бағалау, бірін-бірі бағалау әдістері пайдаланады. Дарынды балалар сабақта міндетті түрде, үнемі аса жоғары күрделірек деңгейде жұмыс істейді, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Көшбасшылық (лидерлік) қабілеттері бар оқушылар «кеңесшілер» немесе «топ жетекшісі» рөлдері арқылы өздерін танытады.

Жақсы оқитын оқушылардың көпшілігі 2-ші және 1-ші тапсырмаларын таңдап, оны жақсы орындайды. Білім деңгейі орташа сыныптарда 3,2, кейде ғана 1-деңгей тапсырмалары таңдалады. Білім деңгейі төмен оқушылар әдетте 3-деңгей (жеңілдетілген стандарт) тапсырмаларымен жұмыс істеуден бастайды. Сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында сөйлесуді қамтамасыз ету үшін тілдік орта болу жағдайларын жасап, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқыта-үйрету ойындарын өткіземін.

Модульдің 3-ші бөлімі – қорытынды бақылау бөлімі. Мен оқушылардың білім-білік дағдыларын тексеруге арналған бақылаудың бірнеше түрлерін ұйымдастырамын. Олар:

1. Тест.
2. Диктант, мазмұндама, шығарма.
3. Нәтиже сабақтары (сайыс, әр түрлі интеллектуалды ойындар).

Мен өз сабақтарымда М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясын» қолданып жүрмін. Сабақтарда жиі қолданып жүрген ойын түрлері: «Даналық ағашы», «Аукцион», «Қарлы кесек», «Мәтін құра», т.б.

«Даналық ағашы» ойынын әр сабақта қолданамын. Бұл ойын – оқыта-үйрету ойыны. Оқушылар мәтінді жылдам, бірақ мұқият оқып шығуы тиіс. Енді әрқайсысы мәтін бойынша қиын сұрақ құрап, қағазға жазады. Жүргізушінің қолында сандықша болады, соған оқушылар кезегімен өз сұрақтарын салады. Мәтінді тағы бір рет жылдам оқып шығу керек. Әр оқушы сандықшадан сұрақ жазылған қағаз алып, дауыстап неғұрлым толық жауап беруі тиіс. Басқалары сұрақ пен жауапты бағалайды.

Жүргізуші жеңімпазды анықтайды. Бұл ойынды ойнағанда оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгендері анықталады.

«Аукцион» оқыта-үйрету ойыны. Жүргізуші өтілген тақырыптар (оқиғалар, фактілер, олардың мерзімі) бойынша сынып оқушыларына арнап сұрақтар дайындайды. Ойынды жүргізу үшін гонг (немесе балғаша) қажет. Жүргізуші аукцион өткізеді: сұрақтар қояды, жауаптарға түсініктеме беріп, бағалайды,

жеңімпазды анықтайды. Дұрыс жауаптары үшін неғұрлым көп фишка жинаған оқушы жеңімпаз болады. Бұл ойын – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға арналған ойынның бірі.

«Мәтін бөліктері» ойынының шарты: сынып 4 топқа бөлінеді, I-кіріспе, II-негізгі ой, III-қорытынды, IV-толықтыру. Әңгімелеуді ретімен бастайды, «Толықтыру» тобы әрбір топтан кейін сөз ала алады. Ойыннан соң мәтінді тағы бір қарап шығып, салыстырамыз, қай топтың неғұрлым нақты айтқанын анықтаймыз.

Модульдік технологияда қызықты әрі оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытатын ойындар өте көп.

Қорыта келе, әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіретүссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданса, сабақтың мазмұны ашылады.

Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан. Қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Қазақтың болашағын тәрбиелеу мен білім беру ісінде әлемдік стандартқа сәйкес білім беруді темірқазық қылып ұстансақ – қателеспеспіз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // XXI ғасыр: оқытудың инновациялық технологиялары. А., 2002.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №7/2006.

Қарлығаш БЕЙСЕНОВА,
Тоқсан би ауылы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ, ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІ МЕН САУАТТЫЛЫҒЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы ойлы, өнерлі, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім жүйесі оқушылардың сөйлеу белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес, белсенді түрін және әдістерін енгізу бағытында құрылуы тиіс.

Білімді дамыту үшін білім берудің үйреншікті әдісінен гөрі оқыту барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын білім берудің жаңа белсенді әдістеріне көшу керек. Бұл тапсырманы тек жаңа технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Мұғалімнің қоғам өмірінде алатын орыны мен олардың атқарып отырған міндеттерінің айырықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең елжанды бөлігі болып табылады» деп атап көрсетті. Сондықтан әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану

арқылы оқушының білім сапасын арттыруы қажет. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқушылардың сөйлеу, ойлау және сауатты жазу қабілеттерін арттыратын жаңа технологиялардың тиімділігін ашатын негіздеріне тоқталғым келеді.

Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, еліміздің тарихын танытып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылыстарды тыныс-тіршілігімен байланыстыра отырып, жан-жақты терең таныстыру. Оқушыларды қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарын түсініп, оған жауап беруге, үйренген сөздерін дұрыс айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйрету қажет. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру мен дамыту, яғни, тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында да көрсетілген.

Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз дәлелдеді, осылардың кейбіреулері біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Осы тұрғыда, қазіргі кезде мемлекеттік тілді игеруде көптеген жаңа педагогикалық технологияларды қолданып, оңтайлы жетістіктерге жетуге болады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда мен күнделікті сабақтар мазмұнына,

тақырыбына қарай мына технологияларды тиімді деп санаймын: деңгейлеп саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта оқыту, ақпараттық технологиялар, сатылай кешенді талдау технологиясын пайдалану.

Әр мұғалім мектепте жұмыс атқару барысында білім беру мен тәрбиелеуде оңтайлы нәтиже беретін өз әдістемесін құрған жөн. Сол жағдайда ғана жыл сайын оқушыларының білім деңгейінің өсуін байқауға болады. Мемлекеттік тілді үйретудегі басты мақсат – тіл дамыту болғандықтан, сабақ барысында көздейтін мақсат – оқушылардың сөйлеу тілін, сауаттылығын таныту, тілді қызықтырып оқыту амалдары арқылы қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдыларын қалыптастырып, оқушылардың лексикалық қорын байытып, мемлекеттік тілде сөйлей, оқи, жаза білуге үйрету.

Бір ғана технологияны тілді меңгертудің әр сатысында пайдалану мүмкін емес. Алайда тіл дамыту жұмысы оқушының сөздік қорына тікелей байланысты.

Сөйлеу үшін оқушының жеткілікті белсенді қоры болуы керек әрі байланыстырып сөйлем құрау заңдылықтарын оқушыға ереже түрінде емес, әр сабақта тәжірибе түрінде меңгертіп, дағдыларын қалыптастыру қажет. Тілдесім әрекетіне жету үшін жеткілікті сөздік қор болуы да маңызды, сөздік қоры мол адам өз ойын екінші адамға жеткізуге қиналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байытуға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында оқушылардың міндетті түрде сөздік дәптері болуы тиіс. Сөздік дегеніміз – тілдің қажетті материалы. Қай тілді үйренбейік, алдымен оның сөздік қорын меңгерту қажет. Демек, сөз өзінен-өзі жиналмайды, оны жоспармен, белгілі бір жүйемен меңгерген жөн. Сондықтан қазақ тілін үйрену

барысында оқушылардың міндетті түрде меңгеруге тиісті сөздерінің тізімін жасау керек. Оқушының үйренген сөздерін берік қалыптастыру үшін мына мәселелер ескерілуге тиіс: сөзге дұрыс екпін түсіріп айту, сөздің мағынасын дұрыс түсіну, орфографиялық жағынан дұрыс жазып, сөйлем ішінде пайдалана білу.

Сабақта оқушылардың сөйлеу тілін арттыру барысында жұмыс жүргізудің бірі – мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығы. Мәтінмен жұмыс істер алдында міндетті түрде мәтіндегі кездесетін таныс емес сөздермен тиянақты жұмыс істеу керек. Жаңа сөздердің мағынасын оқушылар түсініп, меңгерулері тиіс. Мәтінмен жұмыс істеуді былай меңгеруге болады: толық мәнерлеп оқу, мәтінді бөлімдерге бөліп, оқушыларды өздеріне мәтіннің тиісті бөлімін оқып, бір-біріне мазмұнын айтып беруге дағдыландыру, бір-біріне сұрақ қойып, оған жауап беру. Бұл жұмыста оқушының сөйлемді дұрыс құрастырып айтуына, сұрақты дұрыс қойғанына, оған жауап беруіне назар аударылады. Осындай жүйелі жұмыс арқасында оқушылар сұрақты еркін қойып, жауап бере алады. Бұл тапсырмалар жаңа буын оқулықтарында жақсы қарастырылған.

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Ақпараттандыру ісі білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Сондықтан да, қазақ тілін оқытуда интерактивті тақтаның тиімділігі өте зор. Мысалы, әр сыныпқа арналған электрондық оқулықтар бар. ARTA Learning оқулығы бойынша қазақ тілінен тақырыптар

модульдермен беріледі, оқу және үйрену, жаңа сөздермен жұмыс жүргізіп, жаттығуларды орындау, тыңдалым, сөйлесу, өзін-өзі тексеру деңгейлері белгіленген. Оқушылар ізденеді, олардың әр орындаған жұмыстары бағаланады және бағыт-бағдар беріледі.

Жұмыстың тағы бір түрі – мақал-мәтелдерді талдау. Алдымен оқушыларға мақал мен мәтелдердің айырмашылығы түсіндіріледі, оларды оңай жаттау үшін сұрақ қойылады, мысалы: ***Отан неден де ыстық?*** ***Жауап: Отан оттан да ыстық.*** Оқушылар мақал-мәтелдерді меңгергеннен соң, олардың мәнін түсіндіруге, өз пікірлерін айтуға балаларды үйреткен дұрыс. Деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы тапсырмаларды түрлендіруге болады. Мақал-мәтелдер мазмұнына қарай ойларын сөйлем құрумен немесе әңгіме құрастырумен жалғастырады. Бұл жұмысты әр сабақта жүргізу керек.

Оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға шақыру қажет. Мектепте қазір шағын мәтінді кітаптар бар. Осыған орай оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әр тоқсанда келетін демалыс күндері ертегілер, аңыздар, белгілі жазушылардың әңгімелерін оқуға талап қою керек. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы, сатылай кешенді талдау арқылы әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды.

Оқушылардың тілді меңгеру мақсатында, қоршаған ортаны танып-білуіне байланысты белгілі тақырыптар

бойынша қысқаша мәлімет, бағыт-бағдар беруге болады, ал олар өз бетінше оны толықтырып, кейін сабақта айтып береді, бұл жұмыстың түрі монолог деп аталады. Тіл дамыту мен оқуға арналған тақырыптар белгіленген.

Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі – диалог. Оны құрастыру үшін бір тақырып бойынша оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын түсіндіре отырып, оларды жасайтын түрлерін меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып, сөйлесуді дұрыс құруға тырысады. Бұл оқушының тілін дамытады.

Тіл дамыту жұмыстарында сөздің мағынасын дұрыс түсіну үшін орфографиялық, синонимдік, антонимдік, этимологиялық, түсіндірмелі сөздіктерді пайдаланудың жолдарын үйрету де артық болмайды.

Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. “Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Сөйтіп, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап, түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сондықтан да осындай әр түрлі тіл дамыту жұмысын жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Сонымен «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру

арқылы жетеді» деп Әбу Насыр әл Фараби айтқандай, тіл дамыту жұмыстарының байланыстыра сөйлеуде ғана емес, болашақ ұрпақтың ізденімпаздық әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуда беретін әсері мол. Оқушыларды қызықтыра, ұғындыра оқыта-үйретуді ұйымдастыру әр ұстаздың шеберлігіне, шығармашылығына байланысты. Тілді жақсы білу – толеранттылық мәдениетті қалыптастыруға негіз болатын маңызды фактор. Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, оның әрекет ету аясы кеңейді. Қазақ тілінде білім беру кеңістігінің ұлғайып, сапалы білім берілуде жаңа технологияларды қолдану өте тиімді деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана «Елорда», 2008, 23-бет.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім беру академиясы. Қазақ тілі пәні бойынша оқытуы қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептің 1-11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы, 2010 жыл.

3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылымы, 2007, №8, 24-25-бет.

4. «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журнал, 2009, №1(43), 16-бет.

ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі таңда жоғары оқу орны орыс бөлімі студенттерінің қазақ тілінен оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі студенттің өздік жұмысының нәтижелілігіне байланысты. Бұл ретте оқытушы алдында көптеген әдістемелерден студенттің *өздік оқу әрекетін қалыптастыру, тіл үйренушінің оқудағы жауапкершілігін дамыту* мақсатын жүзеге асыруға лайықты әдістемені таңдау мәселесі туындайды. Сондықтан қазақ тілін *студенттің өздік жұмысы негізінде* меңгерту үшін Ахмет Байтұрсынұлының «Қай әдіс жақсы?» деген сұрағына тағы да жауап іздеуге мәжбүрміз.

Осы мәселені зерттеу барысында студенттің өздік оқу әрекетін қалыптастыру үшін әр түрлі әдіс-тәсілін біріктіре қолдану керек деген ойға келдік. Дегенмен, қолданатын тәсілдердің қатысымдық бағыт аясында болуына ерекше назар аударамыз.

Тілді *қатысым құралы* ретінде өз бетінше жалғыздан-жалғыз, тіпті, екеуара меңгеру қиындыққа әкеледі. Өкінішке қарай, біздің байқағанымыз тәжірибеде кейде студент *өз бетінше* белгілі бір мәтіндерді оқып, алдын ала жатталған монолог, диалогтарды тапсырып, ережелерді меңгеріп, грамматикалық тұрғыдағы тест тапсырмаларын орындаса, өздік жұмысын ұйымдастыру

мәселесі шешілді деп есептейді. Бұл бағыт өзге пәндерден өз бетінше атқаратын жұмысты ұйымдастыруда жарамды да шығар. Мысалы, Қазақстан тарихынан белгілі бір тақырыпқа байланысты материалды оқып, соңында өз білімін тест арқылы тексеріп, оқытушының бақылауынан өтсе, бакалавр сол тақырып көлеміндегі материалды меңгерді деуге болады. Себебі ол материалды ұғады, сол тақырыптан алған білімін әрі қарай да қолдана алады.

Ал өзге тілді студенттердің қазақ тілін меңгеруінің өзіндік ерекшелігі бар. Студент жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығын өз бетімен орындағанымен, қазақ тілін меңгеруде сапалы нәтижеге жете қояды деп айта алмаймыз. Оның себебі мынада: “Тіл – қатынас құралы екені белгілі. Біз зерттеу жұмысымызда қатынас ақпаратты жеткізу ғана емес, ол тұлғалардың бір-біріне әсер етуі, әрекет жасауы үрдісімен байланысты деген көзқарастарға сүйенеміз” [1; 2]. Қазақ тілін қатысымдық тұрғыда оқытуда, *тілдік қатынас*, бір жағынан, оқыту пәні ретінде танылса, екіншіден, ол – сол пәнге оқытумен өз бетінше үйренудің *оқу құралы*. Тілдесім үрдісі кем дегенде екі қатысушының қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Егер әр студент өзі тек оңаша, басқалардан бөлек өз бетімен жұмыс жүргізіп отырса, мысалы, компьютермен жұмыс немесе мәтін аудару, онда қандай тілдесім болмақ? Сондықтан қазақ тілін меңгертуде өзбетінше жұмысқа бағытталған оқыту барысында да тілдік қатысым басшылыққа алынады. Ол үшін студенттердің өзара қарым-қатынасына негізделген, болашақ қызметіндегі шынайы тілдік қарым-қатынас жағдаяттарды бейнелеуші жұмыс түрлерін қолданамыз. Осы арада қатысымдық тұрғыдағы әдістерді пайдалану

тиімді. Бұларға оқыту әдістемесінде қатысым, жеделдете оқыту, жоба, т.б. әдістерді жатқызады. Енді осы әдістерге тоқталамыз.

Соңғы жылдары мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінде қатысым әдісі басымдылық танытуда. Кез келген оқыту әдісінің мәні, оның ұстанымдары, негізгі белгілері арқылы барынша айқындалатыны белгілі. Ғалым Фаузия Оразбаева «Қатысымдық әдістің басты белгісінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Мұнда оқу сырттай немесе жеке-дара күйде іске аспайды, адамдардың іс-жүзіндегі өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады» дейді [1.127]. Осы әдістің негізгі ұстанымына ғалым *тіке байланыс ұстанымын* жатқызады. Ал осы ұстанымды оқыту жүйесінде жүзеге асырудың ең тиімді түрі – дәрісханада кесте бойынша өтетін сабақтар болып есептеледі. Бірақ кредиттік жүйемен оқытуда бұл сабақтарға бөлінген сағаттардың көлемі шектеулі. Бұл арада, бір жағынан, дәрісханадан тыс өз бетінше атқарар жұмыс сағатының көбеюі студентке қажетті арнайы жағдайда тілге үйрену мүмкіндігін жасаса, екінші жағынан, есту, тыңдау, бір-біріне әсер ету, өзара әрекетке түсу, тез арада кері байланыс орнату дағдыларына негізделген ауызша сөйлесуге шектеу қояды. «Қазақ тілінде кәсіби-қатысымдық құзырлықты меңгерту» мақсаттары ... тілдік құралдардың қолданысқа түсуі, әр түрлі жағдайлар (ситуациялар) үшін әр түрлі тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білуі» [3.87] екенін, қатынас тек сөйлеу циклдерінен емес, сонымен қатар эмоциялық реакциялардан, мимикалық және пантомимикалық қозғалыстардан тұратынын басты назарға алады. Тілдік

қатынастың «әлеуметтік, ...қауымдық, ...эмоционалдық» [1.80] қызметін жүзеге асыру мүмкіндігі азаяды. Осылайша, дәрісханалық сабақтардың оқыту мерзімінің азаюы *олардың тиімділігін арттыру* міндетін алғатартады. Бұл дегеніміз: осы сабақтарда студент көбірек ауызша сөйлеп, оның *тілдесім белсенділігі* артуы қажет.

Әдістемеде сөз етіліп отырған жедел (жеделдете) оқыту әдісінің ерекшеліктері төмендегідей анықталған: қысқартылған уақыт мөлшері; мөлшерлі уақытта сөйлеу үдерісіне қажетті оқытылатын материалдардың көлемінің молдығы; үйренушінің оқу үдерісі барысындағы белсенділігінің күшейтілуі; жеке тұлғаның бойындағы барлық психологиялық мүмкіндіктерін, оның ішінде жасырын қабілетінің шексіз жұмсалуды; тіл үйренушіге ықпал жасаушы әрекет құралдарының барлығының кешенді түрде қолданылуы; сабақтың ерекше ұйымдастырылған формада өтуі [1].

Біздің тәжірибемізде, тілді үйретудің мынадай тәсілдері басшылыққа алынады: сабақта студенттің болашақ қызметі аясында жиі кездесетін жағдаяттар ойын арқылы кірістіріледі де, тіл үйренушілер осы жағдайлар шеңберінде қазақ тілінде кәсіби тілдесімге үйренеді. Тапсырмалар қатысымдық міндет түрінде беріледі. Оны тіл үйренуші өз ойын айтып жеткізудің нұсқау-бағдарламасы ретінде пайдаланады. Оқытушының мұқият ойланып және сұрыптап алған ойын тапсырмалары кезекпен өтіп, үнемі ауысып отырады.

Дәстүрлі оқытуда, оқытушының өзін қоса алғанда, екі-үш адам белсенді тілдесімге түсе алады, өзге үйренушілер тек тыңдаушы ғана болады. Бұл сабақтарда оқытушы тіл үйренушілердің үштен бірін ғана сөйлесуге тарта алады.

Ал проблемалық (проблемалық емес те) жағдаяттық сипаттағы тапсырмаларды, мысалы, қатысымдық тапсырмаларды және тағы басқа ерекше тәсілдерді қолдануда оқытушы белсенді тілдесімге негізделген, өзіндік бейім жұмысқа бір мезетте топтағы студенттердің көбін, кейбір жағдайда бүкіл топты жұмылдыра алады. Осылайша дәрісханада өтетін сабақтардың тиімділігі артады. Студенттің дәрісханада алған тілдесім дағдылары келесі сатыда оқытушының қатысуынсыз өз бетінше атқарар жұмысына көмек болады, әрі қарай дамиды.

Қатысым, жеделдете оқыту әдісінің кәсіби бағытымен жоба әдістемесі тығыз байланысты. Жоба әдісінің басты мақсаты – тәжірибеде орындауға бағытталған белгілі бір міндеттерді не әр сала бойынша білімдерін толықтыруды талап ететін маңызды мәселелерді орындау барысында өз бетімен білім алуға жағдай жасау. Мысалға, жоба әдісін қолдану арқылы қазақ тілінде кәсіби қарым-қатынасты меңгеру барысында бакалаврлардың өздік жұмысы арнайы бір мәселе бойынша қазақ тілінде материалдар жинауды және сараптауды қамтиды. Мысалы, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» мамандығының студенттеріне болашақ қызметі сапа жүйесін енгізумен байланысты болғандықтан, оларға «Қазақстан өнеркәсібіндегі сапа саясаты» атты тақырыпты ұсынамыз. Бұл тақырып “Қазақстанда өндірістің сапасын енгізу жүйесінің мәселесі”, “Қазіргі кезеңде сертификаттау мен стандарттаудың рөлі” және т.с.с. кіші жобаларды қамтиды.

Жоба тапсырмаларын орындауда көбінде студенттер жұппен, үштен немесе шағын топпен жұмыс істейді. Табысқа жету ұжымдағы әрбір мүшенің тілдік қатынасқа құралған жоба тапсырмаларын дұрыс орындауына және

ұжымның жаппай ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне байланысты. Жобада оқытушы сарапшы, үйлестіруші немесе қосымша мәліметтерді беруші рөлінде болады. Тіл үйренушілер жұмыстарын жоспарлау, оның нәтижесін болжау, бірігіп жұмыс істеу сияқты өз бетінше жұмыс істеу тәсілдерін де меңгере алады. Егер жеделдете оқыту әдісі дәрісханада өтетін сабақтардың тиімділігін арттыруға лайық болса, жоба әдісі арқылы студенттің дәрісханадан тыс оқытушының қатысуынсыз өз бетінше жұмысын іске асыруға болады.

Қатысымдық тұрғыдағы әдістерді қолдану арқылы бакалаврлардың қазақ тілінен өздік жұмысын белсендіру, олардың өздік оқу әрекетін қалыптастыру мақсаттары іске асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А., 2000. 208-б.
2. А.А.Леонтьев. Психология общения. М., 1999.
3. Қ.Қадашева. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғыл.докт. ...дисс. А., 2002. 240-б.

Резюме

В статье рассматриваются эффективные методы обучения для организации самостоятельной работы бакалавров по казахскому языку.

Resume

There in the article are considered the methodologies of teaching which are effective for the organization of independent work of bachelors in the sphere of the Kazakh language.

Роза БАЛҒАБАЕВА,
Ботакөз ОМАРОВА,
Павлодар облысының
Екібастұз қаласындағы
№10 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІ

Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай ертеңгі болашақ иесі – жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Әрине, біз жаңа технологиялық тасқынның куәгері болып отырмыз. Қазір ғылым мен техниканың, өркениеттің даму заманы, компьютерлендіру заманы. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, ғылыми жаңалықтар – осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізеді.

Ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін қолдану оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге тікелей әсер етеді. Ал білім

сапасын жоғарылату, құзыретті оқушы тәрбиелеу – барлық мұғалімдерді толғандыратын маңызды мәселе.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты – білім мазмұнын игеруі және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерін қолдану болып саналады.

Мақсаты: қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологиялар қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау.

Міндеті:

- Жаңа технологиялар туралы әдебиеттерді зерделеу.
- Теориялық материал жинақтау, меңгеру.
- Тілді оқытуда тиімді технологияны таңдау.
- Коммуникативтік құзыреттілігі дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

- Жаңа технологиялар туралы әдебиеттерді зерделеу.

- Тілді оқытуда тиімді технологияны таңдау.

Құзырет. Құзыреттілік.

«Құзырет» – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы іс-әрекеттеріне қажетті білім дайындығына әлеуметтік сұраныс.

«Құзыреттілік» – сәйкес құзыретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетінде байқалатын тұлғалық қасиет немесе тұлғаның өзара байланысқан қасиеттерінің жиынтығы.

Құзыреттіліктер:

- Жалпы мәдени;
- Оқу-танымдық;
- Ақпараттық- технологиялық;
- Құндылық-бағдарлық;
- Әлеуметтік- еңбек;
- Коммуникативтік;

- Өзін-өзі тұлғалық дамыту.

Құзыреттіліктерді жетілдіру барысындағы жұмыстар:

- «Білім берудегі негізгі құзыреттіліктер – оқу сапасын көтерудегі негізгі фактор» тақырыбында үнемі жүргізілетін психологиялық-педагогикалық семинар;
- Тақырыптық- күнтізбелік жоспар;
- Сабақ жоспарлары;
- Тапсырмалар (тест, практикалық, зертханалық зерттеу жобалары, т.б.);
- Оқушы портфолиосы (оқушы білімінің маршруты, тест жауаптары, практикалық зерттеу жұмыстары, дайындық барысындағы материалдары, бақылау күнделігі);
- Оқушылардың пән бойында негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу диагностикасы;
- Жұмыс дәптері (бақылау күнделігі);
- Мониторинг;
- Психологиялық қызмет;
- Тәрбие жұмысы.

Оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тапсырмаларды дайындау жүйесі.

Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі:

- Түрлі жағдайларда мәселелерді анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға;
- Өз іс-әрекетіне мақсат қоя алуға, оны асыруға қажетті жағдайларды анықтауға, оған жету үдерістерін жоспарлы түрде ұйымдастыруға;
- Өзін-өзі бағалауға және өзінің іс-әрекетімен оның нәтижелеріне баға беруге;
- Түрлі жағдайларда өзі үшін қызмет және мінез-құлық

нормаларын таңдауына;

- Қойылған міндетке сәйкес технологияларды таңдауына мүмкіндік береді.

Ақпараттық құзыреттілік:

- Сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;

- Өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- Ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;

- Логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге;

- Өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- Нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдана алады;

- Жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобына қатынас құруға мүмкіндік береді;

- Коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға тиіс.

Білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияның оқушының бойында коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастырудағы рөлі ерекше.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Оқушылардың акпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Сабақ оқыту барысында оқушылармен өткізілетін жұмыс түрлерінің бірі – мәтіндермен жұмыс. Мәтінмен жұмыс сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Мәтінмен жұмыс істегенде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыс мақсаты – балаларды қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру.

«Мұражайға саяхат» деген тақырып арқылы оқушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

1. **Айтылым бағытында:** жаңа сабақты бастағанда оқушыларды тақырыптың ішіне ендіру мақсатында өтілетін тақырып бойынша «**Ой шақыру**» тәсілімен сұрақтар беріледі.

Сұрақтар жалпы сыныпқа айтылады.

1. Біздің республикамызда қандай мұражайлар бар, атап беріңдер?

2. Кереку өңірінің мұражайларын атаңдар?

3. Біздің қаламызда қандай мұражай бар?

4. Сендер онда болдыңдар ма?

5. Мұражайлардың қандай пайдасы бар?

2. **Тыңдалым кезеңінде:** оқушылар мәтінді мұқият тыңдайды (мәтінді мұғалім оқиды немесе электрондық оқулық арқылы тыңдатады.)

Екібастұз тарихи-өлкетану мұражайы

Екібастұз тарихи-өлкетану мұражайы 1987 жылы Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының Екібастұз қаласындағы тарихи-өлкетану бөлімшесі ретінде құрылды.

1996 жылы мұражайға жеке жай бөлінді, бұл бұрынғы №7 балалар бақшасының ғимараты болатын, ал оның салтанатты ашылуы Екібастұз қаласының 40 жылдығына орай 1997 жылдың 12 маусымында болды.

Мұражайда 10 экспозиция залы жұмыс істейді, онда өңіріміздің тас ғасыры заманынан қазіргі заман тарихын қамтитын 200- ден астам экспонат қойылған. Бұлар: «Ә.Марғұлан атындағы археология мен этнография», «Қосым Пішенбаев – алғашқы Екібастұз тас көмір кен орынын ашушы», «Революцияға дейінгі Екібастұз», «Павлодардағы Ертіс өңірінің жануарлар мен өсімдіктер дүниесі», «Ұлы Отан соғысы және Ауғанстандағы соғыс», «1937-1938 жылдардағы саяси қуғын- сүргін құрбандары», «Қазіргі заманғы Екібастұз», «Қазіргі заманғы Екібастұздың қоғамдық-мәдени өмірі» залдары.

Сөздік: *тарихи-өлкетану мұражайы – историко-краеведческий музей.*

3. Оқылым бағытында:

1. Әр оқушыға мәтінді іштей бір рет оқытады. Оқушылардың мәтінді дұрыс түсінгенін тексеру үшін тапсырмалар орындатуына болады.

Сөз тіркестерінің дұрыс не бұрыс екенін анықтаңыздар:

№	Сөз тіркестері	Дұрыс	Бұрыс
1	тарихи-өлкетану мұражайы		
2	экспозиция залы		
3	тарихын қамтитын		
4	жануарлар өңірінің		
5	Отан соғысы		
6	Ә. Марғұлан атындағы		
7	Екібастұз алғашқы		
8	құрылды ретінде		
9	40 жылдығына орай		

2. Мәтіннің негізгі мазмұнын ашатын 5 сөйлем айтып беріңіздер.

4. **Лексикалық не грамматикалық бірліктерді табуға бағытталған жұмыстар ұсынылады:**

1. - Мәтіннен қос сөздерді табыңдар.
 - Қос сөздермен құрмалас сөйлем құрастырып, синтаксистік талдау жасаңдар.
 - Қазақ және орыс тілдеріне ортақ сөздерді табыңдар.
2. Мәтіндегі сөздерді берілген сұрақтар бойынша іріктеп жазыңдар.

Кім?	Не?	Қайда?	Не істейді?
Қ. Пішенбаев	тас көмір	Екібастұзда	ашты

5. Диалог. Тілдесім. Жұптық жұмыс.

Тапсырма: Мәтінге тірек-сызба құрып, сұхбат құрастыру.

Ә.Марғұлан атындағы археология мен этнография.

Қ.Пішенбаев – тас көмір кен орынын ашушы.


Революцияға дейінгі Екібастұз.

Ертіс өңірінің жануарлар мен өсімдіктер дүниесі.

Ұлы Отан соғысы, Ауғанстандағы соғыс.

Қазіргі заманғы Екібастұз.

Залдары



Осы тірек-сызба арқылы оқушылар бір-бірімен өзара сөйлеседі.

6. Диалогтік сөйлесім. Жазылым әрекетінде:

1. Оқушыларға «сұхбаттасу мақсатында мәтіннің мазмұны бойынша 5 сұрақ» жаз деп тапсырма беруге болады. Бұл сұрақтар ой шақырудағы сұрақтарға ұқсас болуы керек.

Қазақ мәдениеті арқылы сұхбаттасуды үйретуге болады.

Мысалы:

- Сәлеметсіз бе, апай (ағай, атай, әжей).

Сізге 1-2 сұрақ қоюға бола ма?

... ..

- Рахмет, ата!

... ..

2. «Біздің қаламыздағы тарихи-өлкетану мұражайына келіңіз» деген тақырыпқа жарнама жазу.

3. «Екібастұз тарихи-өлкетану мұражайының Ертіс өңірі үшін маңыздылығы» тақырыбына эссе жазу.

4. Мәтін мазмұны бойынша жоспар түзу.

5. Түзген жоспар бойынша мәтін мазмұнын өз сөзімен баяндау.

Келесі сабақтарда жұптық, топтық жұмыс түрінде жарыс сабақтар өткізуге болады.

1. «Саяхат» ойыны.

Әр топтан бір оқушы тақтаға шығып, мәтін бойынша мұражайға саяхат жүргізеді.

Ең үздік жүргізуші жеңімпаз болады.

2. «Бұл кім, білесің бе?» ойыны.


Шарты: 3 топқа 3 түрлі мәтін жасырылады, әр топ басшылары келіп, жасырылған мәтінді алады. Өз ойларын, пікірлерін айтады.

3. «Ойлан, тап!» ойыны. Слайдтағы суреттермен жұмыс.

Суретте көрсетілген Қ.Сәтбаев мұражайы, залдары, жәдігерлері туралы әңгімелеп беріңдер.

Мұражай Баянауылда орналасқан.

4. «Қ.Сәтбаев мұражайы» мәтіні бойынша «Сандар» ойыны.



Әр жылдарға, әр санға байланысты тарихи деректер айтылуы керек.

1964 жылы мұражайдың ашылуына аудан басшыларынан қолдау алынды.

1967 жылы Қ.Сәтбаев мұражайы ресми түрде ашылып, қызмет көрсете бастады.

Сағымбекова Үміт Сапарбекқызы 2010 жылдан бастап мұражайды басқарып келеді.

Мұражай 522 шаршы метр жерді алып жатыр.

Мұражай қорында 3000 жәдігер бар, оның 1484-і тікелей сөрелерде тұр.

5. Мына кестені сәйкестендіріңдер:

Аты- жөні	Кім?	Мұражайлары қайда орналасқан?
Әбілхан Қастеев Абай Мұхтар Әуезов Бұқар жырау Қаныш Сәтбаев Мәшһүр Жүсіп Ахмет Иассауи Н.Ә. Назарбаев	көріпкел, фольклорист, ақын, тұңғыш президент, ұлы ақын, әйгілі жырау, тұңғыш академик, ғалым, қылқалам шебері, ХІІ ғасырдағы ақын-философ, ұлы жазушы.	Павлодар қаласында. Баянауылда. Алматы қаласында. Астана қаласында. М.Жүсіп ауылында. Семейде. Түркістанда. Алматы қаласында.

Бұл тапсырманы оқушылармен флипчарт арқылы жасауға болады.

6. Сөйлемдерді толықтырындар:

1. Мұражайға Қазақ ССР халық суретшісі, қылқалам шебері Ә. Қастеевтің есіміжылы берілді.
2. Ә. Қастеев мұражайы қаласында орналасқан.
3. Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы ашылды, ол қаласында орналасқан.
4. Археология мұражайы жылы ашылды, онда Есік қорғанынан табылғанкиімі сақталған.
5. А.Иассауи кесенесі қаласында салынған, оны салдырды.

Керекті сөздер: Түркістан қаласы, 1973 жылы, Павлодар қаласы, Алтын адам, Әмір Темір, 1992 жылы, 1984 жылы.

7. «Кім тестіге жылдам?» ойынының сауалдары:

1. Қожа Ахмет Иассауи кесенесін кім салдырды?
А) Ақсақ Темір; Ә) Шыңғыс хан;
Б) Абылай; В) Тәуке.
2. Айша бибі және Бабаджа қатын кесенелері қай қалада орналасқан?
А) Түркістан; Ә) Тараз;
Б) Отырар; В) Алматы.
3. Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы қай жылы ашылды?
А) 2000; Ә) 2010;
Б) 1992; В) 1987.
4. Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің мұражайы қай жылы құрылды?
А) 2010; Ә) 2001;
Б) 2004; В) 2011.

5. Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі қола қазанды Қарнақ деген жерде құйған шебердің есімі кім?

- А) Әбіләзиз; Ә) Әбілмансұр;
Б) Әбдірашит; В) Әбдірахман.

6. Мұражайдың негізін қалаушыны тап.

- А) Шәмші Қалдаяқов; Ә) Болат Сарыбаев;
Б) Ермек Серкебаев; В) Шоқан Уәлиханов.

7. Бұқар жырау – кімнің бас кеңесшісі?

- А) Абылайдың; Ә) Төле бидің;
Б) Қасым ханның; В) Жәңгір ханның.

8. Абай мұражайы қай қалада орналасқан?

- А) Астанада; Ә) Семейде;
Б) Көкшетауда; В) Екібастұзда.

9. Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің мұражай қорында неше сақтам бірлік бар?

- А) 120 062; Ә) 150000;
Б) 120000; В) 1000.

10. Түркістанда жер астында орналасқан ғибадатхана қалай аталады?

- А) қылуат; Ә) жер асты ғибадатханасы;
Б) қасиетті бөлме; В) қасиетті ғибадатхана.

Міне, осындай жұмыс түрлерін өткізе отырып, мәтіндермен жұмыс жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Тестінің кілті:

1-А. 2-Ә. 3-Б. 4-Б. 5-А. 6-Ә. 7-А. 8-Ә. 9-А. 10-Ә.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ТЕСТ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУДА ГРАММАТИКАНЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Орыс мектебінде оқитын оқушылардың қазақ тілінен тест жұмыстарын орындау барысында кейбір сұрақтарға жауап бере алмауының себебі – грамматикалық ережелерді меңгермегендіктері. Мұндай жағдайлар грамматика салаларының барлығында дерлік кездесіп жатады. Мысалы, дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелуі, үндестік заңы, сөз мағыналарын айқындауда, сөз таптарына қатысты сұрақтарда, негізгі, туынды сөздерде, сөйлем түрлері мен сөйлем мүшелерінде, төл сөз бен төлеу сөздің тыныс белгілерінде, т.б. толып жатқан сұрақтар талдауды қажет етіп жатады. Тест жұмыстарын толық орындай алмаса, талдау жұмыстары жүргізіледі, яғни, сұрақтардың қате жауаптары түзетіледі, ережелер қайталанатын. Қосымша тапсырмалар орындалады. Тест жұмыстарын сапалы орындау қазақ тілі сабағының өз деңгейінде өтуін қажет етеді. Қазақ тілі сабағын тест жұмыстарын орындауға бағыттай отырып, қалай дайындауға болады? Қазақ тілі сабағының төмендегі үлгісін ұсынамын.

Сабақтың тақырыбы: Заң терминдері.

Мақсаты. Жалқы және жалпы зат есімдерді оқыту. Қаратпа сөздердің ережесін біліп, сөздерді тіркестіріп жазу. Заңды, оның терминдерін білуге, қадірлеуге үйрету.

Міндеттері:

1. Үйге берілген тапсырмалардың пысықталуы.
2. Берілген сөздерді қатыстырып, жалқы, жалпы есімдерге сөйлемдер құрастырады.
3. Қаратпа сөздердің ережесін біліп, тіркесті сөздермен танысады.
4. Сөздерді тіркестіріп жазады.
5. Тест жұмыстары орындалады.
6. Мәтінді оқып, сұрақтар дайындайды.
7. Қорытынды.

Сабақтың барысы.

1. Үйге берілген тапсырма бойынша жалпы, жалқы есімдердің ережесін айтып, олардың ерекшеліктеріне тоқталады.

Өтілген тақырыпқа қатысты «Жеті жарғы» заңдар жинағы бойынша сұрақтарға жауап береді:

1. «Жеті жарғы» заңдар жинағы қай ханның тұсында шықты?
2. Жеті жарғыны жасауға атсалысқан кімдер?
3. Олар қай жүздің билері еді?

2. Жаңа сабақ. Күні, сабақтың мақсат-міндеттері хабарланады.

1. Жеті жарғыға қатысты білімдерін толықтырады. Жеті жарғыдағы мәселелер: 1. Жер дауы. 2. Бала тәрбиесі. 3. Ұрлық. 4. Ру дауы. 5. Жаудан қорғану. 6. Құн дауы. 7. Жесір дауы.

2. Термин дегеніміз не? Терминдер – ғылым, техника, өндіріс, т.б салалардағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары.

Заң терминдері: құқық, сот, прокуратура, судья, адвокат, куәгер, т.б.

3. Сөйлемдерден жалқы есімдерді анықтайды. Азамат өзінің құқығын қорғады. Сот шешімдерінің Республиканың барлық аумағында міндетті күші болады. Екібастұз қалалық прокуратурасы. Судья өндіріске түскен Қанаттың ісін қарады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне сәйкес куәгердің құқығы қорғалған. Павлодардағы сот үдерісіне адвокат қатысты.

4. Сөйлеушінің біреуді өзіне қарату үшін, назарын аудару үшін айтылатын сөздерін немесе сөз тіркестерін қаратпа сөз дейміз. Мысалы: - *Туған елім, жасай бер, жаса!*

5. Екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы бір ұғымды білдіретін сөздерді тіркесті сөздер деп атайды. Мұндай сөздер бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *заң қызметкері, сот шешімі, қалалық прокуратура, қызмет қыл, т.б.*

6. Берілген сөздерді мағыналық жағынан тіркестіріп жазу. *Сот төрелігі, жергілікті сот, азаматтың құқығы, заң ережелері, білікті маман, жүзеге асырады.*

7. Тест жұмысы орындалады. **1. Жалқы есімдерге қандай атаулар жатады?** А) Кісінің аты-жөні, терминдер. Ә) Қала, облыс атаулары, зат есімдер. Б) Өндіріс, кәсіпорын атаулары, ұйымдар мен бірлестіктер.

2. Жалпы есімдер қалай жазылады? А) Бас әріппен жазылады. Ә) Кіші әріппен жазылады. Б) Бөлек

жазылады. **3. Зат есімдердің мағыналық жағынан бөлінуі.** А) Негізгі, туынды. Ә) Дара, күрделі. Б) Жалпы, жалқы. **4. Оқшау сөздің түрін көрсетіңіз.** А) Күрделі сөздер, жіңішке сөздер. Ә) Жуан сөздер, тіркесті сөздер. Б) Қысқарған сөздер, қаратпа сөз. **5. Қаратпа сөзді табыңыз.** А) Сын түзелмей, мін түзелмес. Ә) Айтқаның келсін, досым. Б) Ойпыр-ай, не дейсіз? **6. Қаратпа сөзге тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.** А) Уа – жарандар – сөз тыңда! Ә) Уа, жарандар – сөз тыңда! Ә) Уа, жарандар, сөз тыңда! **7. Есімді сөз тіркесін табыңыз.** А) Бара сал. Ә) Айтып жүр. Б) Ақ қағаз. **8. Септеулік шылаумен тіркесіп тұрған сөзді көрсетіңіз.** А) Сенен бұрын. Ә) Сол ғана. Б) Ержанға да. **9. Заң терминдерін көрсетіңіз.** А) Сот, судья, прокуратура. Ә) куәгер, қоғам, адам. Б) шешім, күзет, халық. **10. Термин дегеніміз не?** А) Заттың атауын білдіретін сөздер. Ә) Түрлі салалардағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Б) Термин сөздер.

8. Оқулықтағы мәтінді оқып, сұрақтар дайындау.

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін кім жүзеге асырады?

2. Сот төрелігінің мақсаты неде?

3. Прокуратура қоғамда қандай бақылау жасайды?

9. Қорытынды. Сабақта орындалған жұмыстардың нәтижесі түйінделіп, білімдері бағаланды. Үйге ережелерді біліп, қаратпа сөздерге диалог құрастыру тапсырылды.

Қорыта айтқанда, ережелерді оқып-меңгерумен бірге тест жұмыстарының орындалуы – грамматиканы меңгерудің тиімді жолдары болып табылады.

Базаргүл КӨЛБАЕВА,
Қарағанды облысының
Теміртау қаласындағы
№24 жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Ертеңіне лайықты ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаздың еңбегі – ұлы еңбек деп айтуға тура келеді.

Осыған байланысты әр ұстаздың алдында шығармашылық ізденіс, үлкен міндет болуы керек деп ойлаймын. Шығармашылық адамды өзін-өзі тануға ұмтылдырып, іздену қабілетіне жетелейді, соған талпыныс береді. Адам өмірінде дұрыс жол тауып, дұрыс шешім қабылдау, дұрыс ойлауды үйрену керек. Сондықтан да, адам бойындағы кішкене болса да қабілеттерін жетілдіріп, әрі қарай дамытуға тырысса, сол адам өмірде өз орынын табарына сенемін. Ұстаздың да еңбектену барысындағы басты мақсаты – оқушының мектеп табалдырығын аттаған күннен ақ, шығармашылық ойларға, тәжірибелік әрекеттерге дайын болуға, қызығушылыққа тәрбиелеуі. Сондықтан да, мен өзімнің шығармашылық тақырыбымды «Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту» деп алдым. Алдыма қойған міндетімді жүзеге асыру үшін еңбектену барысында көптеген әдіс-тәсілдерді қолдандым. Олар: аралас сабақ, пәнаралық-интегралдық

сабақ, пікір сайыс сабағы, инновациялық, ойын сабағы, сызба пайдалану сабағы, оқушының білімін тексерудегі тестілермен жұмыс сабағы, т.б.

Сабақтардың түрлерін осындай әдіс-тәсілдермен өткізген кезде оқушылардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылыққа ұмтылады. Кейінгі кезде «Қазақ тілі» пәні күннен-күнге ерекшеленіп келеді. Бұл пән арқылы біз оқушылардың өз Отанын сүйуге, мемлекеттік тілді құрметтеуге, сонымен қатар, ата-бабаларымыздың тарихымен, ақын-жазушылардың өмір тарихымен, шығармасымен таныстыра отырып, олардың сөйлесу, ойлау қабілетінің артуына көп ықпал жасаймыз. Өзімнің ойымша, оқушылардың ойлау қабілеттері, ой-тұжырымдары өмірден сабақ алу арқылы қалыптасады деуге болады.

Оқушының шығармашылық қабілетін арттыруда қазақ тілін көбіне қазақстан тарихы пәнімен байланыстырамын. Себебі қазақ ұлтының басынан кешірген қайғы-қасірет жолдарын оқушыларға баяндап айтсақ немесе қол жеткізген табыстарымыз бен ардақты ұл-қыздарымызды мақтан етіп сабақ өткізсек, оларды шыншылдыққа, патриоттық сезімге тәрбиелейміз. Ұстаздың берген білімінен кейін, олардың көз алдарына өтілген тақырып біраз көріністер берсе, содан барып олардың ойлау қабілеттері жетіледі деп ойлаймын.

Қазіргі кезеңде еліміз тәуелсіздігін алып, өмірімізге зор үмітпен демократиялық жаңару мүмкіндігін туғызуда. Алдымен оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға тырысамын. Қазақ тілі сабағында баланың шығармашылық қабілетін дамытуда ең басты назарға алатын нәрсе:

1. Оқушылардың сауаттарын ашу;
2. Сөз бен сөзді дұрыс байланыстыра білуі;
3. Оқушылардың алдарына дұрыс ой тастай білу.

«Қазақ тілі» оқулығында тақырып соңындағы тапсырмаларда дамытушылық сипат көзделінген. Мысалы: оқушының ізденушілігін қалыптастыратындай, ойлауға, пайымдауға, дәлелдеуге үйрететіндей етіп түзіледі.

Олар мынадай тапсырмалар: берілген сөздер арқылы сөйлемдер құрастыру, сұрақтарға дұрыс, нақты жауап жазу немесе сөздіктер арқылы мәтінді ашу, яғни, аударма жұмыстарын жасау. Шығармашылық жолын құрастыру бірінші сыныптан сауат ашу барысында басталады. Ол үшін, алдымен, оқушыларға сөздердің мәнін түсіндіру, үйрету, ойлануға тапсырма беру. Содан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген сөздер арқылы сөйлем жасау үйретіледі. Әрине, жұмыс нәтижелі болу үшін бұл әдістерді тұрақты түрде және жиі қолданып отыру қажет.

Осының арқасында оқушылар шығармашылыққа төселіп, ізденуге де талпынады. Ал, жоғарғы сыныптарда олардың нәтижелі еңбектерінен шығармашылық қабілеттерінің қалыптасқанын көреміз. Мысалға, қалалық конкурста шығармашылық, жобалық немесе зерттеу жұмыстарымен шығу үшін, ең бірінші, оқушыға берілген тақырып бойынша дұрыс ой тастап, бағыт беру керек. Ол сол берілген тақырыпты ашу үшін ізденеді және соның нәтижесіне жету үшін еңбектенеді. Оқушының еңбектенуіне дұрыс бағдарды беруге, әрине, ұстазы көмек көрсетуі қажет. Осындай дұрыс бағдар көрсету нәтижесінде, қалалық қолөнер жобасына 5-ші сынып оқушылары қатысып, 3-орынға ие болса, ал 10-сыныптың оқушылары «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20-жыл» атты өздерінің қолөнер туындысымен 2-орынды иеленді. Ұстазы аянбай еңбек етсе, оқушысы да ұстазына қарап үлгі-өнеге алады деуге болады.

Майпруза НҰҒМАНОВА,
Андреевка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан.

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ – ҒАБИТ

Сабақтың мақсаты: көркем сөздің құдіреті туралы, оның нағыз иесі Ғабит Мүсірепов екені жөнінде оқушылардың терең түсінігін, жүйелі көзқарасын қалыптастыру. **Міндеттері:** **білімділік** – ұлттық сөз өнері тарихындағы зор тұлға – Ғабит атамыздың жасаған игі істерін зерттей, оның шығармаларын оқушыларға өз беттерімен оқыта отырып, тірек-сызбалар арқылы бағыт-бағдар беру, шығармаларының идеялық тақырыбын ашу; **дамытушылық** – оқушылардың танымдылық, білімділік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау; **тәрбиелік** – Ғабит Мүсіреповтің өнегелі өмірін, халқына аянбай еткен еңбегін үлгі ете отырып, оқушыларды туған халқы үшін еңбек етуге, мейірімділікке, ерлікке, елін сүюге баулу, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Түрі: таным сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, баяндау. **Көрнекілігі:** портреттер, сызба, интерактивті тақта, презентация.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу; оқушыларды түгелдеу.

II. Сабақтың мақсат, міндеттерін түсіндіру.

III. Жаңа сабақ:

1. Кіріспе бөлім.

- Сабақ Т.Молдағалиевтің мына сөздерімен басталады:

«Қазақ кеңес әдебиетінің аспаны кең. Бірақ жарқырап көрінетін жұлдыздарға ғана сол аспан толып тұр деп айтуға батылың бармайды. Жамбыл, Сәкен жұлдызы, Ғабит жұлдызы бізге алыстан көрінеді. Осы жұлдыздардың ең жарығы, ең биігі-Жәкеңдікі десек, ең сұлуы, ең нәзігі, меруерттей жалтырап көрінетіні – Ғабит жұлдызы дер едім».

Мұғалім: - «Ғабит жұлдызы» - қандай тамаша теңеу! Бұл шоқ жұлдызымыз – біздің қазақ әдебиетімізде, көркем сөз күдіретінде өзіндік орыны бар шоқтығы биік жұлдыз.

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов – ұлттық сөз өнерінің тарихында мәңгі қалатын өз мектебі, қайталанбас өрнегі, өшпес ізі бар, ойы терең зор тұлға.

2.Топпен жұмыс:

1-топ: «Биографтар».

1902 жылы 22 наурызда (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында) дүниеге келген.

1916 жылы 14 жасында - Обаған деген жердегі нағашысының көмегімен орыс мектебіне оқуға түседі.

1923-1926 ж.ж. мектепті бітіріп, Преснегорьковтағы екі кластық орыс мектебін, жұмысшы факультетінде (рабфак) оқып, ауыл шаруашылық институтын тәмамдайды.

1929-1970 ж.ж. «Қос Шалқар», «Талпақ танау», «Ана туралы новеллалар», «Автографиялық әңгіме», «Көк үйдегі көршілер», «Күсен», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», «Амангелді», «Қазақ солдатты», «Ұлпан», «Оянған өлке», «Кездеспей кеткен бір бейне», т.б. шығармалары шықты.

1931-1944 ж.ж. Шекспирден: “Антонин мен Клеопатра”, “Шота Руставели және оның поэтикасы”, М.Горькийдің «Өлімді жеңген ана», «Адамның анасы» шығармаларын

аударды.

1958 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне, КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

1962, 1972, 1974 ж. 3 мәрте Ленин, 1975 ж. 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, 1982 ж. «Халықтар достығы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

1970 ж. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алды.

1977 ж. Қазақстан Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығын алды.

1974 ж. Кеңес әдебиетін өркендетуде сіңірген еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді.

1985 ж. дүние салды.

1985 ж. Алматы қаласының Қарасай батыр көшесінен мұражай, Астана қаласында көше, Балалар мен жасөспірімдер театры ашылып, ескерткіш мүсін қойылған.

2-топ: А) «Ғабит – қарасөз (проза) Құлагері».

Ғабит Мүсірепов – классик жазушы. Оның қаламынан шыққан шығармаларының қай-қайсысы да идеялық мазмұны терең, жазылу шеберлігі көзтартарлық әсем де мінсіз шығарма ретінде есте сақталып отырады. «Қос шалқар», «Талпақ танау», «Шұғыла» сияқты әңгімелерінің өзі-ақ сөз өнеріндегі шеберліктің сымбатты көріністерінің айқын дәлелі екені анық. «Қос шалқардағы» туған өлке табиғатының ғажайып суреттері естен кетпестей болып тиянақты жасалатыны белгілі. «Шұғыла» – қазақ халқының 1932 жылғы қайғылы өмірінің айшықты суреттерін тапжылтпай көз алдына алып келетін іргелі шығарма.

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі бірнеше жанрларын өркендетуге кезінде белсене араласқан көркем сөздің зергері.

Ә) Жазушы шығармаларындағы ана тақырыбы.

Жазушының әр тұста жазған ана тақырыбындағы әңгімелері – қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңіткен кезенді

еңбектер. Ол, ең алдымен, отызыншы жылдары Максим Горькийдің ана тақырыбына жазылған әңгімелерінің ізімен «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ана кесімі айнымайды» әңгімелерін жазды. Одан кейін жазушы өзінің «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы» атты белгілі әңгімелерімен қазақ әдебиетіне жаңа леп, көркемдік өрнек әкелді.

Ғасырлар бойы аналық мейірімін төккен, арулар махаббаты болып жырланып келе жатқан әйелдер бейнесін ертеде тек бас бостандығын аңсаушы, сүйкімді сұлу жар ретінде суреттесе, Ғабит Мүсірепов шығармаларында ана мен арулар бүкіл қоғам өміріндегі тіршіліктің тұтқасы, адам баласы бойына адамгершіліктің рухын, нәрін таратушы, қоғамды өркендетуге үлесін қосатын қайраткер күштің бірі деп көрсетеді. Мүсірепов туындыларындағы аналар: Қапия, Нағима әділетсіздікке, зұлымдыққа қарсы күрестегі аршынды іс-әрекетімен, ерекше төзімді, қайсар, қажыр-қайратымен кім-кімнің де есінде қаларлықтай айқын бейнеленген.

Адам баласының бәрі де анадан туады. Алып та, батыр да анадан туады ғой. Ғалым да, ақын да, жазушы мен дәрігер де, бәрі-бәрі – ананың балалары. Ана – тіршілік басы ғана емес, адамгершіліктің де өлшемі, қаһармандықтың үлгісі.

Ананың балаға деген мейірімі, махаббаты теңіздей терең, аспандай биік, оттай ыстық, Күннің нұрындай шуақты. Ана баласы үшін бәріне де дайын, тіпті, отқа да, суға да түсе алады.

Ғабит атаның 1934 жылдың өзінде-ақ жазған «Ананың анасы» әңгімесінде:

«Білектің күшін, найзаның ұшын күші теңдеске не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе... Құлға қосақтап қызымды әкетіп барасыңдар, бұларың да ерлік пе, әділдікке жараспайды,

қызымды алып қайтамын», - дейді.

Осы сөйлемдерде ана қаншама тәрбиенің көзін ашты, қазақ жігіттерінің қандай болуын ескертті, әділдік, ерлік дегеннің қасиетін айта келіп, осы қолды басқарып келген, жау қуып, ел қорғап жүрген жігіттердің басқарушысы Жалпақ балуан-батырдың да есіне сала кетті, яғни, ессіз есерлер тәрбиелемей, ел қорғайтын нағыз әділ де ер азаматтарды баулуын батыл айтады.

Ана – кімге болса да ана, қай ана болса да бала тәрбиесіне назар аудармай қоймайды ғой. Сол көріністі осы шығармадан да көреміз.

«Менің атым-әйел, мына қыздың анасымын. Бәрің де анадан тудыңдар! Анамен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар еді менің Жалғызымда?! Кел, ботам, өзіме!»- деп қалай батыл, ержүректілікпен айтады. Бұл сияқты ананың ерлігін, ананың батылдығын, ананың алып күш екендігін суреттеген көріністі жазушы бұдан кейінгі ана туралы шығармаларында да көрсете білген.

Мәселен, «Адамның анасы»: *«...Дүниенің шетіне дейін осылай жүре берсең, ұлың еркін дүниеде өссе, жүруге шаршамас едің-ау! Адамның анасы болу қандай жақсы! Жүрегім қуаныш төгіп, нұр шашып келе жатқанын қарашы!»*- деді ана бір жерде тұра қалып ...»

Немесе, «Өлімді жеңген ана»: *«Мақтасақ-әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел-ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе..?»*

Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те! Әйел – ана, дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны Ақсақ Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иеді!» - деп қазақ халқының инабатты, салмақты да нәзік жанды анасы, тиісті жерде өткір де, өжет те, өктем де адам екенін, ананың айбарынан қаймыққан жыртқыш аңдар

да, жаудан жасқанбаған батыр да, ешкімге бас имес долы табиғат та ана алдында, ана жүрегі алдында кішіпейілділік көрсетіп бас иеді.

Б) Ғ.Мүсіреповтің романдары.

Жазушының ең алғашқы романы – «Қазақ солдаты». Романның бас кейіпкері – Қайрош Сарталиевтің образы 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, Кеңес Одағының Батыры атағын алған Қайырғали Смағұловты елестетеді. Негізінде «Қазақ солдаты» романы Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардың ішіндегі ірісі де, тәуірі де екенін көруге болады.

Ғабит Мүсіреповтің көрнекті шығармасы – «Оянған өлке» романы. Бұл роман – ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы жұмысшы өмірі туралы кең ауқымды, шынайы туынды.

3-топ: «Ғабит – драматург».

Ғабит Мүсіреповтің драматургия саласына сіңірген еңбегі де орасан зор. Оның әйгілі пьесалары қазақ театрының сахнасынан түспейтін тұрақты репертуарына айналды. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» сияқты пьесалары халықтық лиро-эпостың негізінде туса да, өз алдына дербес туындылар ретінде танылған еңбектер. Сонау отызыншы жылдарда-ақ үлкен драматург екенін танытып, «Қыз Жібек» операсының либреттосын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасын берген Ғ.Мүсірепов кейінгі жылдарда да бүкіл қазақ драматургиясының тамаша туындысы болып табылған «Амангелді», «Ақан сері-Ақтоқты» пьесаларын жазады. Оның шығармаларының негізінде кинофильмдер түсіріледі.

3. Бәйге жарысы. Әр топқа деңгей бойынша сұрақтар беріледі.

I деңгей.

1. Өз өмірі жайлы қай әңгімесінде сипаттаған?
2. Ғабиттің қарасөзбен жазған поэмасы қалай аталады?
3. Тырнақалды туындысы қай жылы, қандай газетке жарияланған?
4. Кімнің шығармаларын қазақшаға аударды?

II деңгей.

1. Қай жылы, қайда туған?
2. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты және Азамат соғысының көрінісін, ауыл тіршілігі мен әйелдер тағдырын суреттеген әңгімесі қалай аталады?
3. 1917 жылы 2 сыныпты орыс мектебіне оқуға түскенде кімнен дәріс алады?
4. 1923 жылы кімнің жетелеуімен Орынбор қаласындағы рабфакқа оқуға түседі?

III деңгей.

1. 1927-1928 жылдары қай жерде ұстаздық етеді?
2. 1966 жылы қандай журналдың бас редакторы болып қызмет атқарды?
3. Қандай шет елдерде болды?
4. Қай жылы қайтыс болған?

4. Ой ұшқындары.

Сөйлесек ...шындық, әділдік, дұрыстық, ақиқат дегендерді алға ұстай отырып сөйлейік...

Данышпандықты түсіне білген де – данышпандық.

Шала істеген іс – жаман, шала піскен ас – жаман.

Адамның қарыз-парызы – сыйлауда.

5. Тест сұрақтары:

1. Ғ.Мүсірепов кім?

а) ақын; ә) би; б) айтыскер; в) жазушы.

2. Ғ.Мүсірепов қай жылы дүниеге келді?

а) 1802 ж.; ә) 1942 ж.; б) 1912 ж.; в) 1902 ж.

3. Ғ.Мүсірепов Қазақстанның қай облысында дүниеге келді?

- а) Оңтүстік Қазақстан облысы;
- ә) Солтүстік Қазақстан облысы;
- б) Шығыс Қазақстан облысы;
- в) Батыс Қазақстан облысы.

4. Алғашқы көлемді туындысы қайсысы?

- а) Тулаған толқында; ә) Қос шалқар;
- б) Қазақ солдаты; в) Кездеспей кеткен бір бейне.

5. “Қазақ солдаты” қай жылы жарық көрді?

- а) 1950 ж.; ә) 1940 ж.;
- б) 1960 ж.; в) 1970 ж.

6. “Қазақ солдаты” бірінші қандай атпен жарыққа шықты?

- а) Қазақ жігіті; ә) Қазақ батыры;
- б) Қазақ палуаны; в) Қазақ ері.

7. Ғабиттің әкесінің аты кім?

- а) Мұхамед; ә) Махат; б) Махмұт; в) Мұхтар.

8. “Өлімді жеңген ананы” кімнен аударды?

- а) Толстой; ә) Горький; б) Пушкин; в) Лермонтов.

9. Ғ.Мүсіреповтің романын таба аласыз ба?

- а) Өмір мектебі; ә) Кездеспей кеткен бір бейне;
- б) Өнер мектебі; в) Қамар сұлу.

10. Ғ.Мүсірепов қай жылы қайтыс болды?

- а) 1995 ж.; ә) 1985 ж.; б) 1965 ж.; в) 1975 ж.

6. Ойқозғау. Оқушылар сабақ туралы өз ойларын ортаға салады.

IV. Сабақты қорытындылау: Не білгем? Не білдім? Не білгім келеді?

V. Үй тапсырмасы: 1) Ғ.Мүсіреповтің әңгімелерін оқу; 2) «Сөз сергері – Ғабит» тақырыбына эссе жазу.

М.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚУАТЫ

Әлемдік өркениет пен мәдениеттің өркендеуінде ерекше танылатын талантымен, дара тұлғасымен, ұлан-ғайыр білімімен өз қолтаңбасын қалдыратын қалам қайраткерлері әдеби үдерістің дамуында өз үлестерін қосып отырады. Қазақ әдебиетіндегі осындай биік, тұғырлы орында тұратын әлемдік дәрежедегі дарын иесі – Әуезов Мұхтар Омарханұлы. Қазақ әдебиеті тарихындағы даралық бітім-болмысы, ұлттық бейнесі айқын дарын иесі атанған классик қаламгер шығармашылығын зерттеу барысында оның туындыларының эстетикалық қуатын, көркемдік ерекшелігін, кейіпкер сомдаудағы сөз өнерін терең меңгерген ерекше дарындылығын, әдебиет тарихындағы жетекші орынын айқындаған ғылыми еңбектерінің көп екенін байқадық. Десек те, дархан дарын тудырған мол мұраның әлі де зерттеу нысанына айналдыруға болатын тұстары жеткілікті.

Бұл туралы Р.Нұрғалидың: «М.Әуезов – шығармалары ұлттық шеңберден көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылған ұлы суреткер. Сондықтан бүгінгі таңда оның шығармашылығы туралы туған жекелеген байсалды еңбектерге қарамастан, оның мұрасы әлі ұзақ уақыт жан-жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажет. Қазақ әсемдік ойы тарихында ерекше құбылыс – М.Әуезов туындылары идеалық-көркемдік, образдық, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара

қарап, саралауды талап етеді» деген [1,431] ойына қосыла отырып, оның шығармашылығындағы ерекше эстетикалық даралығын талдау қазіргі әуезовтанудың бір бағыты болады демекпіз. М.Әуезов шығармашылығының ерекше қасиеттерінің бірі ұлттық өрнекпен әшекейленген ұлттық болмысында. Әр жазушы өзінің эстетикалық идеяларын кейіпкер, яғни қаһарман арқылы көрсетеді. М.Әуезов шығармаларындағы эстетикалық идеал бейнелердің бірі тобы әйелдер образдарымен астасады. Жазушының ең алғаш баспасөз бетіне шыққан публицистикалық «Адамдық негізі — әйел» мақаласы болды. Осы мақаласынан-ақ болашақ жазушының әйелдер бейнесіне байланысты өзіндік дара эстетикалық идеясы айқындалған.

Рас, XX ғ. 20 жылдары бұл тақырып пен идеяны арқау еткен шығармалар көптеп дүниеге келді. Мәселен, М.Жұмабаевтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, С.Торайғыровтың және т.б. көптеген ақын-жазушылар шығармаларында әйел теңсіздігі мен бостандығы туралы мәселелер көтерілді. Олардың барлығының тақырыбы бір болғанымен, автор ұстанымы мен идея ашу тәсілдері басқаша. М.Әуезов таңдаған идея ашу жолы — жазушы жан дүниесі мен өмірге деген философиялық көзқарасында және сол қарапайым қазақ әйелінің басындағы ауыр тағдырды өз болмысымен, санасымен сезінуінде. Себебі әр жазушы өзі сомдап отырған бейненің басынан кешірген сәттерді өз ақыл-ойынан өткізіп, жүрегінде саралайды. «Адамдық негізі — әйел» мақаласынан басталған М.Әуезов жазған әйелдер бейнесі нәзік те сезімтал, асқақ та тәкәппар, ақылды да дана болып келеді.

М.Әуезов қазақ әйелдерінің тағдырына арнаған мақаласында әйел басындағы ауыр хал-жағдайды тек қалың мал қырсығынан іздемейді, ол биік адамгершілік мәселесін көтеріп: «Өмірде әділет, мархабат, махаббат деген нәрсенің

ағын естімеген ананың жүректегі уәжі мен отбасынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті, қамқор тууы мүмкін бе?»- дейді. Сондай-ақ, әйел адамның басындағы қайғылы қалың тұманнан айығу жолын: «Әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылдықтың бақытты күні күліп қарамайды, ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды бесігіңнен түзе!

Оны түзеймін десең, оның халін түзе»,- деп айқын көрсетеді. Автор идеясының сомдаған образдармен байланысты келіп, оның жеке танымдық санасына байланысты екенін көптеген зерттеушілер айтқан.

М.О.Әуезов сомдаған бейнелердің кез келгенін алып қарасақ та, автордың эстетикалық қарым-қабілетінің биіктігін байқаймыз. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазиза бейнесінің оқырман жүрегінен мәңгіге орын алуы да – жазушы шеберлігімен астаса өрілген эстетикалық қуатында. Ғазиза бейнесі аса сұлу да, керемет өжет те емес. Бірақ ол өзінің қарапайым бейнесімен ерекшеленеді. «Ол – сыпайы, нәзік болып өскен Ғазиза: жіңішке сұңғақ бойлы, аз ғана секпілі бар, дөңгелек ақсұр жүзді Ғазиза. Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұяң, жұмсақ қарайтын қаракөзінде және ылғи шытынған, кірбендеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні – мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр» деп автор кейіпкер портретімен қоса психологиялық жай-күйінен хабар береді. «Уыз жас», «ұяң, жұмсақ қарайтын қара көз» деген сөз тіркестері арқылы мінезінің жұмсақтығын әрі мінезіндегі жасқаншақтықты көрсетеді. Автордың осы үзіндісінің өзінен-ақ өзінің кейіпкеріне деген жүрек жылылығын байқаймыз. Әсіресе, әңгіме соңындағы: «Балалық жүзінде «Менде жазық жоқ, мен тазамын» деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар»

деген жолдардан автордың өз кейіпкерін асқақтата түсуге ұмтылған эстетикалық идеясын анық аңғарамыз. Адам өмірінде эстетикалық категориялардың асқақ әдемілігімен қоса, құлдыраушылық, адам жанының азғындануы да қатар жүреді. М.О.Әуезов қаламынан шыққан әңгімелерде мұндай кейіпкерлер де өз бітім-болмысымен, өзіндік дара келбетімен көрінеді. «Оқыған азаматтағы» Қадиша мен Жұмағұл және олардың әке-шешелерінің қара басының қамы, өз тіршіліктері үшін ғана жетім кемпір мен жас бала Жәмиланы құрбанға шалып, мақсаттарына жетуі жиіркенішті түрде берілген. Олардың бір-бірімен сөйлесу кезіндегі бет мимикасының құбылуы, көздеріндегі арамдықтан жылтылдаған оттары — барлығы кейіпкер психологиясынан хабар берді. Авторға сөз берсек: «Шаруа жанындағы кейбір жұмыстарға келгенде, бірін-бірі жалғыз ғана емеурінмен де ұғысатын болды. Бұларды біріне-бірі соншалық тез жақындастырып жіберген себеп не? Ол — қазіргі бұлардың алдында тұрған үлкен мәселесі ғой. Соған келгенде, бәрінің де мінезі, ісі — түгелімен бір жерден шыққандығында. Малды сүйген қомағайлыққа, сарандыққа, қанағатсыздыққа келгенде жас келін кәрі енесінен асып түсті: жас жігіт оқыған десең де, кәрі әкесінен асып түсті, заты мінез бірлігі, «жас-кәрі», «оқыған-оқымаған» деген айырмашылықтарға қарамай-ақ бұл адамдардың басын қосып, бірін-біріне үйлестірді» дейді. Бұл үзіндіде жемтік үшін табысқан, жандарды құлдыраушылық жолына түскен адамдар бейнесіндегі әрбір деталь-штрих өз орынында тұрып, жазушының эстетикалық идеясын ашуда. Осындай құлдыраушылық жолына түскен антиқаһарман бейнесімен «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесінде де кездесеміз. Өркениет дамуы кезіндегі оқыған, көзі ашық деген қыздың жеңіл жолға түсуі және сонысы үшін ұялғанның орынына өзін-өзі ақтап алуы да шынайылықпен өрілген. Ал, «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі негізгі ой

адамзат қоғамындағы әйел тағдырын арқау етеді.

М.Әуезов шығармаларындағы эстетикалық даралық жазушы дүниетанымындағы асқақтықпен астасып келеді. Жазушы өз әңгімелері арқылы авторлық идеясын, өзінің кейіпкерлеріне деген көзқарасын білдіреді. Автор ұстанымының эстетикалық ұстанымы да болып табылады. «Автор шығармашылық үдеріс кезінде ой қиялына орныққан идеяны жанды тіршілік, адам образы немесе соған тең келерлік символдық бейнелер арқылы шығармашылық арманындағы биік эстетикалық идеалын танытатын көркем туынды тудырғаны ақиқат» [2, 489] десек те, автор ұстанымымен идеясы туралы айтқанда сол автордың өз заманы, қоғамы ықпал етіп, тарихи-әлеуметтік ортасының да әсері болатынын ұмытпау керек.

М.О.Әуезовтің шығармашылығына қатысты, өмірі мен өскен ортасына байланысты айтылған ғылыми зерттеулер баршылық. Кейбір ғалымдар шығармаға арқау болатын адамдар прототипі туралы да кең зерттеулер жүргізді. Рас, жазушы М.О.Әуезов өмірі мен шығармашылығы көптеген адамдарды қызықтырады. Дегенмен, жазушының ұшқыр ой-қиялын, фантазиясын да ұмытпау керек.

Көркем шығарма өмірдің тура көшірмесі бола алмайды. Тарихи, белгілі деген оқиғаларға байланысты шығармалардың өзінде тарихи кейіпкерлермен ойдан шығарылған бейнелердің бір-бірімен қарым-қатынасы, ең алдымен, жазушы дүниетанымы мен қиялына оқиғалардың өтуі мен тарихи уақыттың сай келмеуі – осының айғағы. Мысалы, «Абай жолы» романында М.Әуезов өзінің бас қаһарманы Абай бейнесін биікке көтеру мақсатында өзінің субъективті ой-танымына ерік беріп, тарихи оқиғалардың уақытын жылжытқан.

Бір қарағанда, бір-біріне мазмұны мен идеясы ұқсасмайтын туындылардың өзінен ортақ авторлық ұстанымды

айқындауға болады. Автор ұстанымы жазушының жеке-дара стильдік қолтаңбасын айқындайды. Мәселен, М.О.Әуезовтің алғашқы әңгімелері «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Жетім», «Барымта», «Қаралы сұлудан» көрінетін ортақтық адамның адамгершілігі, асқақтығы және оған қарама-қарсы, керісінше, қатыгездік әрекеттер істеуіндегі ортақтық арқылы туатын трагедиялық жағдайлар легі де белгілі бір дәрежеде автордың жалпы ой-танымының, өміріне деген көзқарасының бір қырын көрсетеді. М.О.Әуезов әңгімелеріндегі ең басты идеялық ортақтық – адам жанының ізгілігі мен жоғары саналы адамгершілік мәселесінің көтерілуінде.

Бір жазушының әр түрлі шығармаларындағы осындай ортақтық – авторлық «меннің» рухани ерекшелігінде. «Адам жанының инженері» болған жазушы үшін таңдалған тақырып пен көтерген идеясы оның эстетикалық шығармашылық жолын таңдатып қоймай, көркемдік әлемдегі өзіндік даралығын да айқындамақ. Жалпы, автор деген сөздің әдебиеттануда екі түрлі мағынасы бар. Бірі – көркем шығармадан тыс өмір сүретін шығармашылық тұлға болса, екінші мағынасы – мәтінішілік көркем бейнеге айналған тұлға.

Қорыта келе айтқанда, М.О.Әуезовтің шығармашылық тұлғасының асқақ бітім-болмысы оның дара эстетикалық санасымен және дүние қайшылықтары мен өмірдегі тартысқақтығыстарға деген өзіндік таным деңгейінің биіктігімен өлшенеді демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Нұрғали. Әуезов және алаш. А., «Санат», 1997, 431-б.
2. М.Оразбек. Автор және шығармашылық процесс. А., «Атамұра», 2006, 486-б.

Ы.АЛТЫНСАРИН: АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН КӨРНЕКІ ҚҰРАЛ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: Ыбырай өмір сүрген дәуірдің қоғамдық-саяси сипаты қандай екенін түсіндіріп, ағартушылық қызметінің мән-маңызы жөнінде орнықты көзқарасын, шығармаларының биік идеялық-көркемдік ерекшеліктері туралы айқын дүниетанымын қалыптастыру.

Міндеттері: **білімділік** – Ы.Алтынсарин өмірі және еңбек жолы жайлы түсінік беру, шығармаларының тақырыптарымен таныстыру; **дамытушылық** – әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылықтарын және шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқу-білім мен тәлім-тәрбиенің мәнін түсінуге, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, оқулық, хрестоматия, электронды оқулық, сызба-кестелер, ойын, сөзжұмбақ. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, ауыз әдебиеті, орыс әдебиеті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Оқушыларды түгелдейік, сынып тазалығына да назар салған жөн шығар. Бүгінгі сабақты бастасақ, дайынсыздар ма?

II. Үй тапсырмасын қайталау.

III. Жаңа сабақ.

Жаңа сабаққа кіріспе. Ы.Алтынсаринның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің электронды нұсқасын


тыңдатып, оқушылардан өлеңнің авторы және ол туралы не білетіндіктерін сұраймын.


Сабақтың мақсатын айтып өту. Оқушылардың жауаптарын тыңдай отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстырамын.

Жаңа сабақты түсіндіру. Ы.Алтынсарин өмірі мен ағартушылық қызметі:

1. Балалық шағы.
2. Білім мен тәрбиені қатар алып жүруі.
3. Ы.Алтынсарин – оқулық авторы.
4. Шығармаларының негізгі тақырыптары, идеялары.

Дайындаған слайдтарды пайдалана отырып, жаңа сабақты түсіндіремін.





№1.

З	А	Л	Ы	М	Т	Ө	Р	Е
Ә	Ұ	Ң	В	Д	Ж	В	Й	И
Ц	Д	Л	Ч	Х	Б	А	В	Б
Ө	З	Е	Н	Ъ	Н	С	З	А
Й	Ж	Ө	П	А	Ф	Ж	Ш	Й
Э	Я	Қ	Т	И	Ь	Ч	Ж	Ұ
Ө	М	С	Ч	Ф	Ю	Й	Щ	Л
Һ	О	М	Б	Ы	Ң	Ц	Ғ	Ы
Қ	І	Л	О	Ч	Ұ	Ю	А	Р

1. Ы.Алтынсарин қай облыста туған?
2. Алтынсаринның теңсіздікке арнаған өлеңі.
3. Ы.Алтынсаринның Паульсоннан қазақшаға аударған өлеңі.
4. 1881 ж. қай қалада тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылған?

5. Осы сызбадан Ы.Алтынсаринның табиғатты суреттеген өлеңдерін табыңыз. (2 сөз)

6. Жомарт бала туралы жазған әңгімесі.

№2.

Қ	О	Б	Ы	Л	А	Н	Д	Ы
П	Р	А	З	П	Ж	С	У	Р
К	Е	Ә	Ң	Ү	О	Қ	Ж	Ю
Р	Ы	Т	А	Р	Қ	М	Я	Й
Ы	И	О	Е	Ъ	Л	Ь	Х	З
Л	В	Р	П	Р	А	Л	Ф	Ү
О	С	Ғ	Ю	Э	Б	Д	А	Ш
В	Қ	А	З	А	Н	О	Ч	Ү
Ү	Ф	Й	Ф	Ң	Ғ	Ю	Р	Р
І	Э	Ж	Я	І	В	Д	Ч	Ы

1. Қай батырды өз эпосында жырлайды?

2. Ы.Алтынсарин атасының есімі кім?

3. 1860 ж. қай жерде қазақ балалары үшін мектеп ашты?

4. Ы.Алтынсаринның тоналған жолаушы туралы әңгімесінің аты қалай аталады?

5. Ы.Алтынсарин қай айда дүниеге келді?

6. Ы.Алтынсарин «Түлкі мен Қарға» мысалын кімнен аударған?

Сабақты бекіту. Ыбырайдың өз шығармаларында білім мен тәрбиеге берген маңызын өзінің шығармалары арқылы түсіндіремін. Алдымен, «Бақша ағаштары» деген әңгімесінің мазмұнын түсіндіру арқылы тәрбиенің маңызын айтып өтемін. *(Әке мен баланың суретін көрсетемін.)*

Ә) Білім алудың маңызын ұғындыру үшін «Мәнерлеп оқу шеберлігі» деген электронды оқулықтан «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңін тыңдатамын. Еліміздің болашақта дамыған елу елдің қатарына қосылуы үшін терең білім алу керектігін, ғылыми жаңалықтарды жетік меңгеру керектігін сөз етемін.

Б) Ы.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығына байланысты сөзжұмбақты шешу арқылы сабақты бекітемін.

IV. Қорытындылау.

- Ал, енді бүгінгі сабағымызды қорытындылайық.

Кәне, қыздар, бүгін сіздермен кім туралы оқып-біліп, нені үйрендік?

Ы.Алтынсарин туралы қандай мәліметтер айтылды?

Оның шығармаларының басты тақырыбы не туралы екен?

V. Үйге тапсырма беру. Енді үй тапсырмасын жазып алыңыздар:

1. Оқулықтағы Ы.Алтынсаринның өмірі жайлы мәтінді оқу;

2. Ы.Алтынсаринның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңін жаттап келу.

VI. Бағалау. Сабақтың қорытындысын шығарып, оқушылардың сабаққа белсене қатысқандарын айтып өту.

VII. Сабақты аяқтау.

- Ал, қыздар, бүгін сабаққа жақсы қатыстыңыздар. Маған сендердің талпыныстарың қатты ұнады. Сендерге үлкен алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта жақсы тәлім-тәрбие мен білім алып, биік шыңдардан көріне берулеріңе тілектеспін.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ: ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ

Мақсаты – тамаққа байланысты жаңа сөздерді біліп, ырым мен тыйым сөздерді есте сақтап, мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін жадымызға мықтап тоқып, жұмбақтарды шешу, танымдық ықпалы бар тест сауалдарын санаға сіңіру арқылы дүниетанымын кеңейту және ең негізгісі – адам өмірінде тамақтану мәдениетінің қандай рөл атқаратыны, мән-маңызы жөнінде орнықты көзқарасын қалыптастыру. **Міндеттері:** **білімділік** – оқушыларға тақырыптың мазмұнын түсіндіру, алған білімдерін шыңдау; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, ұқыптылыққа, тазалыққа, адамгершілікке баулу; **дамытушылық** – оқушылардың ақыл-ойын кеңейту, дүниетанымын ұштау.

Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, баяндау. **Түрі:** аралас. **Типі:** жаңа білім беру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, этика, биология, химия.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, сыныпты түгелдеу, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Адам ағзасына зиянды және пайдалы заттарды тауып келу, түсіндіру, баяндау.

III. Жаңа сабақ.

Кіріспе сөз: - Ұзақ өмір сүрудің ең дұрыс жолы – өмірді жақсы көру керек, өмірге құштар болу керек және адам өзін мүмкіндігінше бақытты сезінуі керек. Жақсы көретін достарыңызбен кездесіп, өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысу

өмірдің ұзақ болуына себеп болады. «Ас – адамның арқауы», дегендей, ішкен-жегенімізге де мән беріп жүруіміз керек.

Грек философы Сократ: «Біз жеу үшін өмір сүрмейміз, өмір сүру үшін жейміз», - деген екен. Шынында да, біз не жеп, не ішіп, қалай жеп жүргенімізге көп мән бермейміз. Мамандардың айтуынша, егер біз тамақтану тәртібін сақтап, асымызды түрлендіріп, дұрыс тамақтансақ, өміріміз жеңіл әрі ұзақ болады.

Ең дұрысы, тамақтанғанда асқазанға 60-70 пайыз ғана күш түсіру керек. Дастарқан басынан сәл тоймай тұрған жөн. Мүмкіндігінше бұға піскен тамақты көбірек жеу пайдалы, теңіз өнімдерін көбірек қолданып, түрлі салаттарды пайдаланған дұрыс.

Сөздік: *мәдениетті – культурный; тәбет – аппетит; қанағат – удовлетворение; зиян – вред; асымызды түрлендіріп – разнообразить пищу; бұға пісірілген – на пару приготовленные.*



толықтырып жазыңдар.

(Для сохранения здоровья) әрбір адам күн тәртібін сақтауға тиіс. Сен де өз күніңді (разумно) жоспарлай аласың. Күнделікті (утреннюю зарядку) жасағанның пайдасы көп. (При правильном распределении времени) сен көп пайдалы нәрсеге уақыт табасың.

2-тапсырма. **Тамаққа байланысты ырым және тыйым сөздерді есте сақтау.**

Асты жамандамайды. Қол жумай асты ішпейді. Дастарқан үстінде әдепсіз сөз сөйлемейді, жаман сөз айтпайды. Ауызында тамақ тұрғанда сөйлемейді. Көшеде, түрегеп тұрып, жүріп келе жатып немесе жатып тамақ ішпейді. Түнде тамақтың бетін жауып қояды. Үйге келген адамдарға дәм таттырмай шығармайды. Әкесі бар адам бас ұстамайды. Суды қарызға сұрамайды. Дастарқанда бата қайырылмай, ешкім орынынан тұрмайды.

3-тапсырма. **Мақал-мәтелдердің орысша баламасын тауып, мағынасын түсіндіріңдер.**

<ol style="list-style-type: none"> 1. Сыйлап берсе, суын іш. 2. Асы бар аяқтан аттама. 3. Ас қадірін тоқ білмейді. 4. Той тамағы тәтті. 5. Аса – адамның арқауы. 6. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды. 7. Күріштің мәнін май келтіреді. 8. Қазан қайнап тұрса, ақыл сайрап тұрады. 9. Жаманнан жарты қасық ас қалар. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Праздничные блюда – самые изысканные блюда. 2. Сытому не понять цену куска хлеба. 3. Не перешагивай через блюдо с едой. 4. Еда придает человеку силы. 5. И вода – еда, если от души подана. 6. Масло плову вкус придает. 7. Где пицца водится, там болезнь не заводится. 8. От плохого человека пол ложки еды остается. 9. Когда котел кипит, у человека мысль бурлит.
---	---

4-тапсырма. **Жұмбақтарды шешіңдер.**

1. Бір күнде үш байиды,
Үш жұтайды. (*Дастарқан*)
2. Өзі – қазық,
Өзі – азық. (*Сәбіз*)
3. Қызыл сарым –
Жырық қарын. (*Бидай дәні*)
4. Су ішінде желігер,
Құм үстінде демігер. (*Балық*)

5-тапсырма. **Тағамға қатысты фразеологизмдермен танысып, берілген аудармасы бойынша мағынасын түсіндіріңдер. Есте сақтандар.**

1. Айрандай ұйып тұр – живут дружно, в согласии;
2. Бір жұтым – глоток;
3. Бір шайнам – на зубок;
4. Бір үзім – ломоть, кусок;
5. Бір қайнатым шай – чай на одну заварку.
6. Сүт пісірім уақыт – время, за которое закипает молоко (около четверти часа).

6-тапсырма. **Өзіңді -өзің тексер.**

Дұрыс тамақтану адамның

- а) көңілін түсіреді;
- ә) көңілін көтереді;
- б) ұйқысын келтіреді.

Тамақ ішер алдында не істеу керек?

- а) ұйқыны қандыру керек;
- ә) кітап оқу керек;
- б) қолды сабындап жуу керек.

Адамға қандай тағам жеген пайдалы?

- а) өте майлы тағамдар;
- ә) көкөністер мен жемістер.

Мақал-мәтелдердегі есімшелерді анықтаңдар.

- а) Еңбек еткен тез жетілер,
Еріншектің ісі кері кетер.
- ә) Өмір үйретер, еңбек сыйлы етер.

Есімше қатарын табыңдар.

- а) тапсырмақ, тапсырылды, тапсырған;
- ә) айтпақшы, күлетін, күтпеген;
- б) ұмытар, қорғаушы, төгілді.

Берілген мысалдардан есімшені табыңдар.

- а) халін сұраған болды;
- ә) халін сұраған жоқ;
- б) сиқырлап тұр.

Көп нүктенің орынына тиісті есімшені қойыңдар.

Күздің ақшыл қою қымызы бүгін ерекше екен.

- а) ұқсаған,қышқыл;
- ә) тартқан, ашыған;
- б) піскен, қайнаған.

Есімшенің түрін анықтаңдар: оқымайтын, сызатын.

- а) ауыспалы шақ есімше;
- ә) өткен шақ есімше;
- б) мақсатты келер шақ.

Есімшенің тәуелденген түрін көрсетіңдер.

- а) жазылар кітап;
- ә) оқыған адам;
- б) жиған-терген.

Есімшелер берілген қатарды табыңдар.

- а) тапсырар, берілгендік, оқылған;
- ә) бермес, жаратпақ, қалған;
- б) келістік, алғызды, өсерсің.

Үйге тапсырма: берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аудару, мәтінді мазмұндау, тыйым сөздерді жағтау (108-бет).

Сәбира МАЙҚАНОВА,
Қарағанды облысының
Шет ауданындағы
«Бұрма» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШЫЛАУЛЫ АСТАНАМ

(9-сынып)

Мақсаты – оқушыларға шылау сөздердің қазақ тілінде атқаратын рөлі мен анықтамасы және түрлері туралы жүйелі, орнықты білім беріп, ел өміріндегі Астананың қоғамдық-саяси, әлеуметтік рөлі мен маңызы жөнінде терең де жарқын ой, мақтанышты сезім қалыптастыру.

Міндеттері: **білімділік** – оқушыларды ұжымдық түрде білім алуға баулу, сөздерді өзара байланыстырып, сөйлеу тілін дамыту; **дамытушылық** – алған білімдерін толықтырып, танымдық қабілеттерін арттыру, өз ойын еркін және жүйелі жеткізе білуге үйрету, жазу, ойлау, сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілік рухында, қаламызды сүйуге, аялауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: компьютер, тест, мәтін, слайдтар.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, оқыту, іздендіру, жаттығу.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, география.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Түгелдеу.

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Отырыңыздар.
- Сабаққа дайынсыздар ма?
- Сыныпта кім жоқ?

- Аптаның қай күні?

- «Сәрсенбі – сәтті күн» деп, балалар, сабағымызды бастаймыз.

- Үйге қандай тапсырма берілді? (Оқушы жауабы).

- Рахмет. Отыр.

II. Үйге берілген тапсырманы тексеру.

Астана туралы шағын әңгіме жазып әкелу. (Оқушылар жауабы).

III. Жаңа сабақ өту кезеңі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Балалар, бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: «Шылаулы Астанам».

ШЫЛАУ СӨЗДЕР

Септеуліктер

Арқылы, туралы,
дейін, қатар,
бірге, т.б.

Мысалы: Ол
Астанаға **дейін**
пойызбен барды.

Демеуліктер

**Ма, ме, ба, бе,
па, пе, -ақ, -ау,
түгел, емес, т.б.**

Мысалы: Ол
Астанаға барған
емес.

Жалғаулықтар

**Мен, да, де,
және, әрі, немесе,
бірақ,**

сондықтан, т.б.
Мысалы: Сен
Алматыға бардың
ба?

- Ал, енді, балалар, «Шылау сөздер» тақырыбымен танысып болдық, ендігі кезек Қазақстанның астанасы - Астана қаласымен танысамыз.

(Слайд арқылы түсіндіру)

1. Президенттің Ақорда резиденциясы.

Құрылысы 2001 жылы қыркүйекте басталып, ресми ашылуы 2004 жылы 24 желтоқсанда болып өтті. Жалпы ауданы 36720 шаршы метрді құрайды. Биіктігі - 80 м.

2. «Нұр Астана» орталық мешітінің құрылысы 2002 жылы басталып, 2005 жылы пайдалануға берілді. Мешіттің биіктігі 63 метрлік, төрт мұнарасы бар. Күмбезі алтынмен жалатылған. Мешіттің ауданы шамамен 4000 ш.м. құрайды.

3. «Астана – Бәйтерек» монументі – Астананың нышаны, оның келбеті. 105 метрлік биіктіктегі металл құрылымы, салмағы 1000 тоннадан артық және 500 дінгек қадамен ұсталынады. Монумент түнгі уақытта керемет жарқырап тұрады.

4. Тәуелсіздік сарайы. Астананың архитектуралық ансамблінде жаңа көрікті орын – Тәуелсіздік Сарайы пайда болды. Тәуелсіздік Сарайының үстіңгі қабаттарында көрме залдар бар.

5. Әуенді гүлді бұрқақ (фонтан). Сулы - жасыл бульвар. Әлем бойынша осындай үш бұрқақ бар. Құрылыс жұмысына 3,5 млрд. теңге жұмсалған.

6. Цирк ғимаратының құрылысы 2001 жылғы желтоқсанда басталып, 2005 жылғы 14 желтоқсанда есіктерін айқара ашты. Цирктің жүрегі: арена – 92 м. тостаған пішініндегі темір құрылымында орналасқан. Аренаның диаметрі – 13 м.

7. «Хан шатыр» ойын-сауық кешені. Әлемдегі ең биік қалқалы құрылым саналатын бұл құрылыс (150 м) үш қабатты полимерден жасалған ассиметриялық «шатыр».

8. **Лев Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті.** Астанада орналасқан Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі. 2012 жылы рейтингтік жариялауы бойынша әлемнің ең үздік 369-шы университеті болып саналады.

IV. Кітаппен жұмыс. Мәтінді оқыңдар «Астана – арман қала». 135-бет.

V. Деңгейлік тапсырмалар (Оқушыларды топқа бөлу):

1-топ – «Септеуліктер».

2-топ – «Демеуліктер».

3-топ – «Жалғаулықтар».

1-тапсырма. Кестені толтыру. 136-бет.

2-тапсырма. Берілген кестені толтырып, үш сөйлем құраңдар.

3-тапсырма. Тақтамен жұмыс жүргізу. «Арман қалам» деген тақырыпқа сызба құрып, әңгімелеу.

VI. Бүгінгі жаңа сабақ бойынша өтілген «Шылау сөздер» топтары Елордамыз Астанаға арналған өлең жолдарын тарту етеді.

VII. Сабақты бекіту:

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Астана қандай қала? Сендер Астана қаласында болдыңдар ма?

2. Бас қаланың рәміздік белгісіне айналған қай ғимарат?

3. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?

4. Астана қаласының тұсаукесер тойы?

VIII. Бағалау. Күнделіктеріне баға қою.

IX. Үйге тапсырма: «Менің қалам» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

ТІЛ МЕН ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ БАЙЛАНЫСЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты – балаларға қазақтың мал шаруашылығында төрт түліктің қандай маңызды орын алатындығына назарын аударып, ана тілін байытуға қайырымдылығын қырынан үлес қосқандығы жайында, төрт түлік мал өнімдері мен олардың атаулары туралы жан-жақты ұғындырып, білімін көтеру. **Міндеттері: білімділік** – үй жануарларының қазақша атауларын дұрыс айта білуге, оларды ажырата алуға үйрету. Олардың пайдасы туралы білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауда білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Оқушыны тапқырлыққа, іскерлікке жетелеу. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тіл байлығын молайтып, ойлау, көру, қабылдау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды төрт түлікке деген құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Төрт түлік малды қастерлеп, қамқорлық жасауға үйрету. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру, әңгіме. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, сызба, слайдтар көрсету. **Пәнаралық байланыс:** дүниетану, әдебиет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу. 2. Түгелдеу. 3. Сабаққа жұмылдыру.

II. Өткенді қайталау кезеңі: “Бәйге”.

5 - Хайуанаттарды ата.

10 - Қазақ тілінде неше септік бар?

15 - Үй құстарын ата.

20 - Төрт түлікті ата.

25 - Жылқы сөзін септе.

30 - Қай септіктің жалғауы үндестік заңына бағынбайды?

III. Жаңа сабақ.

Тіл дамыту сәті.

Жұмбақтар шешу. Кім тапқыр?

Жаңа тақырыпта жұмбақтарды шешіп, төрт түлік мал туралы білетінімізді еске түсіру.

Кезекті бір жануар, Үстінде екі тауы бар.	Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар.
Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар. Адам деуге болмайды, Бірақ сақалы бар.	Екі айнасы бар, Екі айыры бар.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Тіл мен төрт түліктің байланысы» деп аталады. Біз өткен сабақтарда төрт түлік малға не жататынын, олардың адамға қандай пайдасы бар екені жайлы айтқанбыз. Ал, енді, осы тақырып бойынша ауызша, жазбаша жаттығулар орындап, тақырыпты қайталап, өздерің сөйлеп үйренесіңдер, білімдерінді әрі қарай кеңейтесіңдер.

Мал туралы нақыл сөздер.

Түйе – байлық, Жылқы – мырзалық.	Мал өсірсең – қой өсір, Өнімі оның – көл-көсір.
Жылқы – малдың патшасы.	Түзде бұзауы жамырағанның үйде айраны төгілер.

Тыйым сөздер.

- Ақты төкпе.

- Малды теппе.
- Ақты баспа.
- Малға теріс мінбе.
- Малдың басынан ұрма.

Топ бойынша жарыс.

Сыныпты топқа бөлу:

1-топ – Ботақан: Үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырату.

2-топ – Қошақан: Төрт түліктің адасқан төлдерін табу.

Оқулықпен жұмыс. 109-бет.1-тапсырма.

Сұхбатты рөл бойынша оқу.

Өзара сұхбаттасу.

«Не істейді?» ойыны (жарыс).

Сұхбат бойынша жұмыс.

- Сен төрт түлікті білесің бе?

- Иә, білемін.

- Атап шықшы.

- Олар: түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкі.

- Түйенің төлі не?

- Түйенің төлі – бота.

- Сиырдың төлі не?

- Сиырдың төлі – бұзау.

- Жылқының төлі не?

- Жылқының төлі – құлын.

- Қойдың төлі не?

- Қойдың төлі – қозы.

- Ешкінің төлі не?

- Ешкінің төлі – лақ.

Ойын – «Не істейді?»

Не істейді?	
Ешкі	Маңырайды, лақтайды

Қой	
Түйе	
Жылқы	
Сиыр	

1-топқа: Жылқы (не істейді?) (құлындайды, кісінейді)

2-топқа: Түйе (не істейді?) (боталайды, боздайды)

1-топқа: Сиыр (не істейді?) (бұзаулайды, мөңіреді)

2-топқа: Қой (не істейді?)... (маңырайды, қоздайды)

Жазба жұмыстары.

Интерактивті тақтада төлдердің атын тауып жазу.

«Қай дыбысты жоғалттым?» (дыбысты дұрыс тауып, сауатты жазу).

Тақтада берілген сөйлемдердің дұрыс, бұрысын белгілеу.

Ойын: «Ненің төлі?»

Ешкі	_____
Қой	_____
Түйе	_____
Жылқы	_____
Сиыр	_____

«Қай дыбысты жоғалттым?»

Қ		Л	Ы	Н
Ж	Ы	Л		Ы
	О	З	Ы	
б		з	а	у


Дұрыс, бұрысын белгілендер.

	Дұрыс (+)	Бұрыс (-)
Түйенің төлі – қозы.		
Сиыр мөңіреді.		

- Төлдердің дыбыстарын ұнтаспа арқылы тыңдату. Сол арқылы төрт түлікті дұрыс тауып айту.
- - Төрт түлік мал бізге не береді?

Топтастыру стратегиясы (тақтаға жазу)

IV. Бекіту кезеңі: Венн диаграммасы.



V. Қорытынды: - Балалар, төрт түлік мал адам үшін ішсе – сусын, жесе – тамақ, кесе – киім, мінсе – көлік екені туралы көп мәлімет алдық. Қазақ халқы үшін төрт түлік мал өте маңызды болған. Олар адамның жан серігі, айырылмас досы болған. Өздерің суреттен көріп отырғандай сендер де төрт түлік малды қастерлеп, қамқорлық жасауға тиіссіндер.

VI. Бағалау кезеңі. Мадақтау, әділ бағалау.

VII. Рефлексия кезеңі:

- Сабақта не ұнады?

Не білдім?

Не үйрендім?

Не ұсынамын?

VIII. Үйге тапсырма: 109-бет. 1-тапсырма. «Төрт түлік малды білесің бе?» сұхбатын жаттау.

Сәуле СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қарағанды облысының
Бұқар жырау ауданындағы
Дубовка селосындағы жалпы
орта білім беру мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

КЛАСТЕР – ТАБИҒАТ АЯСЫНДА

Сабақтың мақсаты – кластер, оның анықтамасы туралы балалардың көзқарасын қалыптастырып, табиғаттың адам өмірінде қандай рөл атқаратындығы, бәріміз соның перзенті екеніміз жөнінде білімін тереңдету, дүниетанымын кеңейту.
Міндеттері: білімділік – табиғат туралы ұғымды кеңейту; табиғаты әсем жерлері туралы мәлімет беру; **дамытушылық** – оқушыларға жан-жақты білім беру, мәтінді талдау; **тәрбиелік** – оқушыларды табиғатты қорғауға, аялауға, сүйюге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білім беру сабағы. **Тәсілдер:** жұптық жұмыстар, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлаудың» бірнеше элементері (кластер, миға шабуыл, бес жолды өлең). **Көрнекілік:** суреттер, мақал-мәтелдер жазылған плакат, тірек-сызба, оқулық. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география.

Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі;

ә) Үй тапсырмасын тексеру:

1. Жылда неше мезгіл бар?

2. Қазір қандай жыл мезгілі?

3. Сендер қай жыл мезгілін ерекше күтесіңдер?

4. Балалар жазда қалай демалады?

5. Қандай сөз таптарымен таныстық?

(2 оқушы тақтада кәртішкемен жұмыс орындайды).

Жаңа сабақ.

- Балалар! Сендер табиғат деген сөзді естігенде ойларыңа не түседі?

1. «Миға шабуыл». 1 мин. Оқушылар жауап береді. Бір оқушы тақтада кластер жазады.

2. - Балалар, енді сұрақтарға жауап беріңдер:

- Қазақстанның табиғаты қандай?

- Қазақстанда қандай өзендер бар?

- Қазақстанда қандай таулар бар?

- Қазақстанда қандай көлдер бар?

- Дубовкада қандай өзен бар?

Дубовкада Соқыр өзені ағады. Қазақстандағы табиғаты әдемі жерлер – Бурабай, Баянауыл, Қарқаралы.

2 оқушы қосымша мәлімет береді.

Мұғалім: - Балалар, бүгінгі сабағымыз табиғатты қорғау мәселесін көтереді. Табиғаттағы барлық нәрсе өзара тығыз байланыста. Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Оқулықты ашып, мәтінмен жұмыс орындаңдар. Сөздікке жаңа сөздерді жазыңдар.

Өңірі – окрестность; Өлке – край; Мекеме – учреждение.

Жаңа сөздермен сөз тіркесін құрастырыңдар.

Мәтінді оқып аударамыз және мазмұнына 5 сұрақ құраймыз.

- Балалар! Табиғат – тірі дүние ме? Табиғатты сақтау үшін не істеу керек? Сендердің қолдарыңнан не келеді? Өсімдіктердің табиғатта қандай пайдасы бар?

Кластерді толықтырамыз.

Мұғалім: - Табиғатты қалай қорғап сақтасақ, денсаулығымызды да солай сақтап қорғауымыз керек. Табиғатты, қоршаған ортаны күтіп аялаймыз. Бес жолды өлең жазамыз:

1. Табиғат.

2. Көркем, әдемі.

3. Өзгереді, күтеді, ластанады.

4. Табиғат пен адам – біртұтас.

5. Тіршілік.

Мақал-мәтелдерге назар аударыңыздар.

1) «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ». 2) «Таза болса табиғат, аман болады адамзат». 3) «Бір ағаш кессең, он ағаш отырғыз». 4) «Орман көп болса, олжаң көп». 5) «Ормансыз жер жалаңаш, армансыз жер жалаңаш».

Мақалдарды оқып аударыңдар.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың негізгі тақырыбын түсіндіңдер ме? Не жайында айтылды?

Әр топтың жауабын тыңдап, мұғалім қорытынды жасайды. Сабақты қорыту, бағалау, үйге тапсырма беру кезеңі.

Үйге тапсырма: 64-беттегі мәтінді мазмұндау, жаңа сөздерді жағтау.



Жанна БАҚАТАЕВА,
Астана қаласындағы
№32 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ФОНЕТИКАНЫ ҚАЙТАЛАТҚАН ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: қазақ тілінің фонетикасы туралы білімін тексеру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта, жаза білуге үйрету, тіл тазалығына мән беру; оқушылардың ақыл-ойын, зердесін, тапқырлығын, ауызша сөйлеу әрекетін

дамывту, топта бірігіп жұмыс жасай білуге, бір-бірін тындай білуге, пікір санасуға тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі.

Көрнекілігі: 2 түрлі кесте, жұмбақ және әріптер жазылған плакаттар, тест сұрақтары.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, түгелдеу.

Оқушыларды 2 топқа бөлу. Топтың атын қойып, капитанын сайлату.

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы: **«Фонетиканы қайталанған ойын түрлері»**. Фонетика – гректің дыбыс деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған. Дыбыстың сипаты әр түрлі, табиғат құбылыстарының – желдің гуілі, күннің күркіреуі, әр түрлі қақтығыстан болатын дыбыстар. Бірақ бұл дыбыстардан тіл дыбыстарының ерекшелігі бар. Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы шығады, бірақ жеке тұрып мағына білдірмейді, бірігіп сөз құрап, мағына білдіреді.

2. «Топтастыру» әдісін қолдану.

«Фонетика» сөзін естігенде қандай ой келеді?



Оқушылардың айтқан сөздерін тақтаға жазу.

- Бүгін осы дыбыс, буын, екпін тағы басқа айтылғандарды пайдалана отырып, диалог құраймыз. Әркім фонетика тақырыбына бір сұрақ ойлап табады, сұрақтар қайталанбауы қажет және әр оқушы сұрақ қойып, жауап беруі керек.

Әр топтың оқушысы басқа бір топтың оқушысына сұрақ қойып, жауап алады (диалог).

Мысалы: -Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?

- Қазақ тіліне тән 9 дыбыс бар.
- Дауысты дыбыстар неше түрге бөлінеді?
- 2 түрге –жуан және жіңішке.
- Жуан дауысты дыбыстарды ата.
- А, о, ұ, ы.
- Ъ, ь әріптері дыбыс болып санала ма?
- Жоқ, саналмайды.

Кестедегі дыбыстарды қайталатып, **и, у, э, я, е, ю** дыбыстарының емлесі туралы айтып кету. **И, Э** және **У** дыбыстары бірде жуан, бірде жіңішке, бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келеді. Мысалы: *дауыс* сөзінде **У** -жуан, дауыссыз болып келеді, *сурет* сөзінде – жіңішке, дауысты; *ин*е – жіңішке сөз.

Ё, Ю, Я - дыбыстары – дифтонг дыбыстар (й+о, й+у, й+а).

- Енді, қорыта отырып, Фонетика туралы жалпы білімдеріңді тест арқылы тексерейік.

3. Тест сұрақтарына жауап қайтарту.

1. Дыбыстарды зерттейтін сала:

а) синтаксис; ә) фонетика; б) морфология.

2. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?

а) 41; ә) 42; б) 38.

3. Жуан дауысты дыбыстарды тап:

а) ә, е, ү, і; ә) м, у, н, р; б) а, о, ұ, ы.

4. Жіңішке дауысты дыбыстарды тап:

а) ә, е, ү, і; ә) м, у, н, р; б) а, о, ұ, ы.

5. Қатаң дауыссыздарды тап:

а) б, в, г, ғ; ә) д, ж, з, л; б) п, ф, к, т.

6. Үнді дауыссыздарды тап:

а) б, в, г, ғ; ә) ң, у, р, л; б) қ, ф, к, т.

7. Буынға дұрыс бөлінген сөзді тап:

а) ән-ші-лер; ә) баст-ау-ыш; б) жұм-ыс.

8. Дауыссыз дыбыстың неше түрі бар?

а) 2; ә) 4; б) 3.

9. Ұяң дыбысқа біткен сөз:

а) көз; ә) аяқ; б) бас.

10. Буынның неше түрі бар?

а) 4; ә) 2; б) 3.

11. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?

а) 12; ә) 9; б) 10.

12. Жіңішке сөзді тап:

а) қалам; ә) мереке; б) сабақ.

4. Ойнататын ойын түрлері:

А) Кестені толтыру.

«А» әріпінен басталатын, кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тауып, кестеге жазғызу (топтағы әр оқушы жұмысын қадағалау). Мысалы:

ай	на		
ал	хо	ры	
ав	то	бус	тар

Б) Бір сөзде екі а, екі қ, екі е, екі к (а - а, қ - қ, е - е, к - к) әріптері бар сөздер ойлап табындар.

Мысалы: қазан, қазақ, кеше...

В) Капитандар сайысы.

«Сингармонизм заңын» еске түсірейік. Сөздерге тәуелдік жалғауын жалғатып, дыбыстардың өзгеруін түсіндіру:

Лақ+ым – лағым, кітап+ың – кітабың, тарақ+ы – тарағы, мектеп+і – мектебі, төсек+ім – төсегім, көйлек+іңіз – көйлегіңіз

Бір сөзге фонетикалық талдау жасату:

Л – дауыссыз, үнді.

А – дауысты, жуан.

Ғ – дауыссыз, ұяң.

Ы – дауысты, жуан.

М – дауыссыз, үнді.

Г) Берілген әріптерден сөздер құрату.

Ә, Р, Ө, Ң, Е, Т, І, Қ, А, F, С, К.

Мысалы: ат, ет, қас, тер, ер...

Д) Буындарды қайталай отырып, келесі ойындарды ойнайық. Буындарды көрсетіп, әрі қарай сөзді жалғастыру.

Мысалы:

АС – тық, паз, қазан...

ҚА – ғаз, рия, ла...

АЛ – ма, мұрт,...

МА – қал, рал...

Е) «Фонетика» тақырыбына сөздер ойлап тауып, кестенің ішіне буынға бөліп жазғызу.

Сөз			
ды		быс	
ә	ріп		тер
фо	не		ти
			ка

Ж) Жұмбақ айтып, шешімін тапқызу:

1) «Ж»-дан басталса, жыл мезгілі, «Қ»-дан басталса – құс (Жаз-қаз);

2) «Ш»- дан басталса-ішетін сусын, «М»-дан басталса – жейтін азық (шай-май);

3) «Қ»-дан басталса –дене мүшесі, «С»-дан басталса – сілтеу есімдігі (қол-сол).

И) Фонетика тақырыбына «Бес жолдық өлең жолын» құрату.

1. Дыбыс.

2. Жуан, дауысты.

3. Зерттейді, айтады, жазады.

4. Фонетика – дыбыстарды зерттейтін сала.

5. Фонетика.

5. Үйге тапсырма беру: Фонетика тақырыбына сөзжұмбақ жасап келу.

6. Қорыту. Жеңімпаздарды марапаттау. 7. Бағалау.

ВОЛЕЙБОЛДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты – волейбол ойынына қатысты грамматикалық тақырыптарды: жаңа сөздерді, сол сөздер арқылы волейбол мәтінін ойлап жазуды, дұрыс сөйлем құрап, жатық сөйлеуді үйретіп, адам денсаулығын сақтау ісінде спорттың, соның ішінде волейбол ойынының тигізер пайдасы туралы білікті көзқарасын қалыптастыру.

Міндеттері: а) **білімділік** – волейбол ойынымен таныстыру, оның ерекшеліктерін білу, олимпиадада жеңіске жеткен толағайлар туралы хабардар етіп, мақтаныш сезімін ояту; ә) **дамытушылық** – олимпиада бейбіт елдердің бәсекесі екенін оқушылардың санасына жеткізу. б) **тәрбиелік** – оқушыларды салауатты өмір салтын мықты ұстауға шақыру, ұлттың бетке ұстар толағайларын құрметтеуге, осы толағайлар секілді азамат болып өсуге, ел намысын әрқашан биік ұстар, ұлтжанды азамат болып өсуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: толағайлардың суреттері, Лондон олимпиадасы туралы жазылған мақалалар, интерактивті тақта. **Әдісі:** презентация, флипчарт, түсіндіру, оқу, аудару, талдау, топтық, жеке жұмыстар, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту ойыны, тест. **Пәнаралық байланыс:** денешынықтыру сабағы, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сұрақ-жауап.

- Сыныпта кім кезекші?

- Сыныпта кім жоқ?

- Жылдың қай мезгілі? (1-слайд)

II. Үй тапсырмасын тексеру (2-слайд).

1. Спорт шеберлері туралы әңгімелеу. (оқушылардың презентациясы).

Лондон олимпиадасында қола медаль жеңіп алған отандастарымыз туралы мәліметтерге кезек беріледі.

2. Оқушылар спорт туралы өз шығармаларын оқиды.

Мысалы: «Менің атым – Мадияр. Мен бос уақытымды пайдалы өткіземін. Бос уақытта спортпен айналысамын. Қыста шаңғымен сырғанаймын, коньки тебемін. Жазда футбол, волейбол ойнаймын. Мен велосипед спортымен де айналысамын. Мен спорт үйірмесінде жүгіремін, секіремін, жаттығамын. Мен Қостанай қаласына футбол жарысына бардым. Біз екінші орын алдық. Мен болашақта Қазақстан намысын қорғаймын. Досым сенің де спортпен айналысқаның дұрыс».

Қорытынды:



(Мықты, күшті, денсаулық, зор, әйгілі, атақты, сұлу, өмір жақсы, көп өмір сүру)

III. Жаңа тақырып.

1. Спорт тақырыбына байланысты диалог тыңдап, бүгінгі сабақтың тақырыбын атау.

Проблемалық сұраққа негізделген диалог мәтіні:

- Сәлем!

- Сәлем!
- Сен қайдан келесің?
- Мен спорт кешенінен келемін.
- Онда не істедің?
- Онда волейбол ойнадым.
- Волейбол үйірмесінде не істейсіңдер?
- Біз секіреміз, жүгіреміз, жаттығамыз, волейбол ойнаймыз.

- Сен волейболдан жарысқа қатысасың ба?
- Мен волейболдан жарысқа қатысамын.
- Волейбол үйірмесіне қатысуға бола ма?
- Болады. Ертең менімен бірге барып үйірмеге жазыл.
- Бүгінгі тақырыбымыз спорттың қай түрі туралы?
- Дене мен бой өсіретін сұлу өнер – волейбол жөнінде.

2. Жаңа сөздер:

Шыдамдылық – выносливость;

Өмірінің ұзаруы – продолжительность жизни;

Үйлесімділік – гармония;

Сұлулық – красота;

Салауатты өмір – здоровый образ жизни;

Рухани – духовный.

3. Мәтінмен жұмыс (мәтінге ат қою):

Спорт – адам денсаулығын жақсартуға таптырмас құрал. Спорт өнеріне жеткіншектерді баулу – ерте заманнан қалыптасқан дәстүр.

Волейбол – мектеп оқушыларында шыдамдылық, сұлулықпен тұрақтылықтың қалыптасуына жол ашатын спорт түрі.

Бұл – балалардың өміріне өте қажет дене жаттығуларының үйлесімділігін жақсартатын ойын. Волейбол ойыны үшін спорт залы, спорт кешендері таза болуы керек.

4. Мәтін арқылы сұрақ-жауап:

1. Спорт қандай құрал?

2. Спорт қандай дәстүр?

3. Волейбол спорттың қандай түрі?

4. Волейбол қандай ойын?

5. Спорт залдар, спорт кешендері қандай болуы керек?

Қандай қорытынды жасауға болады?

(Адам спортпен, волейболмен айналысса дені сау болады, ауырмайды, өмірі ұзақ болады, сұлу болады)

5. Сергіту сәті. – «Қара жорға» биін билеу.

6. Дәптерлерде жұмыс. Грамматикалық жаттығулар:

Волейболшы сөзін жіктеу.

Волейбол сөзін тәуелдеу.

Волейбол сөзін септеу.

(Бір-бірін тексеру)

Сөздер арқылы мәтін құру. (Мен болашақта волейболшы боламын. Менің досым волейбол үйірмесіне қатысады.)

7. Дұрыс сөйлемдерді табындар:

Мен спортпен айналыспаймын.

Маған волейбол үйірмесі ұнайды.

Мен волейбол жарысына қатысамын.

Мен Қазақстан намысын қорғаймын.

Спорт адамға пайдалы.

Біздің мектепте волейбол үйірмесі жоқ.

8. Қорытынды:

- Волейбол бізге қандай пайда әкеледі?

Денсаулықтың достары: спорт, көңілді жүру, демалу, дұрыс ұйқы, дұрыс тамақтану, шынығу, тазалық.

Рефлексия:

- Балалар, сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма? (жүрекшелер сыйлау)

9. Үйге тапсырма беру.

10. Бағалау.

ГРАММАТИКА ҚОНАҒЫ – ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

Сабақтың мақсаты – оқушылардың грамматикалық ұғымдар – синоним, омоним және сөйлем талдау, жаңа сөздер жөнінде, орыс тілі және география пәндерімен байланысы туралы түсінігін кеңейтіп, Қаныш Сәтбаевтың ғалымдығы, ғылымда алған орыны, елге сіңірген еңбегі, кісілік қасиеттері жайында білімін толықтырып, соған еліктеп өсуіне әсер ету. **Міндеттері:**

а) білімділік – Қаныш Сәтбаев туралы, еліне, ғылымға сіңірген еңбегі жөнінде, ашқан ғылыми жаңалықтары жайында мағлұмат беру; **ә) дамытушылық** – оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдап, қосымша мәлімет алу. Слайд көру арқылы ғалымның отбасымен танысып, отбасында қандай тәрбие алғанын әңгімелеу. Ғалым ретінде маңызды зерттеу жұмыстарына тоқталу; **б) тәрбиелік** – ғалымның еңбектері қазақ елі үшін өте құнды екенін дәлелдеп, адам баласына қандай мінез қалыптасуы қажет екенін жеткізу. Өмірде түрлі жағдайда адамгершілік қасиеттерін сақтай білуге баулу.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгерту сабағы. Оны екі тілде жүргізу, пәнаралық байланыс (орыс тілі мен география пәндерімен). **Әдісі:** сұрақ-жауап, тіл дамыту, оқушылардың шағын ғылыми жобаларын

интерактивтік тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру. Қаныш Сәтбаев (өмірбаяны):

- Қаныш туралы не білеміз? (ойқозғау стратегиясы)

Өмір сүрген жылдары, шын аты, білімі, жұмысы туралы.

- Қаныш Сәтбаев қазақ балаларын неге бөленіп өскен нәзік жандар деген?

- Қазақ жастары қазақ халқының асыл дәстүрлеріне бөленіп өскен жандар деген.

- Асыл дәстүрлерге не жатады? (үлкенді сыйлау, әдептілік, кішіпейілділік, т.б.)

- Қаныш туралы шағын біліміміз бар екен, ал ол қандай отбасынан шықты және өзінің отбасы туралы мәліметтерді тыңдап шығайық.

«Қаныштың отбасы» туралы мәлімет (шағын ғылыми жобаны қорғау)

Оқушылар сұрақ-жауап құрастырады.

Қорытынды: Қаныштың отбасы ғылым жолында үлкен жетістіктерге жете білді. Өзінен бастап, қыздары, күйеу балалары, немерелері, жиендері ел үшін еңбек етіп, өз іздерін анық қалдырды. Осы үлкен дәрежеге жете біліп, нені ұмытқан жоқ?

- Асыл дәстүрлерді.

- Сонда ол қандай мінезді талап еткен? (адалдық, кішіпейілділік, үлкенді сыйлау)

- Сонымен қатар Сәтбаев отбасының басты адами қасиеті қандай?

- Қарапайымдылық.

Оқушылардың дайындаған мәліметтерін тыңдай отырып, ой-өрістерімізді кеңейтеміз.

III. Жаңа тақырыпты талдау:

Адам боп оңай туғанмен,

Адам боп қалу – көп қиын (Қадыр Мырза Әлі)

- Осы сөзді қалай түсінеміз? (Оқушылардың жауаптары).

Мұғалім: - Адамгершілік, адалдық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, т.б. адами қасиеттер – Имантай әкесінен бастап, Қаныш және оның үрім-бұтақтарына сіңген қасиеттер. Қаныш кез келген адамға көмек көрсете білген, одан тек балалары ғана емес, бүкіл орта үлгі-өнеге алған.

Қаныш туралы халық арасында тарап кеткен әңгімелер көп. Бір қарияға Қаныш ағаның үстіндегі тоны өте ұнаған екен. Қаныш аға көп ойланбастан үстіндегі тонын шешіп, Таисияға телефон соғып, үйіндегі фуфайкасын сұратқан. Осы әңгімеден-ақ Қаныш ағаның жомарттығы, асыл дәстүрді білуі, үлкенді сыйлағаны көрінеді.

Жаңа сөздермен жұмыс.

Синоним:

Жаңылу – айну, қателесу;

Лауазым – атақ, даңқ;

Сарп етеді – тауысады, арнайды;

Күшін – қуатын, жігерін;

Еңбексүйгіш – еңбекқор;

Қадірлі – қымбатты;

Қарапайым – кішіпейіл.

Омоним:

- Ой – 1) зат есім, адамға тән қасиет;
2) етістік, заттың қимылы.

Оқу.

Жаңылу сөзі қандай сөз табына жатады?

Лауазым сөзінің буын түрлерін атау.

Еңбекқор сөзі үндестік заңына бағына ма?

Қымбат сөзіне қандай антоним келтіре аламыз?

Қадірлі сөзі сын есімнің қай түріне жатады?

Оқулықтың 111-беті, мәтінмен жұмыс:

1. Оқушылар мәтінді тізбектеп, мазмұнын түсініп оқиды.

2. Сұрақ-жауап құрастыру:

- Ғалым болу үшін не керек?
- Ғалым бүкіл өмірін кім үшін сарп етеді?
- Қаныш аға жұртқа қалай қарайтын?
- Әр адамда қандай қасиеттер болу керек деген?
- Бүгінгі жастар қандай болу керек?

3. Мәтінді іштей оқу.

4. Сөз қорын тексеру.

Қаныш туралы не білдік? (алған білімдерін қорыту, дұрыс, сауатты сөйлемдер құру)

- Қаныш ғылымның үлкен белестеріне көтерілді, бірақ ана сүтімен енген қазақи тәртібін еш уақытта ұмытқан жоқ. Кез келген адамнан қолынан келген көмегін аямаған.

- Қорыта айтқанда өз өмірін неге сарт етті?
- Бүкіл өмірін геологияға арнаған.

(Географиядан мәлімет)

Учитель: - Полвека тому назад, отправляя сыновей в дальнюю дорогу учиться, простые казахи напутствовали их, благославляя, и напоследок желали «Қаныш ағадай бол!» (Будь похож на Каныша).

На первом месте для Сатбаева всегда была забота о человеке. Он раскрывал секреты земных недр Казахстана, развивал геологическую науку, чтобы людям жилось лучше. Он свято верил в великий потенциал и большое будущее своего народа.

Ученица: - Значение металлогенической карты.

Учитель: - Итак, Сатбаевская карта точно и подробно отвечала на жизненно важные, вечные вопросы геологов, что и где надо искать. По сей день этой металлогенической картой, составленной более 50 лет тому назад, в настоящее время пользуется геология Казахстана.

Ученица: - Каныш Имантаевич – генерал тыла.

Учитель: - Да, быть на фронте Канышу Имантаевичу не довелось, потому что у него была, как говорится, своя война - не менее ответственная и напряженная. Так, буквально на голом месте военными темпами за 38 дней был создан крупнейший марганцевый Джездинский рудник. В годы Великой Отечественной Войны из каждых 10 пуль выпущенных по врагу, 9 пуль были выплавлены у нас в Казахстане. Недаром Каныша Имантаевича земляки называли «генералом тыла».

Ученица: - Канал «Иртыш-Караганда».

Учитель: - Сегодня Экибастуз, Караганда, Темиртау и другие города пьют иртышскую воду. В настоящее время

правительством уделяется особое внимание изысканию подземных вод из скважин для водопотребления населенных пунктов, т.к. все больше нарастает дефицит воды из поверхностных водоемов. А ведь, это Сатбаев в то время предвидел данную проблемную ситуацию, и запрещал использовать подземную артезианскую воду для сохранения потомкам.

С именем К.И.Сатбаева неизменно связано определение «первый»:

- первый казах, доктор геолого-минералогических наук.

- первый казах – академик, председатель Президиума казахского филиала Союзной академии наук;

- первый Президент Академии наук Казахстана.

Выполнение тестовых заданий на время (закрепление)

«На такой высокий уровень от Казахстана, от казахов еще никто не поднимался». Н.Назарбаев.

- Қаныш бүкіл әлемге танымал адам болды. Оның есімімен не аталған?

Мұғалім: - Қаныш Сәтбаев – ғұлама, сонымен қатар өте қарапайым, кішіпейіл, жан-жақты дарынды азамат. 1947 жылы Уинстон Черчилль қабылдауында болған уақытта Қаныш өзін қай жағынан көрсете білді?

Оның бойы қандай? (1 м 96см, бас киімі 62 өлшемді)

IV. Сабақты бекіту:

Сөйлемді талдау:

Үлкен ағамыз жұрттың бәріне бірдей қарайтын.

1. Сөйлемді аудару, мағынасын түсіндіру.

2. Сөздерді сөз құрамына талдау.

3. Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін ажырату:

Бірдей қарайтын- етіс с.т, б.т-жанасу;

Жұрттың бәріне- есім с.т, б.т.- матасу;
Үлкен ағамыз- есім с.т., б.т.-қабысу;
Ағамыз қарайтын- етіс с.т., б.т. -меңгеру.
Қанекен асық, доп ойнаса да, бір сағаттан артық
ойнамайтын болған.

1. Сөйлемнің түрін анықтау (қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем)

Ол ойын-сауыққа көп уақыт жоғалтқанды ұнатпайтын, бірақ полька, мазурка, вальс билерін сол кездегі қазақ жастары арасында Қаныштай ешкім билемейтін еді.

2. Сөз таптарына ажырату.

Мұғалім: - Қаныш Сәтбаевтың ғылым саласына әкелген дарынды, білікті адамдары көп болған. Соның бірі – Әлкей Марғұлан. Ол туралы біз оқып білдік.

Ол кім? (оқушылар білгендерін айтып береді)

1943 жылы Сәтбаевтың ықпалымен Шафик Чокин энергетика саласының меңгерушісі ретінде тағайындалды. Кейін Чокин қазақ энергетика ғылымының негізін қалады.

Қаныш Сәтбаев геолог Ш.Есеновтың дарындылығын байқап, оның геология министрі болуына ықпал етті. Сонымен қатар Евней Букетовті ғылымға әкеліп, оны 1960 жылы химия-металлургия институтының директоры етіп тағайындады. Евней Арыстанұлы келешекте химия ғылымында бірнеше жаңалықтың авторы болып, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды (Слайд көру).

Сабақты қорыту. Шағын шығарма жазу: «Қаныш аға қандай?».

V. Сабақтан қорытынды шығару, бағалау.
Рефлексия өткізу.

АТА ӨНЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЗЕКТЕС САЛАЛАС

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты – балаларға ата өнері, оған жататын өнер түрлері туралы кеңінен түсінік беріп, әсіресе, ән өнерінің тәрбиелік сан алуан қырлары жайында маңызды мағлұматтарға арнайы тоқталып, кезектес салалас анықтамасын, оның грамматикада атқаратын рөліне жан-жақты терең түсінік беру. **Міндеттері:** а) **білімділік** – оқушыларға «кезектес салалас» туралы мағлұмат беру, жасалу жолдарын түсіндіру, қазақ халқының ән өнерімен таныстыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйрету; ә) **дамытушылық** – сөздік қорларын байыту, ойлау қабілеттерін дамыту, сұрақтарға дұрыс түсініп жауап беруге үйрету, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; б) **тәрбиелік** – қазақ халқының өнерін, жерін, елін құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, сұрақ – жауап, көрнекілік, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, кәртiшке, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) сәлемдесу;

ә) кезекшімен сұхбат.

II. Оқушылармен ауызекі әңгіме жүргізу:

- Бүгін нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Жылдың қай мезгілі?
- Қыс айлары?
- Бүгін ауа райы қандай?
- Қазір қай сабақ?
- Қазақ тілінен үйге не берілді?

III. Үй тапсырмасын тексеріп, бағалау.

IV. Өткен тақырыпты қайталау.

1. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның қандай түрлерін білесіздер?
3. Шаңқобыз қандай аспап?
4. Шаңқобызда көбіне кімдер ойнаған?

V. Оқушыларды жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем

(последовательно – сочинительные). Кезектес салалас құрмалас сөйлем іс - әрекеттің бірінен кейін бірі кезегімен болатынын білдіреді. Олардың жай сөйлемдері мынадай шылаулар арқылы байланысады: *бірде, біресе, кейде, т.б.*

Мысалы: *Біздің отбасымыз демалыс күні кейде теледидардан қазақ халқының күйлерін оркестрдің орындауында тыңдайды, кейде эстрада әншілерінің әнін тыңдайды.*

Біз салалас құрмалас сөйлемнің тағы бір түрімен таныстық. Енді алған білімімізді пысықтау мақсатында төмендегі практикалық жұмыстар орындалады.

1. Перфокарталармен жұмыс.

Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажырату.

1. Қазақ халқы әнге бай және Біржан сал, Ақан сері,

Жаяу Мұса сияқты әнші-композиторлары бар.

2. Сашаның сабаққа шаңқобызды алып келуін бәрі күтті, бірақ ол ауырып қалыпты.

3. Мына әнді не мен, не сен айтасың.

4. Балалар, бұл әнді қазір орындаңдар, себебі бұл — соңғы сабағымыз.

5. Нұрлан Өнербаев қазақ әндерін біресе домбырамен орындайды, біресе гитарамен орындайды.

Сөздікпен жұмыс.

Жаңа сөздермен жұмыс жүргізу. Сөздерді екі тілде мәнерлеп оқиды, мұғалімнен кейін хормен қайталайды:

Жырлау – воспевать; Үн – голос; Мұң – печаль.

- Жаңа сөздерден сөз тіркесін, сөйлем құрастырыңыздар;

Ата өнері – балаға мұра.

Қазақ халқы – өнерсүйгіш халық. Оның музыкалық мәдениеті өте бай.

«Ата өнері – балаға мұра» деп бекер айтылмаған.

«Тыңдаңызшы... Бұл ғасырлар бойы дала қазағының қуанышы мен мұңын шерткен қобыз бен домбыраның үні! Төгілген үнде қызғалдақ үні жайқалып, дала төсін желпіген қоңыр салқын жібек желдің сыбдыры бар. Елін, жерін қорғап, батыр атанған ұлдарының ерлігін жырлайтын үн естіледі. Оларда өткен ұрпақтың күлкісі, қуанышы, дауысы, ерекше үні патшалық құрып, әрқашанда құлағымыздан кетпейді.

Музыкалық аспаптың әрқайсысының өзіне тән үні бар, оның техникалық мүмкіндіктері де әр түрлі. Бірі қамыстан, бірі саз балшықтан, енді бірі мал терісі мен сүйегінен және темірден жасалып, ойып өрнектелген музыкалық аспаптардың әрқайсысының өзінше ерекшелігі байқалады:

а) мәтінді аудиожазбадан тыңдау;

ә) 1-топ: мәтінді аудару;

2-топ: сұрақтар құрғызу;

3-топ: диалог.

VI. Өзінді тексер (интерактивті тақтада жұмыс).

Мұнда оқушылар істеген тапсырманы тексеріп шығады.

Мәдениет

– ...

....

– музыкальный

Ата өнері

– ...

....

– послушайте;

Үні ұлағымыздан кетпейді

– ...

...

– аспап

Үн

–

Керекті сөздер: незабываемый голос, голос, музыкалық, культура, тыңдаңызшы, инструмент, искусство предков.

VII. Кім жылдам орындайды? (интерактивті тақтада жұмыс).

Мақсаты: сөздік қорын тексеру.

Сөздердің аудармасын тауып, сәйкестендір.

Қазақ халқы

тюльпан

өзінше ерекше үні

музыкальный инструмент

балаға мұра

по своему особенный голос

қызғалдақ гүлі

казахский народ

музыкалық аспап

наследие ребенку

VIII. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау (дәптермен жұмыс).

1. Төгілген үнде дала қазағының қуанышы мен мұңы естіледі, кейде батыр ұлдарының ерлігін жырлайтын үн құлағымыздан кетпейді.

2. Жастар жеңіл музыканы ұнатады, ал жасөспірімдер технодиско музыкасын жақсы көреді.

3. Қазақтың ән мен жырының ғажайып сыры, тарихы

бар.

IX. Сабақты қорытындылау.

«Бес жолды өлең стратегиясы»:

1. Ән.
2. Әдемі, сарынды.
3. Айтады, шырқайды, орындайды.
4. Әнші әнді әдемі шырқады.
5. Жыр.

X. Тест сұрақтары:

1. «Оркестрмен» деген сөз қай септікте тұр?

- а) ілік септік; ә) табыс септік; б) көмектес септік.

2. «Шырқайды» деген сөз қай шақта тұр?

- а) өткен шақ; ә) келер шақ; б) нақ осы шақ.

3. Қай сөзде ашық буын?

- а) музыка; ә) жеңіл; б) домбыра.

4. Мақалды жалғастыр.

Ата өнері –

- а) көп емес; ә) дана болар; б) балаға мұра.

5. Берілген синонимдік қатардан артық сөзді тап.

- а) өлең; ә) ән; б) бағыт.

6. Сөйлемде қандай сөз жетпейді?

.... болатын концертке билет алдым.

- а) үлкен; ә) ертең; б) домбыра.

7. Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің

жалғаулықтарын анықта.

- а) бірақ, дегенмен;
ә) және, мен, да, де;
б) кейде, біресе, бірде.

XI. Бағалау.

XII. Үйге тапсырма: Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін жаттау, мазмұндама жазуға дайындалу.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАБИҒАТҚА ЖАҚЫНДЫҒЫ

Сабақтың мақсаты – шәкірттердің құрмалас сөйлемнің анықтамасын, оның түрлерін, сөйлеуде қандай маңызды рөлді ойнайтынын жетік біліп және адамның өзі дүниеге келген табиғатқа тартып туатындығы, соның сан алуан сұлу сырын ұғып, әдемі қасиеттеріне еліктеп өсетінін күйма құлағына құю. **Міндеттері:** а) **білімділік** – мәтінмен жазбаша, ауызша жұмыс жасауға, оқушының білім деңгейін шығармашылық ізденісін байқау. Құрмалас сөйлем түрлерін ажырата білу; ә) **дамытушылық** – сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыта түсу, оқығанын түсініп, өз ойын дұрыс жеткізе білу; б) **тәрбиелік** – оқушыны Отанын сүйуге, табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, үлестірмелі қағаздар, бағалау парағы.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;

Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау;

Оқушының көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

Оқушыларға бағалау парағын тарату, түсіндіру.

Бағалау парақтары.

Оқушының аты-жөні: _____

Қабыр-ға газеті	Слайд	Сұрақ-жауап	Дұрыс-бұрыс	1-тап.	2-тап.	Клас-тер	Қо-рыту
-----------------	-------	-------------	-------------	--------	--------	----------	---------

2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі

Оқушылардың назарын оқулықтағы мәтінге аудару. Мәтінді оқу, түсіну. Мәтін бойынша оқушыларға тапсырма тарату.

Сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын анықтау.

4. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
<i>Адам өмірінде орманның маңызы зор.</i>		
<i>Олардың маңызы тек құрылыс материалдармен шектеліп қалады.</i>		
<i>Орман өзен мен көлдердегі судың мөлшерін реттеп отырмайды.</i>		
<i>Орманның тазалық және тәрбиелік мәні жоқ.</i>		
<i>Орман – аң мен құстардың жайлы мекені.</i>		
<i>Жасыл желек көп болса, денсаулыққа жақсы, өсімдіктерге тигізетін пайдасы зор.</i>		
<i>Табиғи орман-тоғайлар, көшелердегі жасыл ағаштар мен алуан түрлі гүлді өсімдіктер – біздің достарымыз.</i>		
<i>Ағаштарды мұқият сақтап, оны жөнсіз сындырушыларға жол беру керек.</i>		
<i>Табиғатты қорғауға белсене қатыса білу керек.</i>		

117-беттегі 2-тапсырманы дәптерге орындау.

Сөйлемдерді жазып, құрмалас сөйлемнің түрін анықтау. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау:

1. Адамдар ағаштарды мұқият сақтаса да, оны жөнсіз сындырушылар да кездеседі.

2. Қалада немесе ауылды жерлерде тұрғанмен, әрбір

адам табиғатты қорғауға белсене қатысуы тиіс.

3. Өзіне жат, жасанды ортаға түсіп, өмірін қыспақта өткізіп жатыр.

4. Бірақ осылардың ықпалына түсіп, табиғаттан алыстап кеткені анық.

117-беттегі 3-тапсырманы орындау. Мәтінді оқу, тыңдау. Әр топ мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Екінші топқа сұрақтарын қояды. Диалог.

5. Жаңа сабақты қорытындылау.

Әр топқа «Табиғатты қорғау» тақырыбына кластер құрастыру тапсырмасы беріледі.



6. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Білемін	Білгім келеді	Не білдім?

7. **Үй тапсырмасы:** 118-беттегі деңгейлік тапсырмаларды орындау.

8. **Сабақтың бағалау кезеңі.** Бағалау парақтарындағы ұпайларды санап, оқушы білімін бағалау. Сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру.

Айша ҚҰДАРБЕКОВА,
Зураш ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,
«Ставрополка» ауылы.

СЕПТІК АТАНЫҢ КЕСПЕ ҚАҒАЗДАРЫ

Бұл кеспе қағаздарды тақырыпты өткен соң, септік жалғауларын қаншалықты меңгергенін тексеру үшін қолдануға болады. Сонымен қатар жеке оқушымен жұмыс ретінде пайдалануға болады.

Ілік септігіне арналған кеспе қағаздар

Атау септігіндегі зат есімдерге ілік септік жалғауларын қосып жазыңыз.	Үй бөліктерін есіңе сақта, осы сөздерге ілік септігінің жалғауларын жалға.	Көп нүктенің орынына тиісті жалғауларды жалғап жаз.
Ата, әке, әже, ана, сінлі, қарындас, іні, әпке, нағашы, жиен, ұл, қыз, бала, сәби, бойжеткен, бозбала.	төбе, іргетас, қабырға, еден, шатыр, есік, терезе.	Отан ..., ел ..., ауыл ..., қала әже ..., ата ..., бала ..., қыз... сызғыш..., бояу ..., теледидар ..., гүл, үй ..., жер ..., саябақ ..., көл
Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.	Сөздерді жазып, сөйлемдер құрастыр.	Сөздерге сұрақ қой.
<u>Олегтің</u> сөмкесі бар. <u>Алманың</u> орамалы жаңа. <u>Табиғаттың</u> байлығы- өзен,көл. <u>Ауылдың</u> ауасы таза.	құлын, лақ, қозы, күшік, балапан. Үлгі: Бұл - сиырдың бұзауы.	Баланың, Қанаттың, қаздың, үйректің, Жұлдыздың, Алманың, өріктің, таудың, шелектің, дәрігердің.

Керекті жалғауларды жалға.	Сөз тіркестерін құрап айт.	Сөйлемдерді орысшаға аудар.
<p>Құс... ең қырағысы – сұңқар. Құстар... ең үлкені-түйеқұс. Төрт түлік... бірі-сиыр. Қыран... көзі – өткір. Құс... тірегі – қанат. Аса бағалы түлік... бірі-түйе. Адам... басты байлығы-денсаулық.</p>	<p>Өзеннің добы Гүлдің қымызы Құстың терезесі Жылқының суы Қыздың іші Баланың ұясы Сыныптың тарағы Үйдің сабағы Үлгі: баланың добы</p>	<p>Асан –ауылдың тұрғыны. Мектептің ауласы әдемі. Айнаштың атасы – жақсы адам. Қаланың көшелері кең. Таудың ауасы – таза. Емхананың іші – таза.</p>
Тиісті жалғауды қойып жаз, аудар.	Көп нүктенің орынына тиісті дауысты дыбыстарды қойып, сөздерді жаз. Аудар.	Мақалдарды оқы, ілік септігіндегі сөздерге сұрақ қой.
<p>Айнұр(-дың,-дің) көйлегі көк. Балалар балабақша(-ның,нің) ауласында ойнады. Ағаш (-тың-тің) жапырақтары жасыл.</p>	<p>Көктемн...ң, ағашт...ң, гүл- д...ң, аспан...ң, шөпт...ң, жұлдызд...ң, қызғалдақт...ң, ботагөзд...ң, қалампырд...ң, шегіргүлд...ң, көкнәрд...ң.</p>	<p>1. Ай-ортақ,күн-ортақ, Шебердің қолы – ортақ. Шешеннің тілі-ортақ. 2. Қыз өссе,елдің көркі, Гүл өссе,жердің көркі. 3. Әдептіліктің белгісі – Иіліп сәлем бергені.</p>
Мәтінді оқып, қазақшаға аудар.	Жаңылтпашты дұрыс айтып үйрен.	Ілік септігі жалғауын жалға.
<p>Лебедя называют царем птиц. У него белоснежное оперение,на длинной гибкой шее маленькая изящная головка. Движения птицы плавны,величавы.</p>	<p>Екеуінің жасы шамалас, Бірінің шашы – қара шаш. Екіншісінің шашы – ақ шаш аралас.</p>	<p>Бала...- балалар... Үй...- үйлер..., Ағаш... -ағаштар..., Күшік... – күшіктер..., Кісі...- кісілер...</p>

Барыс септігіне арналған кеспе қағаздар

<p>Жақшадағы сөздерді барыс септігіне қойып жаз.</p>	<p>Сөйлемдерді толықтырып жаз.</p>	<p>Көп нүктенің орынына барыс септігі жалғауларын жалға:</p>
<p>(Им) Астананы көрсет. Асан (домой) кетті ме? (К тебе) досың келіп тұр. Ата-анам (мне) телефон сатып алды.</p>	<p>Назым (қайда?) (город)-ға кетті. Ол (қайда) (село)-ға келеді. Мен(қайда?) (библиотека)-ға келдім. Ол (кому?) (нам) кітап оқып берді.</p>	<p>Отан..., ел..., ауыл..., қала..., әже..., ата..., бала..., қыз..., қалам..., сызғыш..., бояу..., теледидар ..., гүл..., үй..., жер..., саябақ..., көл....</p>
<p>Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.</p>	<p>Сөздерді қазақшаға аудар.</p>	<p>Сөздерге сұрақ қой.</p>
<p>Әсет <u>ауылға</u> кетті. Әкем <u>егіншіге</u> көмектесті. Айдос <u>итке</u> тамақ берді. Таңертең ағам <u>шөпке</u> барады. Әжем <u>далаға</u> шықты.</p>	<p>В город, за хлебом, в Кокшетау, другу, к Айгуль, к родителям.</p>	<p>Егінге-егіншіге, балыққа-балықшыға, малға-малшыға, сыныпқа-сыныптасқа, ауылға-ауылдасқа, жылқыға – жылқышыға.</p>
<p>Барыс септіктегі сөздердің астын сыз. Атау септігінде жаз.</p>	<p>Сөз тіркестерін құрап айт.</p>	<p>Сөйлемдерді орысшаға аудар.</p>
<p>Дала гүлге бөленді, Қуанышқа кенелді. Орман, тоғай, бақтарда Құстар сайрай жөнелді.</p>	<p>Қойға сеніммен қарау Тауыққа құрмет көрсету Құсқа сыйлық сыйлау Досқа ұя жасау Сабакқа көлікпен жету Үлкенге жем шашу Досқа шөп беру Қалаға дайындалу</p>	<p>Мен Айжанға уәде бердім. Мен сыныпқа қоңыраудан соң келдім. Мен мұғалімге үй тапсырмасын орындамағанымды айттым. Айдын ағай балаларға кәмпит берді. Қонақтар далаға шықты.</p>

<p>Тиісті жалғауды қойып жаз, аудар.</p>	<p>Көп нүктенің орынына тиісті дауыссыз дыбыстарды қойып, сөздерді жаз, сөз құрамына талда.</p>	<p>Мақалдарды оқы, барыс септігіндегі сөздерге сұрақ қой.</p>
<p>Екі бала ойыншық (-қа,-ке) таласты. Автобус аялдама (-ға,-ге) тоқтады. Аққулар су (-ға,-ге) қонды. Әжем егінші (-ға,-ге) шәй берді.</p>	<p>Аю...а, түлкі...е, қасқыр...а, жолбарыс...а, арыстан...а, сілеусін...е, ит...е.</p>	<p>1) Қарағайға қарап тал өсер, Қатарына қарап бала өсер. 2) Дастарқанға емінбе, Көп алдында керілме. 3) Аттыға жаяу жолдас болмас.</p>
<p>Барыс септігіндегі жіктеу есімдіктерін аудар.</p>	<p>Өлеңді оқы, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.</p>	<p>Барыс септігінің жалғауын жалға.</p>
<p>Кімге? Мне, тебе, вам, ему, ей, нам, Вам, им.</p>	<p>Ата, үйге ерте қайт, Бізге қызық ертегі айт. Шаршап қайтсаң жұмыстан, Бүгін ойлап, ертең айт.</p>	<p>Мысық... -мысықтар..., Ит... -иттер..., Мал... -малдар..., Құс... -құстар..., Көбелек... - көбелектер... .</p>

Табыс септігіне арналған кеспе қағаздар

<p>Сөздерді табыс септігіне қойып жаз. Сөз құрамына талда.</p>	<p>Берілген сөздерден сөйлем құрастыр. Сөйлемдегі сөздердің ретін цифрмен белгіле.</p>	<p>Көп нүктенің орынына табыс септігі жалғауларын жалғап жаз.</p>
<p>Жылқылар, кітаптар, қаламым, бауырсақ, қуыршағым, қонжықтар, қағазым, үйлер, кісі, күшігім.</p>	<p>2 3 1 Балық, аулады, балықшы. Дәріні, әжем, ішті. Шанышқымен, қою тамақты, жейді.</p>	<p>Отан..., ел..., ауыл..., қала... , әже..., ата..., бала..., қыз... , қалам..., сызғыш..., бояу..., теледидар..., гүл..., үй..., жер..., саябақ..., көл...</p>

<p>Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойып, көшіріп жаз.</p>	<p>Табыс септігіндегі сөздерді жазып, сөйлемдер құрастыр.</p>	<p>Сөздерге сұрақ қой.</p>
<p>Пышақпен (нені?)... кеседі. Қасықпен (нені?)... жейді. Кесемен (нені?)... ішеді. Шанышқымен (нені?) ...жейді.</p>	<p>Оқулықты, кітапты, сызғышты, тақтаны, терезені, есікті, орындықты, гүлді.</p>	<p>Әкені, атаны, баланы, немерені, ауылды, қаланы, малды, аңды, құсты, жәндікті, көбелекті. Үлгі: әкені (кімді?) құсты (нені?)</p>
<p>Табыс септігіндегі сөздердің астын сыз. Сұрақ қой.</p>	<p>Сөз тіркестерін құрап айт.</p>	<p>Кімді? Нені? сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықта.</p>
<p>Жұмбақтар 1) Жерді тырнап, Бұтаны ырғап, Шөпті сипап, Ұшады зырлап, Жанын қинап, Ұлиды зарлап. (Боран) 2) Жалынды үрлеп шалқытады, Темірді бірлеп балқытады. (Көрік)</p>	<p>Сабақты қорғау Сусынды сөндіру Ананы жуу Отанды сыйлау Еденді құрметтеу Қонақты қорғау Отты ішу Табиғатты оқу</p>	<p>Аягөз терезені, еденді жуды. Ата-анаңды, достарыңды сыйла. Немересі әжесіне хатты оқып берді. Ұстазыңды сыйла. Аңшылар екі қасқырды ұстады. Сені автобустан күтіп аламын. Ол өлеңді мәнерлеп оқыды. Мен ауылымды сағындым.</p>
<p>Тиісті жалғауды қойып, мақалдарды жатқа айт.</p>	<p>Табыс септігіндегі сөздерді табыңдар.</p>	<p>Мәтінді орысшаға аудар.</p>
<p>1) Мақтаншақ (-ты, -ды) мақтасаң, басыңа секіреді. 2) Құс (-ды, -ты) қанат ұшырар, Ер (-ті, -ді) талап ұшырар. 3) Түлкі (-ді, -ні) түн асырайды.</p>	<p>Адамның басты байлығы-денсаулық. Дененді шынықтырсаң,өзіңді еркін сезінесің.Спорт өмірді сүйеге, уақытты қадірлеуге тәрбиелейді. Спортты өзіңе серік ет.</p>	<p>Маған қазақ тілі сабағы ұнайды. Біз қазақша оқуды, жазуды үйрендік. Мәтіндерді, қысқа әңгімелерді, ертегілерді оқимыз, өлеңдерді жаттаймыз, қазақ әндерін жаттаймыз. Жұмбақтарды шешеміз.</p>

Табыс септігіндегі жіктеу есімдіктерін аудар.	Мәтінді оқып,сөздік арқылы аударыңдар.	Табыс септігінің жалғауын жалға.
Кімді? Меня, тебя, вас, его, ее, нас, Вас, их.	Мухтар принес Кариму две книги. - Карим, возьми эти книги, прочитай их. - Спасибо, я прочитал эти книги. Это интересные книги.	Окулық... – окулықтар..., Сағат...-сағаттар..., Терезе...-терезелер..., Бала ...-балалар..., Қайықты-қайықтар... .

Жатыс септігіне арналған кеспе қағаздар

Сөздерді жатыс септігіне қойып жаз. Сөз құрамына талда.	Жақша ішіндегі жалғаулардың тиістісін қойып,сөйлемдерді жаз.	Ай аттарын ретімен жазып, жатыс септігінің жалғауларын жалға.
Көл, өзен, теңіз, мұхит, қыс, жаз, көктем, жаз, жел, аяз, боран, мектеп, үй, емхана, асхана.	Әділ (-да,-де) шаңғы бар. Әділет (-та,-те) шана бар. Қаңтар (-да,-де) боран соғады. Қыркүйек (-та,-те) сабақ басталады.	Үлгі: қаңтарда ...
Көп нүктенің орынына сан есімдерді қойып,жатыс септігіндегі сөздерге сұрақ қой.	Жатыс септігіндегі сөздерді жазып, сөйлемдер құрастыр.	Сұрақтарға жауап бер. Жатыс септігіндегі сөздерді атау септігінде жаз.
Айдын ...қатарда отыр. Сыныпта ... оқушы бар. ... терезеде гүл тұр. Бір партада ... оқушы отыр. Қажетті сөздер: үшінші, он бес, бірінші, екі.	Қалада, ауылда, асханада, жерде, аспанда, Ақылбекте, Жанатта, оқушыда, мұғалімде.	Сенің атың кім? Сен нешінші сыныпта оқисың? Отбасыңда неше адам бар? Әкең қайда жұмыс істейді? Шешен қайда жұмыс істейді?

Жұмбақтарды көшіріп жазып, жатыс септігіндегі сөздердің астын сыз. Аудар.	Сөз тіркестерін құрап айт.	Сөйлемдерді толықтырып жаз.
Жұмбақтар: 1) Жазда жайнайды, Күзде жайрайды. (Ағаш жапырағы) 2) Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп жатады. (Мұз) 3) Суда қалқиды, Жылыда балқиды. (Мұз)	Асханада демалу Сыныпта егін Жазда жинау Қыста сабақ оқу шаңғы тебу Күзде тамақтану Жексенбіде суға шомылу	(На столе) ақ бор жатыр. (На окне) гүлдер тұр. (В классе) отыз оқушы бар. (В школе) сабақ басталды. (В парке) гүлдер өседі. (Зимой) қар жауады. (Летом) балалар суға түсті.
Тиісті жалғауды қойып, мақалдарды жатқа айт.	Жақшаны ашып, тиісті сөзді қой. Тиісті сөздерге сұрақ қой.	Мәтінді орысшаға аудар.
1) Қаңтар (-да, -де) қалпақ киім болмайды. 2) Сауда (-да, -де) достық жоқ. 3) Көктем (-де, -да) жерге түскен бір дән күзді күні мың дән болады.	Анам – сатушы. Ол (мектепте, дүкенде) жұмыс істейді. Ағам - ұшқыш. Ол (ауруханада, мейрамханада) жұмыс істейді. Әпкем - аспаз. Ол (асханада, шахтада) жұмыс істейді.	Менің атым – Айдар. Мен жетінші сыныпта оқимын. Ақтөбе қаласында, Абай көшесінде, 7-үйде, 7-қабатта 7-пәтерде тұрамын.
Жатыс септігіндегі жіктеу есімдіктерін аудар.	Мәтінді оқып, сөздік арқылы аударындар.	Жатыс септігінің жалғауын жалға.
Кімде? Уменя, у тебя, у вас, у него, у нее, у нас, у Вас, у них.	Арсен, Дина, Асан пошли в лес. В лесу деревья. Тут большая елка. В лесу цветы. Зина собирала цветы. Вдруг Асан увидел ежа. Еж сидел в траве. Он был маленький. Мальчики взяли ежа домой.	Мектеп... – мектептер... Сынып...-сыныптар... Бала...-балалар... Көл...-көлдер... Ағаш...-ағаштар...

(Жалғасы келесі санда).

ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ

1. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
2. Сан есімге керекті тыныс белгісін анықтаңыз. Атам 70-тен асты.
3. Алғаш рет спорт пайда болған ел.
4. Күрделі сын есімге мысал келтір.
5. Жақсыз сөйлемде болмайтын сөйлем мүшесі.
6. Күн мен түн теңелетін ай.
7. Біз барғанда, ол мектепте жоқ еді. Қандай сөйлем?
8. Көкшетаудағы суы тұщы, мөлдір көлдің атауы.
9. Сөйлемде қимыл-әрекеттің жай-күйін, мезгілін, мекенін білдіретін тұрлаусыз мүше.
10. Күзде күн қандай болады?
11. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.
Солардың 117-сінің аты белгілі, ал әзірге табылғаны
- *36 кітап.*
12. Желтоқсан оқиғасы болған жыл.
13. Қазақстан оңтүстікте қандай мемлекетпен шектеседі?
14. Қазақтың көне музыка мәдениетінің өкілдері.
15. Әкеңнің шешесі сізге кім болады?
16. Заттың түсін білдіретін сын есімге мысал келтір.
17. Көсемшенің жұрнақтарын ата.
18. Сөйлемді толықтырыңыз: *Алматы ... жылдан астана болды.*
19. «Балалық» сөзі қай сөз табына жатады?
20. Мемлекеттік тудың «көк» түс ненің белгісі?
21. Қаратпа сөз деген не?
22. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Көрші отырсақ та,*

кездесе беруге уақыт жетпейді.

23. Түркістан қай облысқа қарасты?

24. Көктем айларын айт.

25. Қай сұрағына жауап беретін сөйлем мүшесі.

26. Толымсыз сөйлем көбіне қай жерде кездеседі.

27. «Медеу» мұз айдыны орналасқан қаланың атауы.

28. «Әдемі», «сұлу», «көрікті», «ажарлы» деген сөздер

қандай сөздер тобына жатады?

29. Тиісті сан есімді қойыңыз. *Мың жолдас жақсы, мың*

жолдастан ... жолдас жақсы.

30. Күзде болатын мерекелер.

31. *Әркім, әрқашан, әрне* есімдіктің қай түрі?

32. Шығыс қыздарынан тұңғыш рет Батыр атағын алған

кім?

33. Қазақстанның «Швецариясын» ата .

34. Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің жалпы саны қанша?

35. «... кітап» лайық сын есімді табыңыз.

36. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі тұрған қала.

37. «Невада-Семей» қозғалысының басшысы.

38. Қазақ халқы жаңа жылды қарсы алатын мезгіл.

39. «Білім кілті – тіл». Мәтелдің дұрыс аудармасы.

40. 1929-1997 жылдары Қазақстанның астанасы болған

қала.

41. Тиісті сан есімді қойыңыз. *Ер жігіттің ... сөйлегені*

- өлгені.

42. Есімдікпен толықтырыңыз: ... *кісі – менің әкем.*

43. Мемлекеттік Елтаңбадағы шаңырақ бейнесі нені

білдіреді?

44. Тұрлаусыз мүшелердің жалпы саны. Олар:

45. Қай септіктің жалғауы жоқ?

46. Мақсат пысықтауышты табыңыз. *Бауыржан досымен*

бірге Алматыға оқуға барды.

47. Синоним болатын шылау.

48. Арман сөзіне тіркес бола алатын сын есім.

49. Сөйлемдегі есімше қандай сөйлем мүшесі? *Менің*

айтар сөзім – осы.

50. Сан есім қай септікте тұр. *Таңертең сағат жетіде тұрамын.*

51. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Күн батты, тауды қара көлеңке басты.*

52. Антонимнің анықтамасы.

53. «Дыбыс» сөзінің орысша аудармасы.

54. Сөйлемдегі күрделі баяндауышты табыңыз. *Ол сурет өнерін жақсы көретін адам еді.*

55. Наурыз көже неше дәмнен пісіріледі?

56. Жұрнағы бар сөзді табыңыз. (көрсеткіш).

57. Сөйлемнің түрін анықта. *Мен келгенше, ол үйге кетіп қалыпты.*

58. Мақалды аяқтаңыз. *Еңбектің наны ... , Жалқаудың жаны*

59. Сын есімнің сұрақтары.

60. Сан есім нені білдіреді?

61. Көп нүктенің орынына лайықты сөзді көрсетіңіз. *Сенің ... жаңалықтарың бар?*

62. Дәулет Тұрлыханов айналысқан спорт түрі.

63. Оқу жылы қашан басталады?

64. Асты сызылған сөзге қойылатын сұрақты табыңыз.

Біз ұлттық дәстүрлерді сақтаймыз.

65. «2» санынан жинақтық сан есім жасайтын жұрнақ.

66. Дефис қойылуы тиіс одағай сөз.

67. Ежелгі Отырар(Фараб) қай облыста?

68. Қазақ фольклорын зерттеген орыс ғалымы.

69. «Қансонарда бүркітші шығады аңға ...» өлеңінің авторы.

70. Наурыз мерекесінде пісірілетін тағам.

71. И.В.Панфилов кім?

72. Тілдер мерекесі қай айда?

73. «Киіз үй» сөз тіркесіне қойылатын сұрақ.

74. «Показатель» сөзінің аудармасы.

75. Жыл мезгілін анықтаңыз. *Жаңбыр жиі жауады,*

құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

76. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Спорт адамды көрікті етеді, денсаулықты жақсартады.*

77. «Табиғат» тақырыбына сәйкес сөз.

78. Дұрыс аудар. *Последний урок заканчивается в час дня.*

79. 1 мамырда болатын мейрам.

80. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің қандай мүшесі?

81. Сөйлемді септеулік шылаумен толықтырыңыз.

Саяхатқа оқушылармен ... мұғалім шықты.

82. Заттың дәмін білдіретін сөз қай сөз табына жатады?

83. Киім тігумен айналысатын адам.

84. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сұрағы.

85. Буын құрай алмайтын дауыссыз дыбыс.

86. Мемлекеттік тудың қыран құс нәнін белгісі?

87. «Үн» сөзінің орыс тіліндегі синонимдік баламасы.

88. Қандай сұрағына жауап беретін сөз.

89. Талғат Бигелдиновтың туған жері.

90. Сөйлемнің қандай мағынада қолданылғанын табыңыз.

Ұлттық намысты жоғары ұстайық.

91. Сөйлемді анықтаңыз. *Олар су ішіп, шөлдерін қандырды.*

92. Елтаңбаның жоғарғы жағында не бейнеленген?

93. Б.Момышұлы кім?

94. Мектепке қатысты сөздер.

95. Қазақстанды мекендейтін аң.

96. Дұрыс аудармасы. *Первый урок начинается в 8 часов 15 минут.*

97. Соңғы дыбысы дауыссыз жуан түбірлі сөзге қай жұрнақ жалғанады? Мысалы:

98. Асыл тастармен жұмыс істейтін адам.

99. «Бұдан» есімдігі қай септікте тұр?

100. Жалғаулықтардың түрін анықта: *себебі, өйткені, сол себепті.*

(Жалғасы келесі санда).

Гүлнәр СМАҒҰЛОВА,
Павлодар облысының
Павлодар ауданындағы
«Шақат» орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

КҮШ – БІЛІМДЕ

Мақсаты: қазақ тілі сабағында алған білімдерін бекіту, тілдерін дамыту. Тез әрі дұрыс жауап беруге дағдыландыру.

Мұғалім: - Құрметті ата-аналар, оқушылар, жанкүйерлер, 5-8 сыныптары құрама топтарының қатысуымен өтетін «Күш – білімде» атты сайысқа қош келіпсіздер!

Әділқазылар алқасы мүшелерімен таныстыру.

1-кезең – Таныстыру. Әр топ өзін таныстырумен бірге қазақ тілі туралы нақыл сөз дайындап келген. Ең жоғары ұпай – 5 ұпай.

2-кезең – «Шын немесе жалған» - «Это правда или нет».

Әр топ кезекпен дұрыс па, бұрыс па деп жауап береді. Әр топқа 2 сұрақтан. Дұрыс жауап – 1 ұпай.

1. «Қазақстан» деген жазу тудың жоғары жағында орналасқан.

2. Сан есім: Қанша? Не? Неше? Қай? сұрақтарына жауап береді.

3. Барлық сан есімдерге –ау, - еу жұрнақтары жалғана береді.

4. ҚР елтаңбасы 1991 жылдың 1 желтоқсанында қабылданды.

5. «Медеу» мұз айдыны Астана қаласында орналасқан.

6. Петропавл қаласы оңтүстікте орналасқан.

7. Ертіс өзенінің бастауы – Қырғызстанда.

8. Қазақстанның солтүстігі мақта, күрішке бай.

9. Алғашқы қазақ тілі оқулығын Ахмет Байтұрсынұлы жазған. 10. Астана қаласының символы – Бәйтерек.

3-кезең: «Бәйге». Әр дұрыс жауапқа – 1 ұпай.

1. Қазақтың тұңғыш педагог жазушысы.
2. Естай қай жерде дүниеге келген?
3. Тұңғыш қазақ ғарышкері.
4. Қазақтың атақты палуаны.
5. «Ана бұйрығы» кімнің күйі?
6. Заттың іс-қимылының мезгілін, мекенін, жай-күйін білдіретін сөз табы қалай аталады?
7. Абайдың екі анасы кімдер?
8. Шоқанның шын аты.
9. Мұса Байжанұлы неліктен Жаяу Мұса атанып кетті?
10. Бірінші алтын адам табылған жер.
11. Жай сөйлемнің түрлері.
12. Шық бермес Шығайбайды кім алдап кетті?
13. Қазақстандағы қасиетті жер.
14. Есімшенің жасалу жолдары.
15. Қазақтың атақты киноәртісі, режиссер.
16. Теңге қашан айналымға енді?
17. Бес арысты ата.
18. Біржанның айтысы туралы опера.
19. Мен, сен, сіз, ол – қай жалғаудың жіктеу есімдіктері?
20. Қазақтың тұңғыш Президенті.

4-кезең: «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың».

Бұл кезеңде мақал-мәтелге орын берейік. Әр топ ретімен мақалдың жалғасын айтады. Интербелсенді тақтада мақалдың бірінші бөлігі шығады, топтың жауабынан кейін дұрыс жауап көрсетіледі.

1. Еңбектің наны тәтті, (жалқаудың жаны тәтті).
2. Әдепті бала – арлы бала, (әдепсіз бала – сорлы бала).
3. Нан - (ас атасы).

4. Денсаулық - (зор байлық).
5. Ақыл азбайды, (білім тозбайды).
6. Еңбек етсең ерінбей - (тояды қарының тіленбей).
7. Адам жерге нәр береді, (жер адамға нан береді).
8. Білекті бірді жығады, (білімді мыңды жығады).
9. Жақсыдан – үйрен, (жаманнан – жирен).
10. Көп жасаған білмейді, (көп көрген біледі).

5-кезең: Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі Қазақстан. Әр топ сөзжұмбақ шешіп, Қазақстанға байланысты сөзді табады.

1-топ: (ЕГЕМЕНДІ)

1. Өзім сөзден тұрамын,
Аяқталған ойды құрамын. (Сөйлем)
2. Көк қарбызым биік аяқта тұр,
Сол қарбызыма бүкіл әлем сиып тұр. (Глобус).
3. Оқушыға күнде еріп жүретін не? (Күнделік).
4. Суға батпайды, отқа жанбайды. (Мұз)
5. Ұшып жүрген гүл көрдім,
Қонғанда ұстап үлгердім. (Көбелек).
6. Таудан түссем тоқтауды білмейді,
Тауға қарай тартсам да жүрмейді. (Шана).
7. Қолтығыңа кіреді, қызуыңды біледі? (Градусник).
8. Болса-дағы инесі,
Іс тікпейді, бұл несі? (Кірпі).

2-топ: (ГҮЛДЕНГЕН)

1. Өшірді, сүртті,
Өзгені құртты,
Өзін де құртты. (Өшіргіш)
2. Үлкен алтын табақтан
Әлемге нұр таратқан. (күн)
3. Көкке шаншып құйрығын,
Келеді шауып жүйрігім. (Құлын)
4. Тұмсығымен ояды,

Күрттарды бүкіл жояды. (Тоқылдақ)

5. Арлы-берлі қақпаны

Тербетіп-ақ жатқаны. (Жел)

6. Қар емес – қатты,

Мұз емес – тәтті. (Қант).

7. Мұхитта бар дәу бір –

Қалқып тау тұр. (Айсберг).

8. Басында айдары,

Иекте сақалы бар. (Әтеш)

9. Қалқиып тұр құлағы,

Елендеп қорқып тұрады. (Қоян)

3-топ: (ТӘУЕЛСІЗ).

1. Отыз екі мықты, қаз-қатар боп шықты.

Он алтысы асты, он алтысы үсті. (Тіс)

2. Бұрап қойған сағаттай,

Айқайлайды таң атпай. (Әтеш)

3. Қыт-қыт етеді, кезіп жүріп көшені;

Жата қалса орынына, ақ доп тастап кетеді. (Тауық)

4. Қалдырмай баласын бір елі,

Қалтаға салып жүреді. (Кенгуру)

5. Бұлаңдаған құйрығы – бір алдарлық қулығы. (Түлкі)

6. Адасқанда ал қолыңа,

Бағыт берер ол жолыңа. (Компас)

7. Бойын жерге жасырған,

Бұрышы бар жасылдан. (Сәбіз)

8. Шайнап-шайнап күнімен,

Тауыса алмадым мұны мен. (Сағыз)

4-топ: (ҚҰҚЫҚТЫҚ)

1. Аяғы бар, басы бар,

Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)

2. Басында талы бар,

Бұл қай жануар? (Бұғы)

3. Аласа ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

4. Бұдан кір қорқады,

Судан бұл қорқады. (Сабын)

5. Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады. (Қар)

6. Өзі – айлакер, өзі – бір қу,

Жүрген жері айқай да шу. (Түлкі)

7. Өзі ала, сұр,

Тілінің ұшында уы тұр. (Жылан)

8. Бес балаға – бір бешпент,

Бірге киіп, бір шешпек. (Қолғап)

5-топ: (ӨРКЕНИЕТТІ)

1. Көреді бәрін өзгенің,

Көрмейді бірақ өздерін. (Көз)

2. Тісі көп, ауызы жоқ. (Ара)

3. Өзі – айлакер, өзі – бір қу,

Жүрген жері айқай да шу. (Түлкі)

4. Ашылып, жабылады,

Әр үйден табылады. (Есік)

5. Күнде оған қараймын,

Қара шашымды тараймын. (Айна)

6. Бұтақтарға секіріп, әр жерден қылт етеді,

Кейде жаңғақ кеміріп, жоғары өрлеп кетеді. (Тиін)

7. Жазда үйде тыныс алып тұрады,

Қыста ағаш, көмір асап тұрады. (Пеш)

8. Бантигі бар басында,

Бір құс жүр үй қасында. (Тауық)

9. Көкшіл айна үйдегі

Көрсетеді киноны. (Теледидар)

10. Күндіз соқыр не деген?

Түнде қандай көреген? (Үкі)

Әр топ өзінің сөзжұмбақтан шыққан сөзін айтады.

Интербелсенді тақтада сөзжұмбақтар шығады.

СӨЗ МЕРГЕНІ

(8, 9-сыныптар)

Сабақтың мақсаты: 1) оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға үйрету; 2) тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамыту; 3) тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіретін отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, бекеттер-топ аттары жазылған плакаттар, «Ана тілі – рухани даму негізі» кітап көрмесі, ұпай беретін таяқшалар, мадақтау қағаздары, Microsoft Power Point бағдарламасында безендірілген презентация.

I. «Мақал – сөздің мәйегі»

Берілген бір сөзден мақал құрастыру

1.Тіл. Өнер алды – ... тіл.

а) қазына; ә) қызыл; б) байлық.

2.Отан. Отан ... басталады.

а) көл; ә) жер; б) отбасы.

3.Жер. Жері байдың – елі ...

а) жазық; ә) бай; б) еңбек.

4. Дос. Досы көпті ... алмайды.

а) жау; ә) дау; б) тау.

5. Оқу. Оқу – білім ... , Білім – өмір шырағы.

а) азық; ә) бұлағы; б) қазық.

6. Сөз. Сөз тапқанға ... жоқ.

а) өткір; ә) қолқа; б) артық.

7. Бала. Бала тәрбиесі –

а) өнерден; ә) бірліктен; б) бесіктен.

8. Тіл. Тамшы тас жарады, тіл бас ...

а) барады; ә) қарады; б) жарады.

II. «Сөз тапқанға – қолқа жоқ.»

Тұрақты сөз тіркестерін дұрыс құрастыр

1. Аяғы ...

а) бұлттан; ә) аспаннан; б) жолдан.

Аяғы аспаннан келу (Ыңғайсыздану)

2. Бөркін аспанға ...

а) алу; ә) тастау; б) лақтыру.

Бөркін аспанға лақтыру (Қуану)

3. Көз ашып ...

а) жұмғанша; ә) бергенше; б) қарағанша.

Көзді ашып-жұмғанша (Жылдам)

4. Мойынынан ...

а) құю; ә) кету; б) ағу.

Мойынынан су кету (Шаршау)

5. Төбе шаш ...

а) сұрту; ә) тік тұру; б) жуу.

Төбе шашы тік тұру (Қорқу).

6. Қас пен көздің ...

а) алдында; ә) арасында; б) жағасында.

Қас пен көздің арасында (Тез).

III. «Сөз зергері» сайысы.

«Арқан» сөзі қай шаруашылыққа жатады?

а) мал шауашылығы; ә) егін шауашылығы;

б) өндіріс.

«Асатаяқ» қай топқа жатады?

а) оқу құралы; ә) еңбек; б) музыкалық аспап.

«Шаһар» қандай сөз?

а) көнерген сөз; ә) жаңа сөз; б) кірме сөз.

«Жеті жарғы» нелер жиынтығы?

а) әндер топтамасы; ә) заңдар жиынтығы;

б) партия өкілдері.

IV. Блиц-турнир.

1-топтың сұрақтары:

1. Әр елдің туын зерттейтін ғылымды қалай атайды? (Геральдика)
2. Сенат депутаттары не шаруамен айналысады? (Заң)
3. Қазақстанның эмблемасында қай жануар? (Барыс)
4. Көп тіл білетін адамды қалай атайды? (Полиглот)
5. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)
6. Шығыстың Аристотелі кім? (Әбу Насыр әл Фараби)
7. Астананың символы не? (Бәйтерек)
8. Рәміздер қай жылы қабылданды? (1992 жылы 4 маусым)
9. Ата Заң қай жылы қабылданды? (1995 жылы 30 тамыз)
10. Ұлттық валюта қай жылы айналымға енді? (1993 жылы 15 қараша).

2-топтың сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы елтаңбасының авторлары кім? (Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев)
2. Тіл туралы заң қашан қабылданды? (1997 жыл 11 шілде)
3. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? (түркі тілдер)
4. Абайдың неше қарасөзі бар? (45)
5. Ұлы жүздің төбе биі кім болған? (Төле би)
6. Үш жүздің басын біріктірген хан кім? (Абылай хан)
7. Неологизм дегеніміз не? (жаңа сөздер)
8. Лексика нені зерттейді? (Сөз және оның мағынасын)
9. «Қазақ хрестоматиясы» қай жылы жарық көрді? (1879 жыл)
10. Алғашқы қазақ мектебін ашқан кім? (Ы.Алтынсарин)

V. Жаңылтпаш айтып жарысу.

Есте сақтағанын жаңылмай тез жеткізу.

1) Байпағым аппақ,

Бақайым да аппақ,

Бақайым байпағымнан да аппақ.

2) Құмда құйын ойнайды,

Құйын қиын ойнайды,

Әр нәрсені іліп ойнайды.

Бақтыгүл ҚАЛЫМОВА,
Жамбыл орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Атырау қаласы,
«Жаңаталап» ауылы.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Сабақтың мақсаты – балаларға Ыбырай әңгімелерінің көтерген маңызды тақырыптарын, сол тақырыптарға қандай мақсат көздеп барғанын, әсіресе, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөліп, бүкіл ерік-жігерін соны жүзеге асыруға жұмылдырғанын, әңгімелерінің көркемдік сипатын, айтар идеяларының жасампаздық күш-қуатын, қарапайым тілінің құдіреттілігін терең ұғындырып, тәлімдік тағылымына терең бойлату. **Міндеттері:** **а) білімділік** – оқушыларға әңгіме жанрының ерекшелігін айта отырып, Ы.Алтынсарин әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын, қоғамдық мәнін түсіндіру. Ыбырай әңгімелерін оқушыларға қысқаша мазмұндата отырып, оның шынайы өмірден алынғандығына назар аударту; **ә) тәрбиелік** – оқушыларды Ыбырай әңгімелеріндегі кейіпкерлердің жақсы мінез-құлық, орынды іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, қамқорлық жасауға баулу; **б) дамытушылық** – оқушылардың ой еркіндігін, эстетикалық сезімін ояту. Әңгімедегі көркем сөз айшықтарын білгізу, қысқаша мазмұндату арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Түрі: жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** Ы.Алтынсариннің шығармашылығына байланысты слайд, «Таза бұлақ» кітабы, т.б.
Әдісі: СТО стратегиялары, сұрақ-жауап, ойталқы.

Сабақтың барысы:

I. Үй тапсырмасын тексеру.

II. Жаңа сабақ.

Қызығушылықты ояту.

- Қазір үнтаспадағы шығармаға құлақ түрейік.

- Балалар, бұл шығарма сіздерге таныс па? Шығарманың аты мен авторын атаңдаршы.

- Дұрыс, балалар. Бұл – Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесі. Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы

«Ыбырай әңгімелерінің тәрбиелік мәні». **Лексикалық тақырып: «Тәрбие – адамдықтың түп қазығы».**

Сабақтың мақсатымен оқушыларды таныстыру.

Мағынаны тану. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Әке мен бала, т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағындырылған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті.

I слайд: Тіршілік тірегі – еңбек. Тәрбие басы – тал бесік.

Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік, тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен

бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы, «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару – Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың нысанасы – әңгімедегі тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті, күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз.

II слайд: «Отбасы тәрбиесі, негізгі тірек – ана, әке».

Осы ойымыздың дұрыстығын таныту үшін сіздерге отбасы тәрбиесі шын мәнісінде көрініс беретін мына шығармаларына тоқталып, талдап көрейік. Бірінші топқа «Әке мен бала» әңгімесі, екінші топқа «Шеше мен бала», үшінші топқа «Бақша ағаштары» әңгімелері беріледі. Әр топ өзіне берілген шығарманың қысқа мазмұнын айтып, шығарманың негізгі ойын, идеясын анықтауы керек және шығарманың композициялық жоспарын жасап ұсынуы қажет.

Оқушылардың жұмысын тыңдау.

- Сонымен, бұл әңгімелерде ортақ желі бар ма?

Оқушылар пікірін тыңдау.

Қорытынды түйін: Әке мен ана – баланы өмірге әкелетін, асырап сақтайтын қамқоршысы, баланы жақсы мінез-құлыққа тәрбиелейтін бас ұстазы екен.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қорытындыға келу.

Екі жақты күнделік стратегиясы. Жеке оқушылармен жұмыс. Әңгімеден үзінді берілген, үзіндіге байланысты өз пікірлерін

нақыл сөздермен білдіреді.

III слайд: Зияткерлік тест. Шашылған сөздерден сөйлем құра. Қай шығармадан алынған?

А) ауырды, жәшігім, салдым, мен, ішіне, жеңілдететін, бір, шөп. (Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым.)

Ә) барында, жоқ, бағу-қағуда, шек, көп, шырағым, мағына. (Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым.)

Б) тап,көп, жұмысты, аз, қиынсынсаң, боласың, жұмысқа.(Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың.)

Шығарма аты мен шығармадан алынған үзіндіні сәйкестендір.

Сәтемір хан	Мына сүрлеу – бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен, малдың жас тезегі бар.
Бір уыс мақта	Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен?
Шеше мен бала	Бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады, орта шеніне барғанда құлап түседі, үшінші рет бар күшін салып қисая-мисая барып тамның төбесіне шығады.
Бай баласы мен жарлы баласы	Әже, осы қықымның ешнәрсеге керегі бола қоймас.
Бақша ағаштары	Мен балаға ақша беріп сатып алып, құсты ұшырып қоя бердім. Менің бұл ісім сауап емес пе?

Артық кейіпкерді тап:

- Өрмекші, қоңыз, қарлығаш, құмырсқа.
- Молда, бақташы, саудагер, жас жігіт.
- Әлім, жылан, патша, айлакер бала.

Интерактивті тақтамен жұмыс.


Жалғасын тап:

- Әдепті бала, әдепсіз бала.....
- Балапан ұяда не көрсе,.....
- Сын, мін.....
- Жақсының үлгісі.....
- Әдепсіз өскен, түзу өскен.....

Ұлылар үндестігі. Венн диаграммасы.

Қазақтың маңдайына біткен ұлтжанды тұлғалары аз емес. Ыбырай заманында қазақ халқы үшін жаны күйзелген, толғаулы қара сөздер жазған ұлы ақын – Абай тұлғасы мен Ыбырай тұлғасын

салыстырып, олардың азаматтық тұлғасындағы ұқсастықты саралап көреді.



Топтастыру стратегиясы.



Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: 1) Ыбырай шығармаларына сүйене отырып, шағын әңгіме жазу; 2) Ыбырай әңгімелерінен біреуін алып, кейіпкеріне хат жазу.



Жадыра МАКСИМҚЫЗЫ,
Орал қаласындағы
№21 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Сабақтың мақсаты – ең алдымен, грамматикалық тақырып – «Етістіктің болымды, болымсыз түрлері» жөнінде анықтамаларын нақты мысалмен дәлелдеп, бір-бірінен негізгі айырмашылықтарын жетік білуіне көмек беріп, Ыбырай әңгімелері

маңызды тақырыптарға арналғанын, көтерген идеяларының мәңгілік өміршеңдігін, көркемдік тілінің қарапайымдылығын, өте түсініктілігін нақты мысал дәлелдермен оқушылардың жүрегіне жеткізіп, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтіп, жетілдіру.

Міндеттері: а) **білімділік** – оқушылардың Ыбырай өмірі мен шығармашылығын қалай меңгергендігін пысықтау; әңгімелерінің тақырыбын ашу; ә) **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойын ашық айта білуге және өз пікірін қорғай білуге баулу; б) **тәрбиелік** – оқушыларды адалдыққа, мейірімділікке, жақсы жолдас бола білуге баулу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы.

Сабақтың барысы:

I. Қызығушылықты ояту.

Сыныпты 3 топқа бөлу, топ басшыларын белгілеу және топ басшыларына бағалау парағын тапсыру.

II. Үй жұмысын тексеру. «Деректер сөйлейді» тапсырмасы (Сандар арқылы Ы.Алтынсариннің өмірбаяны мен шығармашылығын айту)

III. Етістіктерді қайталау Етістік – ? Тұлғасына қарай – ? Құрамына қарай – ? Мағынасына қарай – ? Мысалдар келтіру.

IV. Оқушы білімін тексеру. Көп нүктенің орынына қажетті етістіктерді қойып, талдау жасаңыз.

Кел, балалар, , Оқығанды көңілге
Ықыласпен! , балалар,
Шамнан шырақ Тілегенің алдыңнан
..... -

V. Жаңа грамматикалық тақырып.

Етістіктің болымды, болымсыз түрі.

Етістік іс - әрекеттің жүзеге асу – аспауына қарай болымды және болымсыз болады. Іс-әрекеттің жүзеге асқанын білдіретіні – болымды етістік. Мысалы: алды, жаздыр. Болымсыз етістік іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді. Етістікке ма, - ме, -па, -пе, -ба, -бе жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: өшірмеген. Етістікпен жоқ, емес сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады: өшірген жоқ, өшірген емес

VI. Ыбырай Алтынсарин әңгімелері:

«Әдеп»

«Жаман жолдас»

«Мейірімді бала»

I. Әңгіме аты:
II. Әңгіме авторы:
III. Әңгіме кейіпкерлері:
IV. Әңгіме арқауы:
V. Оқиға желісі:
VI. Әкім мен кедей әрекеті:
VII. Әкім мен кедей бейнесі:
VIII. Осы жағдайдағы сіздің әрекетіңіз:

I. Әңгіме аты:
II. Әңгіме авторы:
III. Әңгіме кейіпкерлері:
IV. Әңгіме арқауы:
V. Оқиға желісі:
VI. Әлсіз адам мен мықты жас жігіт әрекеті:
VII. Әлсіз адам мен мықты жас жігіт бейнесі:
VIII. Осы жағдайдағы сіздің әрекетіңіз:

I. Әңгіме аты:
II. Әңгіме авторы:
III. Әңгіме кейіпкерлері:
IV. Әңгіме арқауы:
V. Оқиға желісі:
VI. Қыз бен патша әрекеті:
VII. Қыз бен патша бейнесі:
VIII. Осы жағдайдағы сіздің әрекетіңіз:

VII. «Қарама-қарсы элементтер» стратегиясы.

«Әдеп»

«Жаман жолдас»

«Мейірімді бала»

Бай –

Ауру жігіт –

Әке –

Сәлем береді –

Әлсіз –

Алдайды –

Әдепті –

Жерге құлады –

Қолын бермейді –

Жерден тұрды –

Жазықты –

Жауап берді –

Жазасын өтемейді –

VIII. «Пікірталас» стратегиясы. «Әдеп» әңгімесі.

«Кішіпейілділіктен кішіреймессің» - Кішіпейіл адам қандай болу керек?

«Жаман жолдас» әңгімесі.

«Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа».

- Қандай жолдаспен дос болу керек?

«Мейірімді бала» әңгімесі.

«Адам болатын бала алысқа қарайды» - Мейірімділікті қалай түсінесіз?

IX. Болымды, болымсыз етістікті бекіту.

Береді, алады, иесіз, болып, қалайын ба етістіктерін болымсыз түрінде жазыңыз. *Кездеседі, кетеді, жатады, барды* етістіктерін болымсыз түрінде жазыңыз. *Кесетін, болыпты, кешіріпті, депті* етістіктерін болымсыз түрінде жазыңыз.

X. Әңгімелерді бекіту.

«Әдеп» әңгімесі

Мәтіннің мазмұнын толықтырып, қате сөйлемдерді түзеп,

болымсыз етістіктерді болымды түрге қойыңыз.

Әкім кедеймен сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір бай өтіп бара жатып амандаспайды. Оған өтіп бара жатқан әкім сәлем береді.

Қасындағы кедей:

- Сіз әкім бола тұра, неге байға сәлем бересіз? – дейді.

- Сонда әкім: - Байға сәлем бермеу – әдепсіздік.

«Жаман жолдас» әңгімесі.

Мәтіннің мазмұнын толықтырып, қате сөйлемдерді түзеп, болымсыз етістіктерді болымды түрге қойыңыз.

Бір адам жолда келе жатып, қасқырға кездеседі. Ол мықты, бірақ ауру екен. Оған қарсы әлсіз қарт шығады. Мықты, бірақ ауру жігіт қасқырдан қорқып, ағаштың басына шығып кетеді. Ал әлсіз қарт болса, қасқырдан қаша алмай жерге “өлген кісідей” жата қалады. Қасқыр жерде жатқан қартты иіскейді де кетіп қалады.

Сонда ағаштан түскен адам:

- Қасқыр сізге не деді? – деп сұрапты.

- Қасқыр маған: «Қиындықта көмектеспейтін адаммен сөйлеспе», - деді.

«Мейірімді бала» әңгімесі.

Мәтіннің мазмұнын толықтырып, қате сөйлемдерді түзеп, болымды етістіктерді болымсыз түрге қойыңыз.

Неміс халқында жаңа заң бар. Біреуге көмектессең, адамның аяғын кеседі. Әйел біреуге көмектесіп, кінәлі болыпты. Анасын жазадан құтқарамын деп, оның баласы патшаға келіп, өз аяғын кесуді өтінеді. Сонда патша баланың ісіне риза болып, анасын жазадан босатыпты.

XI. Ой-толғаныс. «РАФТ» стратегиясы. Әңгіме кейіпкерлеріне хат жазу.

XII. Бағалау, топ басшыларының бағалауы бойынша баға қою.

XIV. Үйге тапсырма: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері туралы өз ойларыңды жазыңдар. Әңгімелер неге шақырады? Әңгімелердің қайсысы сізге ұнады және неліктен ұнады? Жағымды кейіпкерлердің қайсысы сіздің мінезіңізге лайық?

Нұржамал МЕНДІБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№118 мектеп-гимназияның
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ӘН-КҮЙ САБАҒЫ

(2-сынып)

Мақсаты – жеке тұлғаны қалыптастыру ісінде ән-күй сабағының атқаратын рөліне жан-жақты тоқталып, қазақ халқының мәдениетінде, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беру ісінде ән мен күйдің алар орынын айқындап, балалардың өнерге деген құштарлығын күшейтіп, дарынын ұштауға күш салу. **Міндеттері:** а) білімділік – тақырып бойынша берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгерту. Сөйлем құрауға, ән айтуға үйрету; ә) дамытушылық – оқушылардың тілін, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; б) тәрбиелік – оқушылардың ән-күй сабағына, ән айту өнеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу, ананы құрметтеуге баулу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндірмелі, әңгімелеу, сыни тұрғыдан ойлау. **Пәнаралық байланыс:** ән-күй сабағы. **Көрнекілігі:** компьютер, домбыра, ұлттық аспаптардың түрлері, ұнтаспа, слайдтар, М.Мақатаевтың және Н.Тілендиевтің портреттері.

Сабақтың барысы :

I. Ұйымдастыру: 1. Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау. 2. Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. 3. Тіл дамыту минутын өткізу (Бүгін қандай пәндер болады?).

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

1. Тақырыпты хабарлап айтып, мақсатымен таныстыру, тақтаға жазу.

I. Қызығушылығын ояту.

- Балалар музыканың қандай түрлерін білеміз?
- Көңілді, марш, мұңлы.
- Музыканы бізге не жеткізеді?
- Музыкалық аспаптар.
- Қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер? (музыкалық аспаптарды көрсету.)

- Осы музыкалық аспаптардың ең танымалы қай аспап?

- Домбыра.

- Олай болса, балалар, бүгін маған сабақ жүргізуге қасиетті домбыра көмектеседі. Бұл домбыра – жай домбыра емес, сиқырлы домбыра. Бұл домбыра дұрыс жауап естісе, өзінен-өзі музыка тартады.

II. Мағынаны таныту.

2. Оқулықпен жұмыс. Сөздік жұмысын жүргізу (жаңа сөздермен таныстыру, сөздік дәптеріне жаздыру).

- Жаңа сөздермен сөйлем құрау, оны жұмыс дәптеріне жаздыру.

3. Дәптермен жұмыс. 1-жаттығу – сөздерді оқу, аудару, қайталау. 2-жаттығу – мәтінді оқу, орыс тіліне аудару. 3-жаттығу – Суретпен жұмыс ұйымдастыру, сөйлем құрау, оны жазу әңгімелеу.

4. - Ал енді бүгін біз сендермен ән үйренеміз. Балаға ең жақын адам кім?

- Ана.

- Анаға қандай құрмет көрсету керек? (әңгімелету).

Өлеңді оқып, аудару, мазмұнын түсіндіру.

Өлеңді хормен орындау.

III. Ой қорыту.

«Зерделі сұраққа – ұтымды жауап»:

- Бүгін қай тақырыппен таныстық? Қандай жаңа сөздермен таныстыңдар? Бүгін сабақ жүргізуге қандай аспап көмектесті? Қандай жаңа ән үйрендіңдер? Ол кім туралы?

Шығармашылық жұмыс. Сөзжұмбақ шешу.

6. Үйге тапсырма: 6-жаттығу, өлеңді жаттау.

7. Оқушылардың жауабын бағалау.

Гүлсима КҮРЛЕУТОВА,
Павлодар облысының
Ақсу қаласындағы
№7 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

(8-9-сыныптар)

Ойынның мақсаты: оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу; халқымыздың дәстүріне, мәдениетіне және тарихына сүйіспеншіліктерін арттыру және сыйластықпен қарауға тәрбиелеу; жас тұлғаны шығармашылыққа дамуына ахуал туғызу; оқушылардың өз елін, өз жерін танып-білуге жағдай туғызу.

Ұйымдастыру кезеңі, әділқазыларды тағайындау, дұрыс жауапқа 10 ұпай берілетінін айту.

К.Станиславский айтқандай: «Дәстүрді қорғай білу – өз еліңнің дамуына жол беру»

Бірінші айналым:

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері»

1. Наурыз мейрамында дайындалатын дәстүрлі тағам қалай аталады? Оны атаңыздар. Наурыз көже 7 тағамнан жасалады: бидай, тары, ет, тұз, сүт, құрт, су). 2. Киіз үйдің бөліктерін атаңыздар (шаңырақ, уық, кереге, есік). 3. Балаға байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер? (тұсаукесер, бесікке салу, т.б.). 4. Қалыңдықтың бас киімі қалай аталады? (*Головной убор невесты* – сәукеле) 5. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін атаңыздар? (Жұмбақтар, мақал,

мәтелдер, ертегілер).

1-айналымды қорытындылау. Ұпай аз жинаған екі оқушымен қоштасамыз.

Екінші айналым – «География»:

1. Қазақстанда неше облыс бар? (14) 2. Қазақстандағы ең ұзын өзенді атаңыздар. (*Ертіс өзені, 1700 км*) 3. Батыс Қазақстанда не өндіріледі? (*Мұнай*) 4. Қазақстанның қай аймағы Сарыарқа деп аталады? Ол қай облыстарды қамтиды? (*Орталық Қазақстан – Қарағанды, Жезқазған аумағын және Ақмола, Павлодар облысының біраз бөлігі*). 5. Қазақстанның ұлы ғалым-геологын атаңыздар. (*Қ.И.Сәтбаев*)

2-айналымды қорытындылау. Ұпайды аз жинаған екі оқушымен қоштасамыз.

Үшінші айналым – «Мақалды жалғастыр»:

Жүргізуші мақалдың басын оқиды, ал ойыншылар жалғастырады. Дұрыс жауапқа – 10 ұпай.

1. Отанды сүйю ... (*отбасынан басталады*) 2. Отансыз адам ... (*ормансыз бұлбұл*) 3. Отан үшін күрес – ... (*ерге тиген үлес*) 4. Туған жер ... (*алтын бесік*) 5. Туған жердің ауасы да ... (*шипә*) 6. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ... (*ел болмас*) 7. Әркімнің өз жері - ... (*жұмақ*) 8. Кісі елінде сұлтан болғанша, Өз елінде ... (*ұлтан бол*) 9. Туған жерге ... (*туың тік*) 10. Отан – оттан да ... (*ыстық*)

3- айналымды қорытындылау. Ұпайды аз жинаған екі оқушымен қоштасамыз.

Төртінші айналым – «Қайсысы артық?»:

Балаларға белгілі адамдар, қала аттары, т.б. сөздер беріледі, ал олар жалпы бір түсінікке жатпайтын артығын тауып, түсініктеме береді:

1. Сәукеле, кереге, шаңырақ (*сәукеле – қалыңдықтың бас киімі; кереге, шаңырақ – киіз үйдің бөліктері*)
2. Амангелді Иманов, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев (*А.Иманов – революцияның жетекшісі, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев – ғалымдар*)
3. Орынбор, Қызылорда, Семей (*Орынбор, Қызылорда – бұрынғы Қазақстанның астаналары, Семей қаласы астана болған жоқ*)
4. Бөгенбай, Абылай, Әбілқайыр (*Бөгенбай – батыр, Абылай, Әбілқайыр – хандар*)
5. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Құрманғазы Сағырбаев (*Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин – ғалымдар, Қ.Сағырбаев – күйші*)

4-айналымды қорытындылау. Ұпайды аз жинаған екі оқушымен қоштасамыз.

Бесінші айналым: «Бәйге».

Оқушылар 1 минут ішінде сұрақтарға тез және дұрыс жауап берулері керек. Дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

1-ойыншының сұрақтары:

1. Ақындар жарысы – ... (айтыс)
2. Қазақстандағы ең үлкен көл – ... (Балқаш)
3. Қазақстанның ең бірінші астанасы – ... (Орынбор)
4. Қазақстанның тәуелсіздік күні – ... (16 желтоқсан)
5. Мемлекеттік рәміздер – ... (елтаңба, ту, әнұран)

Әділқазылар 1-ші ойыншының ұпай санын айтады.

2-ойыншының сұрақтары:

1. Қазақстан қандай мемлекет? (тәуелсіз)
2. Елтаңба, ту, әнұран - ... (рәміздер)
3. Әнұранның музыкасын кім жазды? (Шәмші Қалдаяқов)
4. Бауырсақ, көже, шұжық – ... (ұлттық тағамдар)
5. Шілдеhana, бесікке салу, тұсау кесу – ... (қазақ халқының салт-дәстүрлері).

Әділқазылар 2-ші ойыншының ұпай санын айтады.

5-айналымды қорытындылау.

Жеңімпазды анықтау.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 02.05.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1510. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – “Према” ЖШС.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№5, 2013 ж., 144 бет, Алматы.